

**СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

**ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА**

**«УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМЫ – АЙМАҚТЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ОРТАСЫ»**

тақырыбында «Уәлиев оқулары-2024»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

I бөлім

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

«Увалиевские чтения-2024» на тему:

**«УНИВЕРСИТЕТСКАЯ НАУКА – СРЕДА ДЛЯ
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА РЕГИОНА»**

Часть I

COLLECTION OF MATERIAL

International scientific and practical conference

«Uvalievsky Readings-2024» on the topic

**«UNIVERSITY SCIENCE – AN ENVIRONMENT FOR
ECONOMIC GROWTH OF THE REGION»**

Part I

Бас редактор:

Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,

**С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор,
профессор, PhD**

Бас редактордың орынбасары:

Ровнякова Ирина Владимировна,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасының орынбасары - стратегиялық даму және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор, п.ғ.к.

Редакция алқасы:

Алимбекова Нурлана Бауржановна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, PhD;

Мукажанов Еркат Бигалиевич, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма мүшесі – экономикалық мәселелер және цифрландыру бойынша проректор, ф.-м.ғ.к.;

Қалимолдина Жаннета Амангелдіқызы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор;

Шарапиева Гульнур Даулетхановна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылым және ғылыми жобаларды коммерциализациялау бөлімі жетекшісі;

Адиқанова Салтанат, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің IT және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің деканы, PhD;

Оразалин Слямбек Калибекович, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, т.ғ.к.;

Куленова Гульнара Борисовна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің педагогика жоғары мектебінің деканы, мед.ғ.к.;

Апышева Асель Ануарбековна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің экономика және құқық жоғары мектебінің деканы, э.ғ.к.;

Ислямова Сара Аскаровна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Берел» баспасының директоры

У 58 **«Университет ғылымы – аймақтың экономикалық өсу ортасы»** тақырыбында «Уәлиев оқулары-2024» Халық. ғыл.-тәжір. конф. матер. жинағ. = Сб. матер. Междун. науч.-практ. конф. «Увалиевские чтения-2024» на тему: **«Университетская наука – среда для экономического роста региона».** – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2024. – 342 б. – I бөлім.

ISBN 978-601-314-791-8

«Университет ғылымы – аймақтың экономикалық өсу ортасы» тақырыбында «Уәлиев оқулары-2024» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жинақталған. Мақалалар математика, физика және ақпараттық технологиялар саласындағы ғылыми және қолданбалы аспектілер; жаратылыстану ғылымдары және экология саласындағы зерттеулер; психология және педагогика саласындағы ғылыми және қолданбалы аспектілер, STE(A)M-білім беру; тарих, философия, саясаттану және халықаралық қатынастар саласындағы ғылыми және қолданбалы аспектілер; экономика, мемлекеттік басқару және құқық саласындағы ғылыми және қолданбалы аспектілер; филология, журналистика және музыка саласындағы инновациялар; ғылымның әртүрлі салаларындағы зерттеу қызметіндегі алғашқы қадамдар саласындағы зерттеулерге арналған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Увалиевские чтения-2024» на тему «Университетская наука – среда для экономического роста региона». Статьи посвящены исследованиям научные и прикладные аспекты в области математики, физики и информационных технологий; исследования в области естественных наук и экологии; научные и прикладные аспекты в области психологии и педагогики, STE(A)M-образование; научные и прикладные аспекты в области истории, философии, политологии и международных отношений; научные и прикладные аспекты в области экономики, государственного управления и права; инновации в области филологии, журналистики и музыки; первые шаги в исследовательской деятельности в различных областях науки.

ӘОЖ 33
КБЖ 65

ISBN 978-601-314-791-8

© С. Аманжолов атындағы ШҚУ, 2024

1-СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ ХИМИЧЕСКОЙ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

THE THEORETICAL AND APPLIED ASPECTS OF MODERN CHEMICAL SCIENCE AND EDUCATION

ӘОЖ 372.82

8-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМІ ЖӘНЕ СЫНЫПТАҒЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН БАҒАЛАУ

Бекеева А.М.

Ғылыми жетекші: Мукажанова Ж.Б., PhD, химия кафедрасының
қауымдастырылған профессоры м.а.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл зерттеу 8-сынып оқушыларының химия пәнінен академиялық үлгерімін және сыныптағы оқыту үдерісін бағалауға арналған. Зерттеудің мақсаты – химия пәнін оқыту барысында оқушылардың білім деңгейі мен олардың пәнге деген қызығушылықтарын анықтау, сондай-ақ оқыту әдістері мен оқушылардың оқу мотивациясы арасындағы байланысты зерттеу. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру және оқыту сапасын жақсарту өте маңызды болып табылады. Осыған байланысты зерттеуде 8-сынып оқушыларының академиялық үлгерімі әртүрлі факторларға, соның ішінде мұғалімнің кәсіби шеберлігі, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер және оқушылардың жеке ерекшеліктері арқылы бағаланды. Оқушылардың химия пәнінен алған білімдерін тексеру және талдау барысында олардың сабаққа қатысу деңгейі, тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен сапасы, сондай-ақ пәнге деген қызығушылықтары да ескерілді. Жұмыс нәтижесінде оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулар әзірленді.

Кілт сөздер: химия пәні, академиялық үлгерім, 8-сынып оқушылары, оқу мотивациясы.

Біздің еліміздің білім беру жүйесінің қазіргі кездегі бағыты оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру және оларды тәуелсіз, бейімделгіш тұлға болуға дайындау болып табылады. Бұл оқу процесіне педагогикалық көзқарастардың түбегейлі өзгеруін білдіреді, ақпаратты өз бетінше іздеуге және сыни ойлауға қабілетті

интеллектуалды дамыған, белсенді, өзін-өзі бақылайтын тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі жағдайда жалпы білім беретін мектеп оқушыларының рухани дамыған тұлғаны қалыптастыру жолындағы үлгерімінің төмендігі мәселесін шешу қажет. Үлгерімі төмен оқушыларды тексеру кезінде танымдық іс-әрекеттің белгілі бір құрылымдық байланыстарын қалыптастырудың әртүрлі деңгейлерімен байланысты дамудың көп өлшемділігі байқалады. Бұл оқу қабілетсіздігіне әкелетін көптеген себептердің айқын көрінісі.

Білім беру орындарында жүргізілген диагностикалық зерттеулер, тексерулер мен әдістемелік көмек көрсету барысында көбінде мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер үлгерімі төмен оқушыларға көңіл аударма бермейді.

Жұмыстың мақсаты: Химия пәнінен 8-сынып оқушыларының академиялық үлгерімін талдау және мұғалімнің пәндік-дидактикалық дайындығының үлгерімге әсерін зерттеу.

Бүгінгі білім берудің мақсаттары сүйене отырып, білім беру процесінде мұғалімнің рөлі маңызды орын алады деп тұжырымдалады. Бұл құзыреттілік және жүйелік-белсенділік тәсілдерінің логикасында негізгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мұғалім мен оқушының субъектілік қатынастарын қарастыратындығына байланысты.

Педагогикалық әдебиеттегі субъективтілік «адамның өз өмірін практикалық трансформацияға айналдыру қабілеті, яғни өз әрекеттерін басқару, өз жолдарын жоспарлау, жоспарланған бағдарламаларды жүзеге асыру, прогресті бақылау және нәтижелерді бағалау, мақсатқа жету жолдарын ойлау» ретінде қарастырылады. Субъект болу дегеніміз – өз өміріне қатысты белсенді, авторлық позицияны иелену, оны саналы және мақсатты түрде құру» білім алушыларда мұндай позицияны дамыту әр мұғалімнің маңызды міндеті болып табылады.

Мұғалім мен білім алушылардың бірлескен жұмысы қазір оқыту білімнің қарапайым трансляциясы ретінде қарастырылмайды, бірақ іскерлік ынтымақтастық ретінде әрекет етеді. Қазіргі сабақта мұғалімдер білім беру процесінде белсенді және құзыреттілік тәсілдерді жүзеге асырумен байланысты жаңа кәсіби рөлдерді игеруі керек: тәуелсіз белсенді танымдық қызметті ұйымдастырушы, кеңесші, білім беру процесінің менеджері, фасилитатор, тьютор, сарапшы және тағы басқа.

Педагог білім беру процесінің менеджері ретінде оқу және оқу-әдістемелік құралдарды, ақпараттық көздерді таңдайды, оқыту және тәрбиелеу технологияларын модельдейді, білім алушыларды сүйемелдеу процесін жүзеге асырады, білім беру сапасына мониторинг жүргізеді, әдістемелік жұмыс жүргізеді, білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысады.

Қазіргі оқу сабағындағы мұғалімнің рөлі білімді дайын түрде беру емес, білім алушылардың өздері танымдық, зерттеу қызметі процесінде, нақты өмір мәселелерімен тікелей байланысты тапсырмалармен жұмыс жасауда білім алуы үшін жағдай жасау болып табылады.

8-сынып оқушыларының химия пәнінен академиялық үлгерімі: сыныптағы оқыту үдерісін бағалау және жетілдіруді ұйымдастыру барысында алдымен берілген зерттеу нысаны бойынша өзімізге қажетті ақпараттар мен осы ақпараттар негізіндегі мақсатқа жету үшін шешу қажет міндеттердің тізбесін жасап алу қажет болды. Зерттеу жұмысына қажетті негізгі ақпараттар қатарына оқушылардың тізімі, БЖБ, ТЖБ бойынша химия пәнінен қорытынды бағалары жинақталды. Осы жинақталған ақпараттар бойынша оқу үлгеріміне қатысты тікелей сауалнама жасалды. Сауалнаманы жасаудағы мақсат оқушылардың химия пәні бойынша үлгерім айырмашылықтарының себебі, егер төмен болса оған не әсер ететінін анықтау және оны шешу жолдарын қарастыру болып табылды. Жоғарыда атап кеткендей, мақсатқа жету үшін шешу қажет міндеттердің тізбегі төмендегідей:

- мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларын тексеру мәселесі бойынша дидактикалық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік-әдібиеттерге талдау жүргізу;

- анықталатын игеру нәтижелерінің объективті көрінісін ұсынатын тексерудің әдістемелік міндеттеріне сәйкес келетін білімді тексеру жүйесін анықтау;

- игеру нәтижелерінің объективті деректерін алуға ықпал ететін әдістемелік жағдайларды анықтау;

- оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын аралық талаптарды құрастыру критерийларын анықтау;

- жүйеде білім мен дағдыларды тексеру әдістемесін әзірлеу, білім мен дағдыларды тексеру жүйесінің объективті игеру нәтижелерін алуға әсер ету сипатын анықтау, химия бойынша білімді игеру деңгейін арттыру.

Қойылған міндеттерді шешуде келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- нормативтік құжаттарды, орта жалпы білім беретін мекемелердің қолданыстағы бағдарламаларын талдау, зерттелетін мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және теориялық талдау;

- химия мұғалімдерінің оқушылардың білімі мен іскерлігін тексеру бойынша тәжірибесін зерделеу және талдау;

- химия сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін бақылау, олардың сауалнамасы, нәтижелерін салыстыру және жалпылау;

- педагогикалық эксперимент және алынған нәтижелерді түсіндіру.

Оқушылардың химиядағы академиялық үлгерімі және мұғалімнің пәндік дидактикалық дайындығы өзара байланысты және сыныптағы оқу процесіне тікелей әсер етеді. Оқу процесін бағалау және жетілдіру әртүрлі аспектілерді, соның ішінде, оқытуды қолдауды, сыныпты ұйымдастыруды және эмоционалды қолдауды ескеруді талап етеді.

Интернет және заманауи техникалық құралдар бүгінде балалар мен жасөспірімдер өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Интернет және заманауи техникалық құралдардың таралуы олардың өмірінің барлық салаларына сөзсіз әсер етеді. Зерттеушілер қазіргі балалар мен жасөспірімдерді

әлеуметтендірудің жаңа форматының пайда болуын атап өтеді - бұл цифрлық әлеуметтену.

Қазіргі әлемде психикалық және тұлғалық қалыптасудың толыққанды механизмі ретінде цифрлық әлеуметтенудің сөзсіз маңыздылығы оның жеке сипаттамаларын өздері де, олардың балалар мен жасөспірімдердің әртүрлі іс-әрекеттердегі жетістіктеріне әсері тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Мектептегі білім беру кезеңіне қатысты ең көп талқыланатын мәселелердің бірі балалар мен жасөспірімдердің онлайн-белсенділігінің олардың оқу қызметінің тиімділігіне әсері мәселесі болып табылады.

Қорытындылай келе, қазіргі оқушы – мемлекетіміздің басты тірегі. Сол үшін саналы, ақылды, білімге құштар, ойы озық, ұтқыр балалардың қабілетін байқап, оларды алғашқы кезден жетелеу мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Болашақтағы оқушының жеткен жетістігі – мұғалімнің оған құйған еңбегінің жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кукушин В.С. Теория и методика обучения. - Ростов-н/Д, 2015 г.
2. Құдайбергелен Ұ.Н., «Мектеп және колледж оқу орындарында білім берудің заманауи технологияларын қолдану», Алматы. 2019.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать. - Алматы, 2014.
4. Теория и практика непрерывной общеобразовательной естественнонаучной подготовки в системе «колледж-вуз» (на примере химии): Монография / Н. Н. Двучичанская, Е. И. Тупикин. – М.: Изд-во МГТУ им. Э. Н. Баумана, 2016.
5. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдістемесі. Алматы, 2016. – 340 б.

УДК 594.3

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ АХАТИНЫ ФУЛИКИ (LISSACHATINA FULICA)

Булатханова К., Рыболова Д.

Научный руководитель: Карменова Б.К., сениор-лектор
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: 7779946412k1@gmail.com

Ахатина фулика (*Lissachatina fulica*) относится к классу брюхоногих моллюсков (*Gastropoda*), который является одним из самых крупных классов моллюсков. *Lissachatina fulica* — крупный наземный моллюск, представитель семейства ахатинид (*Achatinidae*), известный своими впечатляющими размерами, необычайной приспособляемостью и способностью к быстрому распространению.

Улитка выглядит эстетично благодаря своей выразительной внешности. Раковина ахатины имеет сложную окраску, часто представленную богатой

палитрой теплых оттенков – коричневого, бежевого, красноватого, с желтыми или оранжевыми полосами и пятнами. Тело самой улитки — мягкое, часто сероватого, коричневого, бежевого цвета. Поверхность тела влажная и слегка блестящая, что делает улитку визуально интересной и придает ей особую «мраморную» текстуру.

В этой статье даются сведения о развитии, росте, виде размножения данной улитки под названием «*Lissachatina fulica*»

Причина написания данной статьи заключается в внутреннем интересе, собственном желании, возможности изучить данный вид улитки, узнать и выявить особенности, строение, заинтересовать социум и многих других.

Фотография улитки Ахатины приведена на рисунке 1, 2.



Рисунок 1, 2 – Ахатина фулика (*Lissachatina fulica*) (фото автора)

Ахатины — это гигантские сухопутные улитки, считающиеся одними из крупнейших представителей своего класса. Тела гастропод варьируют от 1 – 60 см, весят от 150 – 250 г, и всё это делает ахатин довольно внушительными по сравнению с большинством улиток.

Раковина ахатин имеет коническую форму и состоит из 7-9 витков. Цвет раковины зависит от среды обитания и рациона: обычно она покрыта полосами, варьирующимися от красновато-коричневых до желтоватых оттенков.

Молодые ахатины начинают свою жизнь, поедая остатки собственного яйца, что служит их первым источником питательных веществ. Улитки достигают половой зрелости в возрасте от 6 до 15 месяцев, в зависимости от климатических условий. Живут ахатины до 10 лет, причем на протяжении всей жизни они продолжают расти. Однако после первых двух лет скорость роста заметно замедляется.

Ахатина фулика (*Lissachatina fulica*) — гермафродиты, где каждая особь обладает и мужскими, и женскими половыми органами. Тем не менее, самооплодотворение среди них — редкое явление. Обычно улитка может продолжать откладывать яйца, используя сперму, накопленную от предыдущего партнёра. Сперма может сохраняться в организме улитки до 2-3 лет, что позволяет ей производить потомство без повторного спаривания. Откладывают

от 100 до 400 яиц за раз, сами яйца небольшие, белые или светло-желтые, их можно хранить закопанными [1].

Ахатины — спокойные и любознательные существа, ведущие строго ночной образ жизни. Днем они обычно отдыхают, закапываясь в землю или прячась в укромных уголках, а выходя в темноту, становятся активными и отправляются в поисках еды и воды. Ахатины — вегетарианцы. Питаются зелёными частями растений и плодами, предпочитая мягкие или разлагающиеся части растений. Основу их рациона составляют: листья салата, огурцы, морковь; яблоки и груши.

Для построения раковины ахатины охотно скоблят известковые породы, раковины мёртвых моллюсков и скорлупу яиц. Ахатина фулика (*Lissachatina fulica*) неприхотлива и не требует сложного ухода. Для содержания подойдет террариум с грунтом, хорошей влажностью (например, кокосовым субстратом), и постоянной температурой около 20–25°C. Также важно регулярно опрыскивать террариумную воду, чтобы поддерживать влажность [2].

В основном обитают в тропических регионах Африки, но широко распространены по всему миру как экзотические домашние питомцы. Ахатины привлекают внимание не только как экзотические питомцы, но и благодаря их роли в косметической индустрии и гастрономии.

Ахатин используют в косметике так как их слизь широко рекламируется как ингредиент косметических продуктов из-за её увлажняющих и восстанавливающих свойств. В косметических продуктах наиболее часто используют секрет улиток, таких как «*Cryptomphalus aspersa*» [3].

Так же улитки получили свою популярность и в гастрономии. По началу улитки и лягушки часто употреблялись в пищу в условиях нехватки продовольствия. Сегодня блюда из улиток считаются деликатесом, и их использование в кулинарии приобрело популярность по всему миру. Мясо улиток ахатин содержит белки и витамины, но стоит заметить, что из-за их специфического вкуса и текстуры такие блюда остаются доступными не для всех. Ахатины нашли своё место как в косметических продуктах, так и на кухнях гурманов.

Ахатина фулика (*Lissachatina fulica*) — уникальный вид наземных моллюсков с интересными биологическими особенностями и удивительной адаптивностью. Несмотря на её потенциальную вредоносность в некоторых регионах, она играет важную роль как объект научных исследований и как экзотический питомец.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Маслова Н.А. Реакция организма и состояние потомства улитки Ахатины гигантской – Красноярск 2022 – 263 с.
2. Э. А. Сафонова, А. П. Томская. Интересная улитка Ахатина, 2019. - №7.2 (27.2). - 20 с.
3. Копытько Я.Ф «Ахатины» - Москва, ВИЛАР – 2022 – 6-7 с.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ ПӘНІНЕН ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫҢ БЕЙІНДІ ОҚЫТУДАҒЫ ОРНЫ

Дүйсенбекова А.Б., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Даутова З.С., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: dujsenbekovaa02@mail.ru

Қазақстандағы білім берудің негізгі мақсаты – мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайының қазіргі заман талаптары мен оның дамуының негізгі бағыттарына сай келетін жаңа сапаға жету болып табылады. Елдің бәсекелестік мүмкіндігі оның білім беру жүйесінің жағдайымен анықталатындықтан және еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік білім беру кеңістігіне ену үдерісі орын алып жатқан тұста мектептің алдында қазіргі заманғы өзгермелі жағдайларда еркін бағдарлана алатын, білім алуын жалғастыруға мүмкіндігі бар, өзінің болашақ қызметінде жетістікке жете алатын бәсекеге қабілетті жеке тұлға дайындау міндеті тұр.

Қазіргі білім беру жағдайында орта мектепте химия пәнінен элективті курстар өзекті бола түсуде. Элективті курстар оқушылардың білімін тереңдетудің, әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандырудың және одан әрі білім алуға және кәсіби іс-әрекетке дайындаудың маңызды құралы болып табылады. Химия – бейіндік мектептердегі негізгі пәндердің бірі және оны бейіндік сыныптарда оқыту өзіндік ерекшеліктерге ие. Оқушылардың химиядан фундаментальды даярлығын қамтамасыз етуде химиялық білім, білік, дағды түрінде берілетін нәтижелерге жеткізіп, ары қарай құзыреттілікке дамыту жолында элективті курстардың алатын орны зор.

Химиядан элективті курстардың маңыздылығының негізгі аспектілері:

- білім мен дағдыны тереңдету;
- оқытуды дараландыру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- кәсіби таңдауға дайындық;
- ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- ой-өрісін кеңейту;
- әлеуметтік және пәнаралық байланыстар;
- әлеуметтік дағдылар және өзара әрекеттесу.

Білім мен дағдыны тереңдету: элективті курстар оқушыларға стандартты оқу жоспарынан тыс күрделі және қызықты тақырыптарды оқуға мүмкіндік береді. Бұл органикалық және бейорганикалық химияны, аналитикалық химияны, сондай-ақ нанохимия және биохимия сияқты заманауи технологияларды зерттеуді қамтуы мүмкін. Пәнді тереңдетіп оқыту оқушыларға тек теориялық білім алып қана қоймай, болашақта пайдалы болатын практикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Оқытуды дараландыру: элективті курстардың басты артықшылықтарының бірі – оқытуды дараландыру мүмкіндігі. Оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес келетін пәндерді тандай алады. Бұл материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді және оқуға деген ынтасын арттырады. Нәтижесінде оқушылар оқу үдерісінің белсенді қатысушыларына айналады, бұл өз кезегінде олардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту: химия тек заттар мен реакцияларды зерттеп қана қоймайды, сонымен қатар сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Таңдау курстары көбінесе оқушылардан деректерді талдауды, гипотезаларды тұжырымдауды және оларды тәжірибеде тексеруді талап ететін жобалар мен эксперименттерді қамтиды. Бұл оқушыларға өмірдің кез келген саласында маңызды дағды болып табылатын ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және негізделген қорытындылар жасау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Кәсіби таңдауға дайындық: элективті курстар оқушыларға қызметтің әртүрлі салаларымен танысуға және қандай мамандықтар қызықтыратынын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар өздерінің болашақ мансабына қатысты курстарды тандай алады, бұл оларға мамандық таңдау туралы шешім қабылдауға және одан әрі оқуға дайындалуға көмектеседі. Мысалы, IT, өнер, кәсіпкерлік және басқа салалардағы курстар оқушылардың мамандықтар әлемі туралы түсініктерін дамытуға көмектеседі.

Ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру: элективті курстар оқытуды интерактивті және қызықты етеді. Заманауи технологияларды қолдану, зертханалық жұмыстар мен ғылыми зерттеулер химияға деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Оқушылар химияның өмірде қалай қолданылатыны туралы нақты мысалдарды көргенде, олардың пәнді меңгеруге деген ынтасы артады.

Ой-өрісін кеңейту: элективті курстар оқушыларға негізгі оқу жоспарына кірмейтін жаңа тақырыптар мен білім салаларымен танысуға мүмкіндік береді. Бұл экологиядан шет тіліне немесе өнер тарихына дейін кез келген нәрсе болуы мүмкін. Мұндай курстар адамның ой-өрісін кеңейтуге және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі.

Әлеуметтік және пәнаралық байланыстар: химия физика, биология, экология сияқты басқа ғылымдармен тығыз байланысты. Таңдау курстары оқушыларға осы байланыстарды көруге және күрделі мәселелерді шешу үшін әртүрлі салалардағы білімдерді қалай қолдануға болатынын түсінуге көмектеседі. Бұл, әсіресе, көптеген мәселелер пәнаралық көзқарасты қажет ететін қазіргі әлемде маңызды.

Әлеуметтік дағдылар және өзара әрекеттесу: элективті курстар кезінде оқушылар көбінесе топтарда жұмыс істейді, бұл әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Олар басқаларды тыңдауға, өз ойларын айтуға және ымыраға келуге үйренеді. Бұл дағдылар қызметтің кез келген саласында басқа адамдармен табысты өзара әрекеттесу негізгі рөл атқаратын қазіргі қоғамда ерекше маңызды болып табылады.

Мектепке элективті курсты енгізе отырып, оған бағдарлама мен оқу құралы қажеттігі мен қоса оны оқытудың толық әдістемелік жүйесі керек екендігін ескеру қажет. Элективті курстардың жұмыстарын ұйымдастыру келесі ретке сәйкес жүргізіледі:

1) оқу пәндері мен ендірілетін элективті курстардың жиынтығы анықталады;

2) оқушы өзінің қызығушылығына, жоспарлаған кәсібіне байланысты таңдаған профилі мен оған қатысты элективті курстарға сәйкес жеке жоспар құрады да мектеп әкімшілігіне өткізеді;

3) алдыңғы екі пункті ескеріп, мектептің келесі оқу жылына оқу жоспары жасалады;

4) соған сәйкес сабақ кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сыныптар, элективті топтар, қатар жүретін базалық топтар және қатар жүретін профильді топтар ескеріледі.

Мақсаты бойынша элективті курстардың бірнеше түрі бөлінген:

1. бірінші тип-бұл белгілі бір оқу пәнін оқудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін негізгі бейіндік курстарды толықтырудың бір түрі;

2. екінші түрі - оқу пәндерін біріктіруге бағытталған курстар, олар пәнаралық байланыстарды қамтамасыз етеді;

3. үшінші түрі-оқушыларды ҰБТ тапсыруға немесе осы пән бойынша ЖОО-ға түсу емтиханын тапсыруға даярлауға бағытталған курстар, яғни "репетиторлық" бағыты бар;

4. төртінші түрі-белгілі бір кәсіпке немесе еңбек нарығында сәтті бейімделуге қажетті жоғары мамандандырылған дағдыларды алуға бағытталған курстар;

5. бесінші тип-мектеп бағдарламасының шеңберімен байланысты емес оқушылардың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған пәннен тыс сипаттағы курстар орта мектеп оқушысының ой-өрісін кеңейтуге арналған.

Элективті курстарды оқыту әдістемесінің негізгі басымдықтары:

- тұтас дүниетанымның қалыптасуына ықпал ететін пәнаралық интеграция;

- тәжірибе және ынтымақтастық арқылы оқыту;

- интерактивтілік;

- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алу;

- тұлғалық-белсенділік және субъект-субъективті тәсіл.

Элективті курстар - мектептегі химиялық білім берудің жаңа вариативті мазмұнының қарқынды даму саласы. Дәл осы жерде әр оқушы өзін-өзі бағалаудың стереотиптерін өз санасында және мұғалімнің жеке басына, қабілеттері мен мүдделеріне қатысты пікірінде өзгертуге мүмкіндік алады, ал әр мұғалім осыған қызығушылық танытқан оқушылармен бірге оқу пәнінің ең жарқын және маңызды мәселелерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Аймақтық компоненті бар химия бойынша элективті курстар ең өзекті болып табылады, өйткені химия жалпы білім беретін мектептегі бейіндік оқу пәні ретінде басқа пәндермен қатар қоғамның білім беру мекемелеріне қоятын

белгілі бір міндеттерін шешуді жалғастырады. Химия ғылымының қазіргі өмірдегі рөлінен туындайтын осындай міндеттер:

- химия ғылымының негіздерін, оның ұғымдарын, заңдарын, ілімдері мен теорияларын саналы, берік және терең меңгеру;

- химия саласында арнайы практикалық дағдылар мен дағдыларды меңгеру;

- оқушылардың танымдық және ойлау қабілеттерін, білімді өз бетінше игеру қабілеттерін, сондай-ақ қоғамдағы химия ғылымының рөлін түсінуді дамыту;

- оқушылардың ғылыми дүниетанымын және олардың санасында әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастыру, химофобияны жеңу және қазіргі экологиялық проблемаларға немқұрайлы қарау;

- азаматтық адамгершілікке, патриотизмге, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, зейінділікке, материалдық және рухани құндылықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

- оқушыларды химияның өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, медицинадағы, құрылыстағы, көліктегі, өнердегі және өндіріс пен адам қызметінің басқа да салаларындағы рөлімен таныстыру;

- оқушыларды саналы мамандық таңдауға дайындау.

Осы және басқа да міндеттерді шешуге әзірлеген «Шығыс Қазақстанның химиясы және түсті металлургиясы» және «Биогендік элементтер химиясы», «Шығыс Қазақстанның химиясы және экологиясы» элективті курстары ықпал ететін болады, олар бір жағынан Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, химияның бағдарламалық материалын меңгерген X-XI сынып оқушыларына арналған, ал, екінші жағынан, химик-аналитик, сарапшы химик, зертханашы химик, химия мұғалімі мамандықтарына белгілі бір қызығушылық танытады.

Бұл курстардың негізгі мазмұны, біріншіден, оқу және зерттеу экспериментіне негізделген, екіншіден, тақырып бойынша көп салалы, яғни химия экология биология, физика, география, тарих және т.б.

Орта мектепте химия пәнінің элективті курстары білім беруде маңызды рөл атқарады, білімді тереңдетуге, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға, болашақ мамандыққа дайындауға және ғылымға деген қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Олар пәнді тереңдетіп оқуға арналған платформаны қамтамасыз етіп, оқушыларға заманауи әлемнің сын-қатерлеріне дайындалуға көмектеседі. Мектептердің оқушыларға химия мен жалпы ғылымдағы жаңа көкжиектерді ашуға мүмкіндік бере отырып, осы курстарды дамытып, қолдау көрсетуі маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы, Астана. 2010.
2. Козлова О. Н. Основы педагогики: учебное пособие. Санкт-Петербург: Издательство «Лань», 2016.

3. Шоқыбаев Ж.Ә., Болатова А.Ж. «Химия адам өмірінде» элективті курсының бағдарламасы // «Шоқан тағылымы – 12» Халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. – Орал, 2007 ж.

4. Буткевич, Е. В. «Элективные курсы как средство реализации индивидуальных образовательных маршрутов» — исследование о роли элективных курсов в индивидуализации обучения.

5. Петренко, А. В. «Элективные курсы в системе общего образования: новые подходы и практические рекомендации». Москва: Издательство «Просвещение», 2018.

6. Коваленко, Е. С. «Индивидуализация образования через элективные курсы». Санкт-Петербург: Издательство «Речь», 2019.

7. Смирнова, Т. И. «Анализ элективных курсов в школе: от теории к практике». Журнал «Современное образование», № 3, стр. 45-50. 2020.

8. Захарова, О. Н. «Элективные курсы как средство развития критического мышления у школьников». Вестник образования, № 2, стр. 88-92. 2021.

ӘОЖ: 54:37.091.3

АҚПАРАТТЫҚ ОРТАДА ХИМИЯДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүйсенова Ж.Б., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Даутова З.С.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: janellebakhytjan@mail.ru

Бүгінгі таңда білім беру саласында ақпараттық технологиялардың рөлі өте маңызды. Ақпараттық орта оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендіру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзіндік жұмыстарды орындау дағдыларын жетілдіру үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Химия пәні, өзінің күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін талап етеді.

Қазіргі ақпараттық қоғамда білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге ұшырап келеді. Соңғы жылдары ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдар білім беру үдерісіне кеңінен енгізілуде. Оқытуда инновациялық әдістер мен құралдарды пайдалану, әсіресе, химия сияқты күрделі пәндерде үлкен мүмкіндіктер береді. Химия пәні – теориялық білімді тәжірибе жүзінде сынап көріп, нәтижелерді талдау арқылы оқушылардың танымдық әрекетін дамытатын маңызды пәндердің бірі.

Ақпараттық орта – қазіргі қоғамдағы ақпараттың түзілуі, өңделуі, сақталуы, берілуі және қолданылуын қамтитын кешенді жүйе. Оның мәні мен құрылымы тек білім мен технологияға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени, экономикалық аспектілерге де байланысты. Ақпараттық орта әр түрлі

ақпараттық технологиялардың және коммуникация құралдарының көмегімен қалыптасады.

Ақпараттық орта ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Ақпараттық технологиялар ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату процестерінде маңызды рөл атқарады. Мысалы, білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларға заманауи білім алуға мүмкіндік береді. Онлайн оқыту платформалары, электронды кітаптар, виртуалды зертханалар оқушылардың білім алу процесін тиімдірек және қызықты етеді.

Ақпараттық сауаттылық заманауи қоғамда табысты өмір сүру үшін қажетті дағдылардың бірі болып табылады. Оқушылар ақпаратты тереңірек талдай алуы, оны критикалық тұрғыдан бағалай алуы керек. Бұл дағдылар болашақта олардың кәсіби өмірінде де маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологияларды сабақ үстінде пайдаланудың формалары мынадай болып келеді:

- Сабақ барысында техниканы қолдана отырып, материалды түсіндіру. Оқушыны сөйлету және пікірталас бекіту, оқушылардың білімін бақылау, жеке жұмыспен қатар ақпарат іздестіру және тестілеу жұмыстарын жүргізу;
- Сабақтан тыс уақытты оқушының дербес түрде өздігінен үй тапсырмасын орындай алуы, реферат әзірлеп, өзіндік бақылау ұйымдастыруы;
- Мұғалім сабақ барысындағы өзіне қажет ақпаратты даярлап, тапсырмаларды іріктеп дайындауы және т.б.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі-оқушылардың білім дейгейін анықтап, зерттеу жұмыстары жүргізіледі, түзету жұмыстарын іске асыруға пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқынын ескерсек, мұғалімдер шығармашылығы жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытын құру талап етіледі (2 кесте).

Кесте 1. Ақпараттық коммуникациялық технологияның тиімділігі



Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін сезінуі оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Химия сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Химия мұғалімі АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады.

Ақпараттық технология негіздері оқушының химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағынына қарай сабақта видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушылардың дүниетанымын молайтып, кеңейтеді 3-кесте. Әсіресе, оқулықтағы әр тарау қорытындылауға оқушылар өз бетінше қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділіктерін дамытып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын барынша дамыта алады.

Кесте 2. Химия сабақтарында АКТ-ны пайдаланудың тиімді жолдары:

<i>Химия сабақтарында АКТ-ны пайдаланудың тиімді жолдары:</i>			
<i>Интерактивті тақта</i>	<i>Электронды оқулық</i>	<i>Ғаламтормен жұмыс</i>	<i>Электрондық тесттер</i>
1. Сабақта көрнекілікті қолдану артады; 2. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды; 3. Логикаға көп көңіл аударылады, оқушының оқуына оң әсер етеді; 4. Слайдтағы қателіктерді тез жояды, арнайы құралдарын игеру оқушыларға оңай;	Қазіргі жаңа технологиялы сабақтардың барлығында электронды оқулық қолданылады. Ішінде барлық мағлұмат болады. Тапсырма, бейнесурет, видео, сызба-кескіндер т.б. Химия сабағында пайдалану оқушыларға жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді.	1. Онлайн режимде сабақтар өткізу, тапсырма беру; 2. Әртүрлі дейгейдегі онлайн олимпиадалар мен байқауларға қатысу; 3. Мәлімет қоры ретінде пайдалану: Реферат жазу, ҰБТ-ға арналған тесттерді шешу, химиялық реакция, әртүрлі эксперименттерді ғаламтор арқылы көре алу мүмкіндігін туғызады.	1. Оқушының өздігінен жұмыс істеу құралы; 2. Техникалық құрал арқылы тестті тез әрі нақты орындауға болады; 3. Оқу үрдісінің кез-келген кезінде қолдануға болады; 4. Алған бағалары н бірден оқушы өзі көре алады. Электрондық тесттер: Quizizz; Kahoot т.б.

5.Тапсырмаларды видео, аудио, сурет арқылы көріп, талдай алуға мүмкіндік береді.			
--	--	--	--

Мұғалім – мектептегі химиялық білім беруді цифрландырудың басты белсенді тұлғасы. Цифрландырудың соңғы нәтижесі оның ынтасы мен күш-жігеріне байланысты (3-кесте). Оқу үдерісіне жаңа технологиялар құралдарын енгізуге кірісе отырып, мұғалім:

- оқушыларды компьютерлік құралдармен жұмыс істеуге оқыту жалпы білім беру мазмұнының бөлігі болып табылатынын түсіну керек;
- химияны оқытуға арналған сандық технологиялар құралдары оқу қызметінде пайда болатын психологиялық - педагогикалық, ұйымдасқан әдістемелік, ақпараттық проблемаларды шешуге ғана жағдай жасауы қажет;
- компьютерлік оқыту құралдарын қолдану оқу және кәсіби тапсырмаларды шешу бойынша адамдық ойлау мүмкіндіктерін кеңейтеді, бірақ оны шығармашылық тапсырмаларды шешу кезінде алмастырмайды;
- цифрлық технологиялар құралдарымен жұмыс істеуге оқушыларды оқыту ойлауды қалыптастыру тәсілдерінің бірі болып табылады;
- химиялық сабақта ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану мұғалімге әр түрлі көрнекіліктермен барынша жарақтай отырып, оқытуды дараландыру мүмкіндік береді.

Кесте 3. Сандық білім беру ресурстарын (СБР) пайдаланудың тиімділігі (химия пәні үшін)

<p><i>Ұстаздар үшін</i></p> <p>Сабақ барысында дайындалған сандық объектілерді мультимедиялық проектор арқылы демонстрациялау;</p>	<p><i>Оқушылар үшін</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Үй тапсырмасын орындаудың және оған жауап берудің жаңа формасы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Қабілеті - төмен оқушылардың сабаққа қызығушылығы жоғарыласа, қабілетті, дарынды оқушылардың оқытудың зерттеушілік-ізденушілік деңгейі көтеріледі. - Оқушының өз мүмкіндігі мен материалды меңгеру мен қабылдау ерекшелігін ескере отырып, жаңа білімді оқып-үйренеді. - Оқушылар қазіргі ақпараттық – технологиялармен жұмыс жасай білуге үйренеді.
--	--

Зертханалық жұмыстарды орындауда виртуалды эксперимент, интерактивті модельдерді пайдалану;	- Кез-келген уақытта оқушылар өздерінің білімдерін автоматты түрде тексере алады. Сонымен қатар, оқушы өз біліміне автоматты бақылау құрылғы жақсы, өте жақсы бағаларын қойса, қызығушылығы - одан әрі жоғарылайды.
Білімді тексеруде компьютерлік тестілерді қолдану;	- Баяндама, ғылыми жоба, конференция, презентациялар дайындауда химиялық объектілердің үлкен жинағы болып табылады. Оқушы сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға қажетті қызықты мәліметтер мен деректер жинақтай алады.
Сабақ үстіндегі оқушылардың СБР арқылы жеке зерттеушілік және шығармашылық жұмыстары.	- Энциклопедиялық бағыттағы сұрақтарға жауап ала алады. - Зерттеу жұмыстарын жүргізуге, оқушылардың шығармашылық потенциалын арттыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық ортаның мәні оқу-тәрбие процесінде тұлғааралық өзара іс-қимылға бағдарлаудан, өзіндік жұмыстарды орындаудан яғни, педагогикалық әсерді ізгілендіруден тұрады. Оқу-тәрбие процесін ізгілендіру білім алушылардың жеке еркіндігі мен қызметіне абсолютті мән беретін жеке тұлғаға бағытталған педагогикаға көшу болып табылады.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білімді беруде электрондық оқулықтарды химия сабағында пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Электронды оқулықтар арқылы химия сабағында сирек кездесетін элементтердің суретін, бейне файлдар арқылы зертханалық жұмыстардың қалай жүретінін көруге болады.

Қазіргі кезде Республикалық білім ақпараттандыру орталығының негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электрондық оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулықтарды құрастыру технологиясы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп жасалып, бір-бірімен тығыз байланыстағы төрт бөліктен тұрады, олар:

1. Мотивациялы-мақсаттық компоненті;
2. Мазмұндық компоненті;
3. Операциялық компоненті;
4. Нәтижелік бақылау компоненті.

Электрондық оқулықтың мотивациялы - мақсаттық компоненті модульдерді (микромодульдерді) құрастырудан тұрады. Модуль дегеніміз – жергілікті (локальды), жүйелік және функционалдық білім жиындары. Ол оқушының өз танымдық әрекетін ұйымдастыратын «түйіні» болып саналады.

Электрондық оқулықтар оқушылардың өзіндік жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, тиянақты да терең білім алу

сапаларын көрсетеді. Сонымен бірге барлық оқу үдерісінің алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды, оқушыларды үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Білім беру технологиялары. — Алматы: «Білім», 2020.
2. Сапарғали, Н. Ақпараттық технологиялар негізінде химия пәнін оқыту. — Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.
3. Бөлеков, Д. Химияны оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану. — Журнал «Білім әлемі», 2021.
4. Асылхан, А. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудағы ақпараттық технологиялардың рөлі. — Алматы: «Өрлеу» БАҰО, 2018.
5. Электрондық ресурс. - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану // <http://www.zkoipk.kz/kz/2015smart1/1394-conf.html>.
6. Ә.М.Нұрмағамбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану. // Педагогикалық альманах. - №3-4.-2010. – 64 б.

ӘОЖ – 542.06

ХИМИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ержанқызы С.

Ғылыми жетекші: Даутова З.С., п.ғ.к.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: erjanovasaltanat009@gmail.com

Білім беру саласында сыни ойлауды дамыту — қазіргі заманғы оқыту жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Сыни ойлау – бұл жеке тұлғаның алған ақпаратты талдауы, бағалауы, оны логикалық құрылымға келтіріп, объективті және негізді шешім қабылдау қабілеті. Бұл дағды тек академиялық білімге ғана емес, сонымен қатар шынайы өмірдегі түрлі жағдайларда да шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады.

Сыни ойлау ұғымы 20 ғасырдың басында Джон Дьюидің білім беру саласындағы философиялық еңбектерімен байланыстырылады. Дьюи білім берудегі "белсенді оқыту" идеясын ұсына отырып, оқушыларды дербес ойлауға және өз білімдерін қолдануға бағыттау керектігін айтты. Ол білімді механикалық түрде қабылдауға қарсы болып, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын және олардың сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды алға тартты. Кейінгі жылдары сыни ойлауды дамыту бойынша зерттеулер одан әрі жалғасты. 1956 жылы Блумның таксономиясы сыни ойлаудың негізі ретінде танылды. Бұл таксономия оқу процесінде бірнеше деңгейлі ойлау қабілеттерін қамтиды, оның ішінде ақпаратты түсіну, талдау, қолдану, синтез және бағалау сияқты дағдылар сыни ойлаудың ажырамас бөліктері ретінде көрсетіледі.

Химия пәні бойынша сыни ойлауды дамытуға арналған зерттеулер де айтарлықтай назар аударуды талап етеді. Химиялық эксперименттер – бұл теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі. Эксперименттер арқылы оқушылар күрделі мәселелерді шешу, гипотезаларды тексеру және логикалық қорытындылар жасау сияқты дағдыларды меңгереді. Сондықтан химия сабақтарында сыни ойлауды дамытуға арналған әдістер мен технологияларды қолдану өте өзекті болып отыр.

Қазіргі кезде сыни ойлау туралы көптеген зерттеулер мен педагогикалық тәсілдер ұсынылған. Соның ішінде Эннис, Пол, Брукхарт сынды зерттеушілер сыни ойлауды үйрету әдістерін дамытуға үлкен үлес қосқан. Эннис, мысалы, сыни ойлаудың компоненттерін нақты анықтап, оны білім беру процесінде қолдану үшін жүйелі әдістемелер ұсынды. Ал Брукхарт білім беру мазмұнында сыни ойлауды дамытуда бағалаудың рөлін зерттеді.

Осы зерттеулерді ескере отырып, химиялық эксперименттерді сыни ойлауды дамыту құралы ретінде қарастыру, оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастыруда тиімді тәсілдердің бірі ретінде қаралады. Химиялық эксперименттер барысында оқушылар теориялық білімдерін қолдануға, бақылау және талдау жасауға, алынған нәтижелерді бағалауға дағдыланады. Бұл мақалада химиялық эксперименттер арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру жолдары талқыланады.

Химия пәні басқа жаратылыстану ғылымдары сияқты табиғи құбылыстарды түсіндіруге бағытталған, ал осы құбылыстарды оқушыларға түсінікті әрі көрнекі етіп жеткізу үшін химиялық эксперименттер маңызды рөл атқарады. Оқушылар химиялық эксперименттер арқылы тек теориялық білім алып қана қоймай, оны практикалық жағдайларда қолдануды, түсінуді және бағалауды үйренеді. Химиялық эксперименттер сыни ойлауды дамытудың келесі аспектілерін қамтиды:

Химиялық эксперименттердің маңызды ерекшеліктерінің бірі – оқушыларға экспериментке дейін гипотеза құруды талап етуі. Гипотеза – бұл оқушының тәжірибе нәтижесі туралы алдын ала болжамы. Гипотеза құру оқушыларды ойлауға, мүмкін болатын нәтижелерді елестетуге және логикалық байланыстарды түсінуге бағыттайды. Осылайша, олар сыни ойлау дағдыларының бастапқы кезеңдерін меңгереді. Эксперимент барысында бұл гипотеза тексеріледі, нәтижесінде оқушының болжамы расталады немесе жоққа шығарылады. Бұл процесс оқушының гипотезаны нақты деректермен салыстыру қабілетін дамытады.

Эксперимент нәтижелерін дұрыс түсіндіру – химиядағы маңызды дағдылардың бірі. Эксперимент барысында алынған деректерді дұрыс талдай білу сыни ойлаудың негізгі компоненті болып табылады. Оқушылар эксперименттің нәтижелерін басқа реакциялардың, құбылыстардың немесе заңдылықтардың негізінде түсіндіреді. Бұл үдеріс оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытады, өйткені олар нәтижелердің себебін анықтап, оның ғылыми негіздерін түсінуге тырысады.

Химиялық эксперименттердің келесі маңызды элементі – шешім қабылдау және бағалау. Оқушылар эксперимент нәтижелерін талдағаннан кейін, сол нәтижелерге сүйене отырып, белгілі бір шешім қабылдауға тиіс. Бұл шешім гипотезаның дұрыс немесе қате екендігін анықтауға негізделеді. Шешім қабылдау процесі сыни ойлауды талап етеді, себебі оқушылар барлық ықтимал факторларды ескере отырып, ақпаратты мұқият зерттеп, оның маңызын анықтап, ең негізді қорытынды жасауға тырысады.

Шешім қабылдау – бұл ақпаратты терең талдауға, баламалы шешімдерді қарастыруға және олардың арасынан ең тиімдісін таңдауға бағытталған үдеріс. Оқушылар:

- Мәліметтерді салыстырып, бұрынғы тәжірибелермен немесе теориялық мәліметтермен үйлестіреді.
- Нәтижелерді ғылыми тұрғыда түсіндіріп, олардың не себепті дәл осылай болғанын айқындайды.
- Тәжірибедегі ықтимал қателіктерді немесе әсер етуші факторларды ескеріп, оларды талдайды.

Бұл кезеңде оқушылар өздерінің болжамдарының дұрыстығын немесе қателігін бағалай отырып, шешім қабылдайды. Шешім қабылдау оқушылардан эксперимент нәтижелерін объективті түрде бағалауды, белгілі бір тұжырымдар жасауды талап етеді. Бұл үдеріс кезінде оқушылар келесі сұрақтарға жауап іздейді:

- Эксперимент нәтижелері гипотезаны растай ма, жоқ па?
- Егер нәтиже күтпеген болса, оның себебі неде болуы мүмкін?
- Экспериментті жетілдіру үшін қандай өзгерістер енгізуге болады?

Осы сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар өздерінің шешімдерін дәлелдеп, негіздейді. Бұл процесс рефлексия дағдыларын дамытуға көмектеседі, себебі оқушылар өздерінің әрекеттерін бағалап, болашақта тәжірибелерді жақсарту жолдарын іздейді.

Химияда эксперимент нәтижесі әрдайым күтілген нәтижелерге сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда оқушылар қателіктермен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Қателіктерді анықтау және оларды түзету – сыни ойлаудың ажырамас бөлігі. Оқушылар эксперимент кезінде немесе нәтижелерді бағалау барысында қателіктерді байқаған жағдайда, сол қателіктерді жіберген себептерін анықтауға тырысады.

Қателіктермен жұмыс істеудің негізгі аспектілері:

- Қателікті анықтау: Нәтижелер күтілгеннен өзгеше болса, оқушылар қателікті тез анықтауы қажет. Бұл олардың бақылау және талдау қабілеттерін арттырады.
- Қателіктің себебін талдау: Қателік болған жағдайда, оқушылар оның себебін анықтап, сол себептерді зерттейді. Бұл талдау қабілетін жетілдіріп, нақты ойлау дағдысын қалыптастырады.
- Түзету жолдарын іздестіру: Қателікті жойып, экспериментті қайта жүргізу немесе нәтиже алу үшін басқа әдістерді қолдану оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады.

Қателіктермен жұмыс істеу оқушылардың шыдамдылығын, қателіктен сабақ алу қабілетін және тәжірибе жүргізу дағдыларын жетілдіреді. Бұл үрдіс сыни ойлау қабілетінің маңызды аспектілерінің бірі ретінде қызмет етеді, себебі оқушылар кез келген қателікті жүйелі түрде зерттеуді және оны шешудің дұрыс жолдарын табуды үйренеді.

Индуктивті және дедуктивті ойлау

Индуктивті және дедуктивті ойлау дағдылары химиядағы маңызды әдіснамалық құралдар болып табылады және химиялық эксперименттер барысында айқын көрінеді. Оқушылар индуктивті ойлау арқылы нақты бақылаулардан бастап, жалпы заңдылықтар мен теорияларға қорытынды жасайды. Ал дедуктивті ойлау арқылы белгілі бір теориялық принциптерді пайдаланып, нақты жағдайларда оның дұрыстығын тексереді.

- Индуктивті ойлау: Оқушылар әртүрлі эксперименттік мәліметтерді жинап, нақты жағдайлардан жалпы қорытындылар шығарады. Бұл оларға жеке деректерді үлкен концепциялармен байланыстыруға үйретеді.

- Дедуктивті ойлау: Белгілі бір теориялық заңдылықтарға сүйене отырып, оқушылар нақты құбылыстарды түсіндіруге тырысады. Бұл эксперименттің нәтижелерін алдын ала болжауға және гипотезаларды сынауға мүмкіндік береді.

Индуктивті және дедуктивті ойлау дағдыларының дамуы оқушылардың ғылыми негізделген шешімдер қабылдау қабілеттерін арттырып, оларды күрделі мәселелерді шешуге бағыттайды.

Оқушының өз бетінше әрекет ету қабілетін арттыру

Химиялық эксперименттер барысында оқушылар тек мұғалімнің нұсқауларын орындап қана қоймай, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді. Бұл өз бетінше әрекет ету қабілетін арттырады және оқушыларды жауапкершілікке, дербес шешім қабылдауға бейімдейді. Эксперименттік тапсырмалар арқылы оқушылар:

- Тәжірибені өздігінен жоспарлап, жүзеге асырады;
- Нәтижелерді өз бетінше бағалайды;
- Тәжірибені жетілдіру немесе қайта жүргізу жолдарын өздері іздейді.

Химиялық эксперименттер оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады. Оқушылар гипотезаларды құру, мәліметтерді талдау, нәтижелерді бағалау, қателіктермен жұмыс істеу және топпен жұмыс жасау сияқты әрекеттерді орындау барысында өздерінің логикалық, аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Химиялық эксперименттер оқушыларды ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға, деректерді объективті бағалауға және олардың көзқарастарын дәлелдей алуға үйретеді.

Сыни ойлауды дамытудың әдістері.

Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту химия сабақтарында арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сыни ойлауды дамыту оқушылардың белсенділігін арттырып, білімді тереңірек меңгеруге және оны талдау, қолдану, бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Төменде

химиялық эксперименттер арқылы сыни ойлауды дамытуға арналған бірнеше тиімді әдістер қарастырылған.

1. Сұрақ қою – сыни ойлауды дамытудың ең қарапайым әрі тиімді әдістерінің бірі. Сабақ барысында мұғалім оқушыларға бағытталған нақты және ашық сұрақтар қоя отырып, оларды ойланып жауап беруге ынталандырады. Сыни ойлауға бағытталған сұрақтар оқушыларды белгілі бір ақпаратты талдауға, салыстыруға және нәтижелерді логикалық тұрғыдан түсіндіруге бағыттайды. Мысалы, химиялық эксперимент кезінде мұғалім келесі сұрақтарды қоюы мүмкін:

- "Нәліктен осы реакция кезінде дәл осындай нәтиже пайда болды?"
- "Бұл процесте қандай факторлар әсер етуі мүмкін?"
- "Егер осы реакцияның бір жағдайын өзгертсек, нәтижеге қалай әсер етеді?"

Мұндай сұрақтар оқушыларды қарапайым фактілерден гөрі, олардың мән-мағынасын терең түсінуге жетелейді, сондай-ақ логикалық және аналитикалық ойлауды ынталандырады.

2. Проблемалық оқыту әдісі

Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың алдына белгілі бір мәселе немесе проблеманы қою арқылы жүзеге асады. Оқушылар бұл мәселені өз беттерінше шешуге тырысады, нәтижесінде оларды белгілі бір зерттеу және аналитикалық дағдыларды қолдануға мәжбүр етеді. Мұндай әдістің басты мақсаты – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және шешім қабылдау қабілетін дамыту. Мысалы, мұғалім оқушыларға экспериментке қатысты келесі тапсырманы бере алады: "Берілген химиялық реакцияның тиімділігін арттыру үшін қандай жағдайларды өзгертуге болады?" Бұл тапсырма оқушыларды өз бетінше зерттеу жүргізуге және ұсынылған мәселені шешуге бағыттайды.

3. Дискуссия және пікірталас

Дискуссиялар мен пікірталастар – сыни ойлауды дамытудың тағы бір тиімді әдісі. Химиялық эксперименттен кейін мұғалім эксперимент нәтижелері мен оларды түсіндіру бойынша оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыра алады. Оқушылар тәжірибе нәтижелеріне байланысты өз пікірлерін айтып, оларды дәлелдеуге тырысады. Бұл оларға өз көзқарастарын сыни тұрғыдан бағалауға, басқа пікірлерді тыңдап, талдауға мүмкіндік береді.

Мысалы, бір оқушы эксперименттің нәтижесі туралы бір қорытынды жасауы мүмкін, ал басқа оқушы осы қорытындымен келіспей, өзінің дәлелдерін келтіреді. Бұл процесс оқушыларды өз пікірлерін дәлелдеу, басқа көзқарастарды ескеру және объективті қорытынды жасау дағдыларына үйретеді.

4. Зерттеу жұмыстары.

Зерттеу жұмыстары оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізіп, оны тәжірибе арқылы дәлелдеуін көздейді. Бұл әдіс оқушыларды ғылыми әдіснамаға сүйеніп, мәліметтер жинауға, оларды талдауға және белгілі бір қорытындылар жасауға үйретеді. Зерттеу барысында оқушылар сыни тұрғыдан ойланып, ұсынылған мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келеді. Мұғалім оқушыларға өз бетінше химиялық тәжірибе жасауға мүмкіндік бере отырып,

оларды дербес жұмыс істеуге ынталандырады. Мысалы, оқушыларға «реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды зерттеу» деген тапсырма беріліп, олар реакцияның температурасын, қысымын, концентрациясын өзгертіп, нәтижелерін бақылауы қажет.

5. Гипотеза құру және тексеру

Гипотеза құру оқушылардың сыни ойлауын дамытатын маңызды әдістердің бірі болып табылады. Эксперимент алдында мұғалім оқушылардан тәжірибе нәтижелері бойынша болжам жасауды сұрайды. Бұл гипотеза кейін эксперимент арқылы тексеріледі. Гипотеза дұрыс немесе қате болуы мүмкін, бірақ оның құрастырылуы және тексерілуі оқушыларды ойлауға, дәлелді шешім қабылдауға үйретеді. Мысалы, химиялық реакцияны бастамас бұрын оқушыларға: "Температураны көтергенде реакция жылдамдығы арта ма?" деген сұрақ қою арқылы олардан болжам жасап, осы болжамды тәжірибеде тексеруді талап етуге болады.

Эксперимент нәтижелерін талдап, рефлексия жасау сыни ойлауды дамыту үшін маңызды. Рефлексия арқылы оқушылар өз әрекеттерін бағалайды, олардың қаншалықты дұрыс болғанын және болашақта қалай жақсартуға болатынын анықтайды. Бұл кезеңде оқушылар өз тәжірибелеріне сыни көзқараспен қарап, жетістіктері мен қателіктерін саралайды.

Мысалы, эксперименттен кейін оқушылар өздерінің қандай шешімдері дұрыс болғанын және қай жерде қателік жібергенін талқылап, қателіктерден сабақ алады. Бұл рефлексия процесі оқушылардың келесі эксперименттерді жақсырақ орындауына ықпал етеді.

6. Химиялық есептерді шешу де сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар есептерді шешу барысында түрлі әдістерді қолданып, деректерді талдайды, сонымен бірге шешімдерінің дұрыстығын тексеруге тырысады. Бұл әдіс оқушылардың логикалық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мысалы, бір химиялық есепте белгілі бір реакцияның өнімін немесе шығындарын есептеу үшін оқушылар химиялық теңдеулерді қолданып, сәйкесінше мәліметтерді дұрыс қолдануға мәжбүр болады. Бұл процесс оқушылардың математикалық және химиялық дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, оларды ақпаратты талдауға және шешім қабылдауға үйретеді.

Химия пәніндегі сыни ойлауды дамыту – білім алушылардың ғылыми негізде ойлау, зерттеу және шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастырудың маңызды бөлігі. Химиялық эксперименттер арқылы оқушылар теориялық білімдерін практикада қолдануды үйренеді, гипотеза құру, эксперимент нәтижелерін талдау және бағалау сияқты сыни ойлау дағдыларын меңгереді.

Сыни ойлауды дамытудың әдістері, мысалы, сұрақ қою, проблемалық оқыту, гипотеза құру және топтық жұмыс, оқушылардың дербес және логикалық ойлау қабілеттерін арттырып, олардың ғылыми көзқарасын кеңейтеді. Эксперименттік тәжірибелер мен зерттеу жұмыстары оқушыларды қателіктерден сабақ алуға, ақпаратты жан-жақты талдауға және объективті шешім қабылдауға ынталандырады.

Химиялық эксперименттер сыни ойлауды дамыту үшін таптырмас құрал болып табылады, өйткені олар оқушыларды тек білім алуға ғана емес, дербес зерттеу жүргізуге, дәлелді шешімдер қабылдауға және нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалауға үйретеді. Сондықтан химия пәнін оқыту үдерісінде сыни ойлауды дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану – білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. "Химияны оқыту әдістемесі: Жаңашылдықтар мен тәжірибелік аспектілер" – А.В. Петров (2013).
2. "Химия білімін дамыту: Қазіргі тәжірибелер мен трендтер" – С.В. Рудран (2016).
3. "Химиялық білім беру мен сыни ойлау" – Л. А. Иванова (2018).
4. К.П. Курільский, "Химияны оқытудағы инновациялар: сыни ойлау тәсілі," *Химия білім беру журналы*, т. 89, № 3, 2012, б. 382-389.
5. Л.Х. Уильямс, "Практикалық эксперименттердің сыни ойлауды дамытудағы рөлі," *Химия білім беру: Зерттеулер мен практика*, т. 15, № 4, 2014, б. 713-723.
6. С. К. Грин, "Химияда сыни ойлауды дамыту: эксперименттер дизайнын қолдану," *Химия білім беру: Зерттеулер мен практика*, т. 17, № 2, 2016, б. 304-315.

ӘОЖ 54:37.091.33

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯДАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІН ЫНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖАСАЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР

Жанимхан Айшуах, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Тантабаева Б.С., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: aishukhzhhan@icloud.com

"Егер оқушының оқуға құштарлығы болмаса, біздің барлық жоспарларымыз, ізденістеріміз бен құрылыстарымыз шаңға айналады" деп В.А.Сухомлинский айтқандай білім алушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру мақсатында әр-түрлі шаралар қолдануымыз қажет.

Баршамызға белгілі, соңғы жылдары мектеп білім алушыларының білім сапасы күрт төмендеуде және бұл құбылыстың себебі – білім алушыларының білім алуға деген ынтасының шектен тыс төмендігі. Осыған байланысты осы күрделі мәселені қарастырып, бүкіл білім беру жүйесінің басты сұрағына жауап беруді жөн көрдім, не себепті төменгі нәтиже көрсетеді және бұл жағдайды өзгерту үшін не істеу керек?

Оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін проблемалық оқытудың элементтері, онда мұғалім жаңа білімді меңгерумен өз бетінше әрекетінің

оңтайлы үйлесімін қамтамасыз етеді. Оқу әрекетін ынталандыру әдістері де маңызды рөл атқарады:

- Жұмбақ
- Проблемалық мәселе, проблемалық жағдай
- Фактілердің қайшылығы
- Өмір тәжірибесіне сүйену
- Анықтамалық схемалар
- АКТ технологиялары
- Бәсекелестік элементтердің болуы
- Ынталандыру шараларының жиынтығы

Білім алушылардың химиядан оқу іс-әрекетін ынталандыру мақсатында мынадай іс-шараларды ұйымдастыруға болады:

1. Кәсіби бағыттылығын арттыру

Мектепте алған білімінің болашақта оған қаншалықты пайдалы болатынын түсіндіру қажет. Бірінші сабақта пәнді әрі қарай оқуға ынталандыру үшін "Химияны не үшін оқу керек?" деген сұраққа жауап беру керек.

1) Оқытылатын пәннің кәсіппен байланысын көрсету қажет.

2) Білім алушыларды оқытылатын пәнге қызықтырып қана қоймай, сонымен қатар білімді практикалық қолдану мүмкіндіктерін көрсету қажет.

2. Өмірлік тәжірибеге жүгіну

"Қарбон қышқылдары" тақырыбын оқу барысында білім алушылар сірке және құмырсқа қышқылдарымен танысады. Сірке қышқылының қасиеттері мен қолданылуын оқушылар әдетте жақсы біледі. Мен құмырсқа қышқылын зерттеуді мына сөздерден бастаймын: "Қолыңа немесе аяғыңа құмырсқа кіріп кетті ме?".

Көп жағдайда "Иә" деп жауап береді.

-Сіз қандай сезімдерді бастан өткердіңіз?

Әдетте олар жауап береді: қытықтау, жағымсыз, құмырсқалар шағып алады.

Құмырсқалар өздерінің қорғанысы ретінде құмырсқа қышқылын бөліп шығаратыны белгілі болды, бұл осындай сезімдерді тудырады. Бұдан кейін екінші сұрақ туындайды:

"Қалақаймен өртенді ме?". Қалақайдың бәрі міндетті түрде өртеніп кеткен. Қалақай жапырақтарында құмырсқа қышқылы бар және оны күйдіретіні белгілі болды. Бұл білім алушылардың материалды меңгеруге деген қызығушылығын одан әрі арттырады.

Пентан қышқылының басқа атауы бар – валериан қышқылы. Өйткені ол валериан өсімдігінің жапырақтарында кездеседі. Валериандық дәрі туралы бәрі естіген.

"Пластмассалар" тақырыбын оқу барысында термопластикалық және терморективті полимерлердің классификациясын түсіндіремін. Мысалдар келтіремін. Оқушылардың тәжірибесіне жүгіну ынталандыруға арналған әдіс қана емес. Ең бастысы, білім алушылар алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануды көреді.

3. Қызықты жағдаяттарды құру

Бұл білім алушылардың назарын аударатын, олардың оқу пәніне деген қызығушылығын оятатын оқу сабақтарында қызықты тәжірибелерді қолдану процесі. Оқушыны қызықтырудың көптеген жолдары бар. Оқушылардың шынайы қызығушылығы химиядан зертханалық тәжірибелерден туындайды.

4. Табысқа жету жағдайларын жасау

Бұл әдіс негізінен оқуда белгілі бір қиындықтарға тап болған оқушыларға қатысты қолданылады. Мен оқытуда сараланған тәсілді қолданамын (оқушыларға әр түрлі тапсырмалар беріледі, жеке ерекшеліктеріне байланысты жұмыс көлемі). Бұл білім алушылардың әрқайсысына өз қабілеттерін барынша ашуға мүмкіндік береді.

5. Әр түрлі іс-әрекет формаларын қолдану

Білім алушылардың ынтасын арттыру үшін оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың сан алуан әдістерін қолдану қажет: ауызша көрнекі және практикалық, репродуктивті, ізденушілік, өзіндік жұмыс және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс; тірек конспектілерді, кестелерді, сызбаларды құрастыру; оқулықпен жұмыс; есептерді шығару; тексеру жұмыстары; тестілеу; сөзжұмбақтарды құрастыру. Іс-әрекеттің алуан түрлілігі оқушыларға өз қабілеттерін жүзеге асыруға, өздеріне ұнайтын іс-әрекет түрін табуға, оқушының табысты болуына және сабақта оң бағасын алуға мүмкіндік береді.

6. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушының жұмысы неғұрлым жиі тексеріліп, бағаланса, соғұрлым оның жұмысы қызықтырақ болады (өзара тексерумен жұптасып жұмыс істеу, тақтада жұмыс істеу, тыңдау және жауапқа рецензия дайындау немесе жауапты бағалау; "жабық тақта әдісі" – оқушы бұрылған тақтаның артында жұмыс істейді, содан кейін шешімді топтағы білім алушылармен салыстырады және т.б.)

7. Психологиялық атмосфера

Танымдық қызығушылықты ынталандыруда сабақтың психологиялық атмосферасы, ынталандырудың, ынталандырудың, түсінудің және қолдаудың басым болуы маңызды рөл атқарады. Оқушы үшін мұғалімнің оның тәлімгері болуы, оқу үдерісі барысында көмек сұрап, толғандыратын мәселелерін талқылауы өте маңызды. Әртүрлі білім алушылар мотивацияға әртүрлі көзқарасты талап етеді. Біреуді "компания үшін" іс-әрекетке тарту керек, біреуді ынталандыру арқылы ынталандыру керек, ал біреуді еркіндік беру арқылы ынталандыру керек.

Бірақ бір нәрсе даусыз: "Егер біз білім алушыларды ынталандырғымыз келсе, біз барлық оқушылармен оларды күшті және әлсіз деп бөлмей, ортақ тіл табысуымыз керек, әрқайсысының игі бастамаларын көтермелеуіміз керек, қол жеткізген жетістіктерімізді мақтауымыз керек.

Ал, мектеп білім алушыларының ары қарайғы ізденіс және зерттеу іс-әрекетін ынталандыратын сабақта табыстылық жағдайын жасау процесі соңғы орында емес. Сабақ, ең алдымен, өзекті және қызықты болуы керек, бұл өз кезегінде білім алушыларды ынталандырады, оқу процесіндегі белсенділік

дәрежесін арттырады және күшті білім алуды көздейді. Оқуды қалыптастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін сабақтың әртүрлі кезеңдерінде дер кезінде алмастыру және қолдану балалардың білім алуға деген құштарлығын күшейтеді. Оқу мотивациясын қалыптастыруға және оқу сабағының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару қажет. Сабақтың жекелеген кезеңдерінде қызығушылықты қалыптастыру кезеңдері. Бірінші кезең – бастапқы қызығушылық тудыруға түрткі болу. Сабақтың бастапқы кезеңінде әртүрлі әдістерді қолдана отырып, білім алушылардың қызығушылығының бірнеше түрін ескеру қажет:

- бұрынғы жетістіктердің («біз өткен тақырып бойынша жақсы жұмыс жасадық») және салыстырмалы қанағаттанбау қызығушылықтырын жаңарту («бірақ бұл тақырыптың басқа маңызды аспектісін білмедік»);

- өз көзқарасыңызды шақырыңыз, қателесуден және түзетілуден қорықпай өз пікіріңізді еркін жеткізуге ынталандырыңыз (кез келген мәлімдеме одан әрі жұмыс үшін маңызды және құнды, бұл кезеңде «дұрыс» немесе «бұрыс» тұжырымдар болмайды);

- білім алушылардың оқи бастайтын тақырыбын ойлауға ынталандыра отырып, өз білімдерін бақылау;

- ақпаратты ұзақ мерзімді түсінуге қол жеткізу үшін бұрынғы білім мен түсінікті қайта құру және кең негіз қалау;

Оқуға қызығушылықтарын арттыру бмақсатында білім алушыларға байланысты ұсыныстар ұсынғым келеді. Бірінші ұсыныс, әрбір білім алушының ішкі қызығушылығын қалыптастыру. Бұл дегеніміз жоғарыға өрлеу дегенді білдіреді. Ішкі қызығушылығы жақсы қалыптасқан білім алушы, әрдайым тереңінен ойлай алатын қабілетке келеді. Ішкі қызығушылығы сыртқы факторлардың әсерінен құлдырап жататыны белгілі. Ол шамадан тыс білім алушыны мақтау, тым қатты көтерме бағалау, бұның өзі білім алушының менмендік қасиетін оятуы мүмкін. Сондықтан әрбір әрекет өз дәрежесінде болу керек. Екінші ұсыныс, «жағымды мотивация» әдісі, бұл әдісте білім алушының қандай кедергіге ұшырау себебін анықтай отырып, одан шығуға көмектесу әдісі. Егер мұғалім білім алушыларға тек бірсарынды түрде сабақ өтетін болса, онда оның сабақ өту шеберлігі төмен деп қарастыруға болады. Сабақ жоспарына сай бір әдіс, технология қосу арқылы өткізу қажет дер едім. Сонда төменгі сынып білім алушылары ол пәнге деген қызығушылығы тоқтамайды.

Білім алушыларға химия пәніне деген қызығушылықтарын ояту үшін түрлі қызықты тәжірибелер жасаған дұрыс. Сонда білім алушылардың химияға деген қызығушылықтары қалыптасады. Химия пәнін асыға күтеді. Қазіргі таңда білім алушылардың қызықты тәжірибелер жасауға деген қызығушылықтарын байқадым. Білім алушылардың өздері жасаған кей зертханалық жұмыстарының тізбесін қалдырғым келіп тұр.

«Бөтелкедегі жын»

Қажетті құрал-жабдықтар: сутек пероксиді, калий перманганаты, колба, қасық

Жасалу реті: колбаға сутек пероксидін құйып, үстіне калий перманганатын қосамыз, нәтижесінде $2 \text{KMnO}_4 + 3 \text{H}_2\text{O}_2 \rightarrow 3 \text{O}_2 + 2 \text{MnO}_2 + 2 \text{KOH} + 2 \text{H}_2\text{O}$ реакциясы жүріп, оттегі газы бөлінеді, бұл бөтелкедегі жынып деп аталады

«Сіріңкесіз от»

Қажетті құрал-жабдықтар: калий перманганаты, глицерин, дистелденген су, фарфор ыдыс, қасық

Жасалу реті: фарфор ыдысқа калий перманганатын салып үстіне глицерин тамызамыз, сәл дистелденген су тамызамыз, нәтижесінде $14 \text{KMnO}_4 + 3 \text{C}_3\text{H}_8\text{O}_3 \rightarrow 12 \text{H}_2\text{O} + 2 \text{CO}_2 + 14 \text{MnO}_2 + 7 \text{K}_2\text{CO}_3$ реакциясы жүріп, от шығады

«Лава шамы»

Қажетті құрал-жабдықтар: сірке қышқылы, өсімдік майы, ас содасы, бояғыш, стакандар, қасық

Жасалу реті: ас содасын стаканға саламыз, үстіне өсімдік майын құямыз. Келесі стаканға сірке қышқылын құйып, үстіне бояғышты салып араластырып, бірінші ерітіндінің үстіне құямыз $\text{CH}_3\text{COOH} + \text{NaHCO}_3 \rightarrow \text{CH}_3\text{COONa} + \text{H}_2\text{O} + \text{CO}_2$ реакциясы жүреді, лава шамы пайда болады

«Мамонт тіс пастасы»

Қажетті құрал-жабдықтар: сутек пероксиді, жуғыш зат, бояу, калий перманганаты, колба, қасық

Жасалу реті: сутек пероксидінің үстіне жуғыш затты құйып, араластырамыз, үстіне калий перманганатын саламыз $3 \text{H}_2\text{O}_2 + \text{жуғыш зат} + 2 \text{KMnO}_4 \rightarrow 3 \text{O}_2 + 2 \text{MnO}_2 + 2 \text{KOH} + 2 \text{H}_2\text{O}$ нәтижесінде тіс пастасына ұқсас ерітінді дайын болады

«Су үстіндегі от»

Қажетті құрал-жабдықтар: дистелденген су, лак, сіріңке

Жасалу реті: дистелденген судың үстіне лакты құямыз, әрі қарай лактың үстіне сіріңкені жағамыз. Лактың тығыздығы судың тығыздығынан жеңіл болғандықтан және құрамында изопропил спирті жанады.

«Қан реакциясы»

Қажетті құрал-жабдықтар: темір хлориді, калий радонийді, колбалар, қасықтар, дистелденген су, пипетка

Жасалу реті: колбаларға темір хлориді мен калий радонийді ерітіп аламыз. Дайын ерітіндіні қолымызға кезекпе кезек тамызғанда, қан түстес ерітінді шығады.

$\text{FeCl}_3 + 3\text{KSCN} \rightarrow \text{Fe}(\text{SCN})_3 + 3\text{KCl}$ бұл кино саласында жасанды қанның ролін атқарады

Осындай қызықты тәжірибелерді білім алушылар көріп, жасаса онда оларда қызығушылық қалыптасады. Енді 10 сынып білім алушыларына жүргізген бейінді мотивацияның нәтижесімен бөліссем. 10 сынып білім алушылары болашақ химия пәнінің мұғалімі, болашақ дәрігер мамандықтарын таңдаушылар. Бейіндіқызығушылық бұл жоғары сынып білім алушыларына таңдаған мамандығы бойынша құнды ақпаратпен бөлісу. Сонда болашақ мамандар сапалы, өз мамандығын өз қалауымен таңдаған тұлға болады.

Қорытындылай келе, білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, оқу және бейінді мотивацияларын жоғалтып алмас үшін педагогтың рөлі маңызды. Білім алушыларға ішкі қызығушылықтарын қалыптастыра отырып, сыртқы мотивацияны мұғалім, ата ана тарапынан берілсе, онда білімді, елін сүйетін азаматтар қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С.Жайлауов «Химиялық элементтер әлемінде».
2. <https://melimde.com/motivaciya-psiologiyasi-ebekti-negizgi-obektisi-adam-derigerl.html>
3. <https://www.1urok.ru/categories/18/articles/17717>
4. Ковалевская А.А. Методы повышения мотивации учеников на примере изучения химии.
5. Семенюк В.П. Информационные технологии как средство повышения мотивации обучения химии.

ӘОЖ 546:004

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ОРНЫ

Жанпейсова А.Б.

Ғылыми жетекші: Шаихова Б.К., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ҚАЕУ Жоғарғы колледжі

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: zhanpeisova_altyn@mail.ru

Қазіргі мектеп бәсекеге қабілетті және құзіретті тұлғаны қалыптастыру үшін оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру ордасы болу қажет. Біздің алдымызда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан тұр, яғни біз білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеруіміз қажет. Елбасының білім беру жүйесіне жасап отырған нақты қамқорлығы өз кезегінде бізге нақты міндеттерді де жүктейді. «Қазақстан Республикасының негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес қазіргі қоғамның басты қажеттіліктерінің бірі өмір бойы үздіксіз білім алуға қабілетті белсенді танымдық қызығушылығы бар тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында сыни, шығармашылық және позитивті ойлауды, өмір бойы оқуға деген ынтаны дамыту қажет.

Қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі-оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Танымдық қызығушылық мәселесі оқу процесінде ең негізгілердің бірі болып қала береді, өйткені оның қызметі жоғары тиімділікпен, мотивацияның жоғары деңгейімен және жобалық қызметімен сипатталады.

Танымдық қызығушылықты қалыптастыру шарттарына оқушыларға әртүрлі есептерді орындау кезінде өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беру, мәселелік жағдайдың балама және креативті шешімдерін табу, есептер мен тапсырмалар оқушылардың даму деңгейі мен мүмкіндіктеріне сәйкес келуі, сабақта жағымды эмоционалды жағдай жасау болып табылады. Танымдық қызығушылық оқушыларды оқу пәндерін немесе пәннің жеке тақырыптарын тереңірек зерттеуге итермелейді, бұл өз кезегінде олимпиадалар мен жобаларға қатысуға ынталандырады. Сондай-ақ, танымдық қызығушылық білімнің оңай сіңуіне және оқушылардың жадында ұзақ уақыт сақталуына көмектеседі. Осылайша, танымдық қызығушылық оқушылардың танымдық бағытына және жалпы тұлғаның дамуына әсер етеді. Танымдық қызығушылығы қалыптасқан оқушы материалды оңай және берік есте сақтайды, өйткені оқушы өз мүдделеріне сүйенеді де оның қызметі де тиімдірек болады.

Химия пәнін оқыту үдерісін жетілдіру оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденімпаздығын арттыруға негізделген. Оқу-танымдық қызмет барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, шығармашылдық ойлауы мен танымдық қызығушылықты да дамытады.

Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері олардың танымдық қызығушылықтары: -таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы;

-өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;

-оқу-танымдық қызметтегі негізгі түйінді мәселені анықтау білігі;

-игерілген білімді талдай білуі;

-өз іс-әрекетін бақылау, бағалау көрсеткіштерінде беріледі;

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуде ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс-әрекетін бақылап, бағалай білуімен сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындайды.

Оқушының ойлау қабілетінің даму жолдарының алғы шарттарының бірі-оқушыны пәнге деген қызығушылығын анықтау, тәрбиелеу, жетілдіру, оның бойындағы ерекше қасиеттерін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік көрсету. Осы қағиданың негізінде ерекше қабілеті бар балалар ізденіс жұмыстарына белсене қатысып тартылады.

Оқушының шығармашылық ізденіске баулу, танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында сабақ барысында түрлі танымдық ойын түрлерін пайдалану және химиялық есептер мен шығармашылық тапсырмаларды орындаудың тиімділігі зор. Оқушыларға жаңа сабақты түсіндіргенде және бекіту кезінде, химиялық есептерді талдау, логикалық есептерді шығару слайд арқылы түсіндірілсе, оқушылар біріншіден, тыңдау арқылы, екіншіден, көру арқылы әсер алып, есте жақсы сақтайды.

Химия пәнін оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – оқушылардың химиялық білім негіздерін толық түсіну мен меңгеру арқылы оқушылардың танымдық қызығушылық, ізденімпаздық қабілетін дамыту. Химия пәнін оқып – үйренгенде есептер шығарып, жаттығулар орындаудың маңызы өте зор. Есеп шығарып, жаттығулар орындау білімді тексеру ғана емес, сонымен қатар оқушыларды өздігінен ізденуге де дағдыландырады. Есеп шығару – оқушыларды химиялық ой – өрісін дамытудың негізгі құралдарының бірі, теориялық білім мен тәжірибе арасындағы байланысты жүзеге асырудың жолы болып табылады.

Химиялық есеп шығару оқушыларды жаңа химиялық біліммен қаруландырып, қалыптасқан іскерліктері мен дағдыларын жүйелеуге және нақтылауға да көмектеседі. Есеп шығару барысында оқушының білімі, зердесі, ойлау қабілеті дамумен қатар химиялық білімді, заңдарды, құбылыстарды тереңірек түсінуі қалыптасады.

Химиялық есептер :

- 1) Жаңа химиялық ұғымдар мен мағлұматтарды үйрету;
- 2) Сарамандық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- 3) Білімнің тереңдігі мен баяндылығын тексеру;
- 4) Проблема қою, проблемалық жағдай туғызу;
- 5) Материалды пысықтау, қорытындылау және қайталау;
- 6) Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденімпаздық қабілетін тәрбиелеу үшін қолданылады.

Есеп шығару химия пәнін меңгеруде үлкен орын алады, себебі ол кезде оқушы өзінің алған теориялық білімін практикада қолданып үйренеді. Мектеп курсында химиялық есептер шығарту оқытудың жалпы жүйесінде сарамандық әдістердің бірі болып табылады.

Химиялық есептер – сұрақ жағдайы бар танымдық тапсырмалар, оған қойылатын талаптар, функционалдық тәуелділіктер және жауап талаптары кіреді. Өзінің дидактикалық мақсаты бойынша тапсырмалар - бұл білім мен іскерлікті интегративтік қолданудың, химиялық тілдің сандық және сапалық сипаттамалары арасындағы тұтастықты орнатудың құралы.

Химиялық есептерді шешу – химия ғылымының негіздерін меңгертудің фундаменти. Оқу үдерісіне міндеттерді қосу оқытудың келесі дидактикалық принциптерін іске асыруды көздейді:

- 1) оқушылардың дербестігі мен белсенділігін қамтамасыз ету;
- 2) білім мен шеберліктің беріктігіне қол жеткізу;
- 3) оқытудың өмірмен байланысын жүзеге асыру;

Химиялық есептерді екі топқа жіктеу жалпыға бірдей танылады: сандық және сапалық, оларды шешу үшін есептеулердің қажеттілігіне байланысты.

Бүгінгі таңда химиялық проблемаларды жіктеуге бірыңғай көзқарас жоқ. Мектептегі химиялық есептердің нақты дамыған жіктелуі жоқ. Химия бойынша оқулықтарда есептерді шығаруға арналған арнайы әдістемелік құралдар және мақалаларда тапсырмаларды жіктеудің түрлі нұсқалары берілген. Химиялық проблемалар ауызша, жазбаша және эксперименталды түрде шешілетін сапалы және сандық болып жіктелетіні жалпыға мәлім [18].

Химиялық есептеулерді 3 топқа бөлуге болады:

1) Заттардың химиялық формуласын немесе формуланы алу арқылы шешілетін тапсырмалар;

2) Химиялық реакция теңдеуі қолданылатын есептер;

3) Заттардың ерітінділеріне байланысты тапсырмалар.

Есеп шығартуда мынадай әдістемелік принциптерді ескеру керек:

1) Есепті алдымен мұғалім өзі шығарады және оны талқылайды;

2) Оқушылар есептің шартын әр уақытта көріп отыру қажет;

3) Есепті шығаруда оқушылар өзіндік және ізденімпаздық іс-әрекеттерін көрсетуі қажет;

4) Есептің шығаруын қадағалай отырып, оқушыларға өзіндік таңдау жүргізу керек;

5) Химияны оқыту процесінде мұғалім жиі есеп шығартуға көп көңіл бөлу керек.

Енді берілген есепті шығарудың алгоритмдік іс-әрекетін қарастырайық:

Есепті шығару алгоритмін № 1 және 1-, 2-кестелерден көруге болады.

Мысалы: 16 г SO_2 алу үшін H_2SO_4 –мен қанша грамм Na_2SO_3 әрекеттеседі.

1) Есептің мазмұнын жазу;

2) Реакция теңдеуін құру;

3) Алғашқы іс-әрекетті орындап, реакция теңдеуі арқылы SO_2 мен Na_2SO_3 массасын табу;

4) Мазмұндағы SO_2 салмағын теңдеу бойынша алынған SO_2 салмағымен салыстыру;

5) Na_2SO_3 массасын анықтау;

6) Есептің жауабын жазу. Енді осыны мысалмен көрсетейік.

1. Есептің мазмұнын жазу:

Берілгені:

$m(\text{SO}_2) = 16 \text{ г}$

$m(\text{Na}_2\text{SO}_3) = ?$

2. Реакция теңдеуін жазу:

$\text{Na}_2\text{SO}_3 + \text{H}_2\text{SO}_4 = \text{Na}_2\text{SO}_4 + \text{SO}_2 + \text{H}_2\text{O}$ (1)

3. Алғашқы іс-әрекеттер:

$M(\text{SO}_2) = 64 \text{ г/моль}; \quad m(\text{SO}_2) = 1 \text{ моль} \cdot 64 \text{ г/моль} = 64 \text{ г}$

$(\text{Na}_2\text{SO}_3) = 126 \text{ г/моль}; \quad m(\text{Na}_2\text{SO}_3) = 1 \text{ моль} \cdot 126 \text{ г/моль} = 126 \text{ г}$

4. Заттың массаларын салыстыру:

$16 \text{ г} < 64 \text{ г}$ 4 есе яғни Na_2SO_3 массасы 4 есе аз болады.

5. Заттардың массасын есептеу:

$m(\text{Na}_2\text{SO}_3) = 126 \text{ г} : 4 = 31,5 \text{ г}$

Жауабы: 16 г SO_2 алу үшін 31,5 г Na_2SO_3 керек.

Көрсетілген химиялық есептерді шешу алгоритмдерінің нұсқасы бір негізде болғанымен есептің түріне сәйкес мазмұны өзгешеленген. 2-кесте алгоритмінде есептеу жолы математикалық бағытқа көбірек негізделеді. Сандық және сапалық есептердің барлық түріне осы алгоритм ретімен шешу жұмысын жүргізуге болады.

Кесте 1 – Заттағы элементтің массалық үлесін есептеу есептерін шығару алгоритмі

Әрекеттердің реттілігі	Әрекет мысалы
1. Тапсырма мәтінін оқып шығу	1. Әрбір элементтің массалық үлесін есептеңіз натрий хлориді NaCl.
2. Жалпы қабылданған жазбаны қолдана отырып, тапсырманың шарттары мен талабын жазу	2. Берілген: NaCl қосылысының құрамы. Табу: ω (Na), ω (Cl) Шешуі:
3. Элементтердің массалық үлесін есептеудің негізгі формуласын жазу	3. $\omega = n \cdot A_r / M$
4. NaCl қосылысының салыстырмалы молекулалық салмағын есептеу	4. $M_r(\text{NaCl}) = 23 + 35,5 = 58,5 \text{ г / моль};$ $A_r(\text{Na}) = 23 \text{ г / моль},$ $A_r(\text{Cl}) = 35,5 \text{ г / моль}.$
5. Есептелген шамаларды алмастыру массаны есептеу формуласында орын алады	5. $\omega(\text{Na}) = 1 \cdot 23 \text{ г / моль} / 58,5 \text{ г / моль} = 0,39,$
Заттың элементі туралы	$\omega(\text{Cl}) = 1 \cdot 35,5 \text{ г / моль} / 58,5 \text{ г / моль} = 0,61.$
6. Тексеріңіз: құрамына кіретін барлық элементтердің массалық фракцияларының қосындысы Қосылыстың құрамы - 1.	6. Тексеру: $0,39 + 0,61 = 1$
7. Мәселенің жауабын жазып алу	7. Жауап: натрийдің массасы - бұл 0,39, хлордың массалық үлесі - 0,69.

Кесте 2 – Заттың массасын есептеу бойынша есептерді шешу алгоритмі ерітіндідегі ерітіндінің массалық үлесін қолдану [19].

Әрекеттердің реттілігі	Әрекет мысалы
1. Тапсырма мәтінін оқып шығыңыз.	1. 500 г ерітіндіні дайындау үшін қанша грамм йод пен этанол алу қажет, егер 5% йод тұнбасын дайындау керек болса?
2. Жалпы қабылданған жазбаны қолдана отырып, тапсырманың шарттары мен талабын жазыңыз.	2. Берілген: $m(\text{ерітінді}) = 500 \text{ г}.$ $\omega(\text{гв}) = 5\% = 0,5$ Табыңыз: m, m_1 Шешімі:
3. Ерітілген заттың үлес салмағын есептеу формуласын жазыңыз ерітіндідегі заттар.	3 $\omega = m(\text{зат}) / m(\text{ерітінді}),$ демек $m(\text{зат}) = \omega \cdot m$ (шешім)
4. Ерітілген массаны есептеңіз заттар.	4. $m(\text{заттар}) = 0,5 \cdot 500 \text{ г} = 25 \text{ г}.$

5. Ерітіндінің массасын есептеу формуласын жазыңыз.	5. m (ерітінді) = m (зат) + m_1 , осыдан $m_1 = m$ (шешім) - m (нақты) күй).
6. Еріткіштің массасын есептеңіз.	6. $m_1 = 500 \text{ г} - 25 \text{ г} = 475 \text{ г}$.
7. Мәселенің жауабын жазып алыңыз.	7. Жауабы: 500 г 5%-дық йод тұнбасын дайындау үшін 25 г йод және 475 г этанол қажет.

Қазіргі кезеңде елімізде қанатын жая бастаған, жаңа типті білім ордалары мектептердегі оқыту процесінің басты ерекшелігі оқушылардың дербестігін күшейтуге, білімдерін өздігінен толықтыру мәселесіне баса көңіл аудару болып табылады. Дербестіліктің дамуы жас зияткерлердің алған білімін іс жүзінде еркін қолдана білуінен байқалады. Ал дербестілікке қол жеткізу әрбір сабақта оқушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастырумен, сол арқылы оқушылардың логикалық ойлау әрекетін дамытумен тікелей байланысты.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде оларға күрделілігі жоғары есептер беру өте маңызды. Өйткені белгілі бір «өзіндік құпиясы» бар, «қызық» есептер шығару – химия ғылымын өмірмен байланыстыратын тамаша әдіс. Есептер шығару арқылы баланың ойлау, есте сақтау, ғылым тілінде сөйлей алу қабілеттері дамиды, химиялық заңдар мен құбылыстарды түсінуі қалыптасып, дүниетанымы артатыны сөзсіз.

Есептер шығару химияны оқыту жүйесінде маңызды рөлді алады. Есептер теориялық білімді толықтауға, жаңа жағдайда шығармашылық танытуға, ізденуге, оқу-танымдық құзреттілігін қалыптастыруға, ойлауға үйретіп, оқушының пәнді жақсы білетінін анықтауды қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері.– Астана, 2015. – 152 б.
2. Едігенова А. Танымдық қызығу ерекшеліктері/А. Едігенова. // Қазақстан мектебі. – 2014 ж. - №7,8 222б.
3. Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. Химияны оқыту әдістемесі: оқулық // Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берек» баспанасы – 2014. 224б.
4. Тантыбаева Б. С. Химиядан есеп шығарып үйренеміз: Оқу құралы / Б. С. Тантыбаева, З. С. Даутова, Б.К.Шаихова - Өскемен : С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы; 2021. -117 бет.
5. Тантыбаева Б. С. Жалпы және физикалық химиядан есептер: Оқу құралы / Б. С. Тантыбаева, З. С. Даутова, С.С.Оразова - Өскемен : С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы; 2021. -113 бет.
6. Усманова М.Б, Сақариянова К.Н. Химиядан сандық есептер шығару әдістемесі. / Алматы, Атамұра – 2004ж- 149 бет.

ХИМИЯДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ЗАМАНАУИ STEM ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Касымбекова А.Д.

Ғылыми жетекші: Мукажанова Ж.Б., PhD, химия кафедрасының
қауымдастырылған профессоры м.а.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл зерттеу химия пәнін оқытуда оқушылардың белсенділігін арттыру үшін заманауи STEM (Science, Technology, Engineering, and Mathematics) әдістерін қолданудың тиімділігін зерттеуге арналған. STEM білім беру моделі ғылыми, техникалық, инженерлік және математикалық пәндерді біріктіре отырып, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Зерттеудің мақсаты – химия пәнін оқыту барысында STEM әдістерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, олардың ғылыми түсініктерін кеңейту және практикалық дағдыларын жетілдіру. Сонымен қатар, жұмыс барысында STEM әдістерінің оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және ғылыми эксперименттер жасауға ынталандыратыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде химия пәнінде заманауи STEM әдістерін қолдану оқушылардың пәнді терең түсінуіне және ғылыми концепцияларды практикамен байланыстыруға мүмкіндік беретіндігі көрсетілді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру және белсенділігін жоғарылату мақсатында STEM әдістерін оқу үдерісінде кеңінен қолдануға бағытталған ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулар берілді.

Кілт сөздер: химия, STEM (Science, Technology, Engineering, and Mathematics) әдістері, проектілік оқыту, мәселеге негізделген оқыту PBL

Оқушылардың танымдық қабілетін арттыруда мектептегі жаратылыстану ғылымының маңызы зор. Заманауи әлемдегі ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы жаңа ұрпақты өз бетінше талдап, мәселелерді шешуге қабілетті білімді де білікті маман болып қалыптасуын талап етеді. Сондықтан жаратылыстану пәндерін, әсіресе химия пәнін оқыту оқушыларға қазіргі ақпараттық қоғамда табысты бейімделу үшін қажетті білім, білік және дағдыларды бере отырып, оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігіне айналды.

Жұмыстың мақсаты – химия пәнін оқытудың оқушылардың танымдық қабілетін арттыру үшін заманауи STEM (Science, Technology, Engineering, and Mathematics) әдістерін қолдану. Сыни тұрғыдан ойлауды, проблемалық ойлауды қалыптастыруға және аналитикалық күзіреттілікті дамытуға ғылыми эксперименттердің, зертханалық жұмыстардың, зерттеушілік тәсілдің және басқа да оқыту әдістерінің әсері қарастырылады. Сондай-ақ химия пәнін оқыту үдерісіндегі мұғалімнің рөлі мен оның оқушылардың оқытылатын пәндерге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға ықпалына ерекше назар аударылады.

Сонымен бірге, оқу материалын нақты мысалдармен байланыстырудың және оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға және ғылыми қызығушылығын оятуға септігін тигізетін ғылыми білімді практикалық іс-әрекетте қолданудың маңыздылығы көрсетілген. Нәтижесінде, танымдық қабілеттердің мұндай жетілдірілуі білім сапасын және оқушылардың жаңа білімді табысты меңгеруге және күрделі мәселелерді шешуге дайындығын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Химия пәнін оқытудың оқушылардың танымдық қабілетін арттыру үшін заманауи STEM инновациялық оқыту әдістері:

1. Проекттік оқыту. Проекттік оқыту әдісі химия пәнінде білім сапасын арттыруға көмектеседі. Оқушыларға нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобалар беру арқылы олардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдану қабілеттері дамиды. Мысалы, экологиялық жобалар, химиялық тәжірибелер және биологиялық зерттеулер арқылы оқушылар нақты зерттеу жұмыстарын орындауға үйренеді.

2. Мәселеге негізделген оқыту (Problem-Based Learning). Бұл әдіс оқушыларды ғылыми проблемаларды талқылауға және оларды шешу жолдарын іздеуге үйретеді. Мәселеге негізделген оқыту жаратылыстану пәндерін оқыту барысында оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Олар мәселелерді шешуде өздерінің шығармашылық қабілеттерін пайдаланады және нақты өмірлік жағдайлармен жұмыс істеуге дағдыланады.

3. Интерактивті және тәжірибеге негізделген оқыту. Интерактивті әдістер, оның ішінде зертханалық жұмыстар, топтық жобалар және тәжірибелік сабақтар оқушылардың білім сапасын арттыруға үлкен ықпал етеді. Мысалы, химияда түрлі реакцияларды талдау білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін жоғарылатады.

4. Виртуалды зертханалар және симуляциялар. Қазіргі таңда білім беру саласында цифрлық құралдар кеңінен қолданылуда. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар оқушыларға күрделі тақырыптарды көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, химиялық реакциялар мен физикалық процестерді симуляциялау оқушылардың теориялық білімдерін бекітуге көмектеседі және тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.

STEM әдісін жаратылыстану бағытында қолдану оқушылардың білімін жүйелі түрде дамытуға жағдай жасайды. Оқушылардың ғылыми және техникалық дағдыларын қатар дамыту арқылы оларды болашақта ғылыми-зерттеу немесе инженерлік бағытта табысты жұмыс істеуге дайындайды. Бұл әдіс тәжірибелік жұмыстар мен жобаларды біріктіріп, кешенді оқытуға мүмкіндік береді.

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

STEM жаратылыстану пәндерінің проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі.

Зертханалық практикум химия пәнін STEM оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. STEM зертханаларының мақсаты — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту.

Нақты әлемдегі үдерістерді компьютерлік, ақпараттық-бағдарламалық тұрғыдан жасақталған, STEM технологияларының озық түрлерінің (математикалық модельдеу, инженерлік графика, дизайн жасау, сандық зертханалар) көмегімен бақылап, зерттеп, қандайда бір өнімдер жасауға болады.

Сандық зертханалар – жаратылыстану цикліндегі сабақтарда демонстрациялық және зертханалық сабақтарды жүргізу үшін қажетті қондырғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары. Сандық (компьютерлік) зертхана – әрүрлі физикалық-химиялық шамаларды тіркейтін датчиктер (құрылғылар) мен контейнерден, жеке компьютермен байланыс жасау қабілеті бар өлшеу блогынан тұрады. Мұндай зертханаларды қолдану жұмыс барысындағы көрнекілікті арттырып қана қоймай, зертхана комплектісіне енетін жаңа, сезімтал құралдар арқылы жұмыс нәтижелерін де тез, әрі жоғары дәлдікпен өңдеуге көмек береді, мысалы, химия-биологиядан (жарықталу, ылғалдылық, тыныс алу, оттегі концентрациясы, жүрек жиырылуының жиілігі, температура, қышқылдылық және т.б. датчиктер), физика зертханасында (күш, арақашықтық, қысым, температура, ток күші, кернеу, жарықталу, дыбыс, магниттік өріс датчиктері). Сандық зертханалар жабдықтары әмбебап, әртүрлі тәжірибелік қондырғыларға жалғануы мүмкін, өлшеулерді «далалық жағдайда» жүргізуге болады, мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдейді, өлшеу параметрлерін өзгерту мүмкіндіктері арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Қазіргі жаратылыстану білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану оқу экспериментінің жаңа түрін – виртуалды эксперименттің пайда болуына әкелді. Бұл STEM технологиялардың виртуалды модельдеу түрі болып саналады.

Виртуалды зертхана – компьютерде химиялық, физикалық, биологиялық т.б. үдерістерді модельдейтін (үлгілейтін), оның шарттары мен жүргізу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарлама. Мұндай бағдарлама интерактивті оқытуды іске асыру үшін ерекше жағдай жасайды.

Виртуалды зертханалар әртүрлі үдерістердің жүру шарттары мен белгілерін сапалы деңгейде үлгілеуге мүмкіндік береді. Мысалы, химия пәнінен виртуалды зертханалардың анимациялау бағдарламасы ретінде мыналарды атауға болады: (ИНИС-СОФТ, РБ), ChemLab, Yenka және т.б. Сонымен бірге, химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын сандық деңгейде бейнелейтін

виртуальды зертханаларды бөліп атауға болады. Бұл жағдайда сандық өзгерістер графиктер және сандық кестелер түрінде бейнеленеді. Мұндай түрдегі виртуальды зертханаларға HyperChem, ChemStations, ChemCAD және т.б. жатқызуға болады. Визуализация (бейнелеу) тәсілі бойынша екі өлшемді және үшөлшемді графика және анимациялар пайдаланылатын зертханаларды жіктейді. Бұл әдістер белгілі шетелдік жасалымдарда әртүрлі дәрежеде пайдаланылады. Мысалы, Carnegie Mellon University (АҚШ) жасалынған Virtual Chemistry Laboratory білім беру бағдарламасы Интернет арқылы да, компакт-дискілерде де таратылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2017. 325 б.
2. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ «Білімді ел - Образованная страна» №41 (102) 2017 г 52 с.
3. Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. "Білімді ел - Образованная страна" №20 (57) 2016г.
4. С.А.Шитыбаев, Н.А.Уақбаева, Э.Ө.Байғұт. Химия сабақтарында STEM оқытудың тиімділігі және оны қолдану. «Өрлеу-Шымкент» Республи-калық әдістемелік-педагогикалық журналы. №2 (38), 33-37 б.б.

ӘОЖ 373

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Касымова К.О., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Даутова З.С., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: klara0672@mail.ru

Оқуға деген мотивацияны арттыруға және оқушылардың бойында ғылыми жаратылыстану сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған химияны оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдерді жетілдіру мәселесі қазіргі кезеңде келелі мәселеге айналып отыр.

Үшінші мыңжылдықтың басында адамзат технократтық, жаһанданған өркениет әлеуметтік, экономикалық және геосаяси салалардағы жүйелік дағдарыстың көріністеріне тап болды. Басқаларын шиеленістіретін мәселе – бұл биосфераның соңғы шегіне жеткен, табиғи ресурстарды ысырап ету мен барлық тіршілік иелерінің тіршілік ету ортасының бұзылуынан туындаған, өркениеттің өміріне, денсаулыққа қауіп төндіретін жақындаған жаһандық дағдарыс.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – бұл жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері бойынша меңгерген білімдерін қолдана білу, мәселелерді анықтау және

тиісті шешім қабылдау үшін негізделген қорытындылар тұжырымдау және қорытынды жасай білу қабілеттерінің деңгейі.

Химия сабақтарында оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруға көптеген мүмкіндіктер бар: алған білімдерін практикада қолдана білуге және әлеуметтік бейімделу процесінде пайдалана білуге үйрету арқылы құбылыстар мен процестерді түсіндіре білу, зерттеу гипотезасын қоя білу дағдыларын қалыптастыру, сұрақтар қою және оларға жауап беру, талдау және синтездеу, зерттеу, тәжірибе жасау және бұрын алған білімдерін пайдалана отырып қорытынды жасауға дағдыландырады.

Оқушылар химия сабағында алған білімдерін практикада қолдана отырып, бақылауда, жобаларды орындауда, зертханалық және практикалық жұмыстарда жүзеге асырады.

Өмір бойы үнемі жинақталатын барлық білім, білік және дағдыларын адам қызметінің әртүрлі салаларындағы мүмкін болатын кең ауқымды міндеттерді шешуге, қарым-қатынас пен әлеуметтік қарым-қатынастар үшін пайдалана алатын адам функционалдық сауатты адам болып табылады.

Өмір бойы әрбір адам білімін іс жүзінде қолдану тәжірибесін жинақтайды, бірақ бұл процесс мектептен басталады. Сондықтан заманауи мұғалімде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалай алатын және қалыптастыратын құралдары болуы керек, ол сабаққа және сыныптан тыс жұмыстарға тапсырмаларды уақытылы және дұрыс таңдай білуі, оқушылардың мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білуі олардың шеберлігіне де тікелей байланысты болады.

Химия сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері маңызды практикалық мәселерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Сыни ойлауды дамытатын оқу шарттарын, яғни оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін оқушыларға еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру, сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету, кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру, сыни ойлауды бағалау, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп, адамның мамандығына жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық алты бағыттан тұрады:

1. Оқу сауаттылығы
2. Математикалық сауаттылық

3. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы
4. Ғаламдық құзыреттілік
5. Қаржылық сауаттылық
6. Шығармашылық ойлау

Қазіргі әлемдегі өмір адамдардан кәсіпқойлықтың, білімнің, асыл тұқымды малдың болуын ғана емес, сонымен қатар экстремалды жағдайларда тірі қалуды талап етеді. Ол орасан зор ақпарат ағынынан өмірлік білім алуды қажет етеді, яғни халықтың, ең алдымен мектеп оқушылары арасында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды талап етеді.

Бұл қазіргі заманғы білімнің негізінде жатқан функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз - оқушылардың жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерді меңгеру дәрежесін білдіретін, білім беру қызметінде және одан тыс жерлерде тиімді әрекет етуіне мүмкіндік беретін белгілі бір білім деңгейінің нәтижесі.

Оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қоғамда тиімді жұмыс істеу қабілетін, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін білдіреді. Оқушының білімді өмірлік жағдайларда қолдана білуі (трансфер) оның қазіргі заманғы инновациялар әлеміне сәйкестігін анықтайды.

Демек, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың көрсеткіші болып табылатын оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелі және мақсатты болуды көздейді.

Заманауи білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әр білім беру саласы, сонымен қатар әр оқу пәні тұрғысынан шешілуі қажет.



Сурет 1 - Ғылыми -жаратылыстану сауаттылығы

Жаратылыстану сауаттылығы - адамның жаратылыстану білімдерін меңгеру және пайдалану, сұрақтарды тану және қою, жаңа білімді игеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану проблемаларына байланысты ғылыми дәлелдерге сүйене отырып тұжырымдар жасау қабілеті, жаратылыстанудың адам білімінің бір түрі ретіндегі негізгі ерекшеліктерін түсіну; жаратылыстану ғылымдары мен технологияның қоғамның материалдық, интеллектуалды және мәдени салаларына әсері бар екендігі туралы хабардарлықты көрсету; жаратылыстануға байланысты мәселелерді қарау кезінде белсенді азаматтық ұстанымын 1-суреттегідей көрсету болып табылады.

Жаратылыстану циклі пәндеріндегі оқушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз - жалпы орта білім берудің жаратылыстану циклі пәндеріндегі білім беру стандартында анықталған негізгі құзыреттіліктерді меңгеру дәрежесін білдіретін оқушылардың білім деңгейі, бұл оларға білім беру және білім беру қызметінен тыс жерде тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сондықтан жаратылыстану пәндері сабақтарында оқушылардың оқу әрекеттерін ұйымдастыру үшін функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететін осындай әдістер мен педагогикалық технологияларды, атап айтқанда жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты таңдау қажет.

Жаратылыстану ғылымдары мен технологиялар қоғамның материалдық және интеллектуалды салаларына әсер етеді. PISA жаратылыстану ғылымдарының сауаттылығы тестінің мазмұны төрт компоненттен тұратыны белгілі.

Бірінші блок. «Контекст» өмірлік жағдайларда ұсынылған үш топтық тапсырмаларды ұсынады. Бұл «жеке», «әлеуметтік» және «ғаламдық» (денсаулық, табиғи ресурстар, қоршаған орта, қауіптер мен тәуекелдер, ғылым мен техниканың байланысы).

Екінші блок. Құзыреттілік үш шеберлік тобын бағалайды: ғылыми сұрақтарды тану және қою (проблемаларды анықтау, кілт сөздерді анықтау және негізгі белгілерді табу), құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру (білімді қолдану, құбылыстарды негіздеу немесе түсіндіру және тану) және ғылыми дәлелдерді пайдалану (қорытындыларды тұжырымдау және бағалау салдары).

Үшінші компонент. «Білім» құрамына «Химиялық және физикалық жүйелер» (заттың құрылымы мен құрылысы, заттардың химиялық өзгерістері, қозғалыс пен күштер, энергия), «Тірі организмдер жүйесі» (жасуша, адам, популяциялар, экожүйелер мен биосфера), «Жер және ғарыш жүйелері» (жүйелердегі энергия және Жер тарихы) және «технологиялық жүйелер» (ғылым мен техниканың байланысы, өнертабыстар) кіреді.

Төртінші блок. «Қарым-қатынас» оқушылардың білімге деген қызығушылықтары мен қызығушылықтарының қалыптасқан деңгейлерін және зерттеу мәселелерін ашады.

Осылайша, осы бағыттың мазмұндық блоктары мен құралдары жасөспірімнің табиғи ғылыми құбылыстарды түсіну және түсіну, түсіндіру және

дәлелді дәлелдеу және ғылыми негізделген тұжырымдау қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Мектепте химияны оқытудың басты мақсаты – күнделікті тұрмысқа қажетті және республикамыздың шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларына қатынасы бар химиялық білім мен білікті оқушыларға меңгерту болып табылады.

3. Дранишникова Л.И., Епифанова И.Г., Плотникова М.Н. Формирование познавательных универсальных учебных действий на уроках химии через решение учебных задач межпредметного содержания// Наука и школа. 2012. №5.

ӘОЖ 74.262.4

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДИАЛОГТІК СҰРАҚ ҚОЮ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Умбетеева А., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Шарипханова А.С., б.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: asel.umbeteeva@mail.ru

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процессті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор роль атқарады. Бүгінгі таңда жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгеру – қазіргі заман талабы. Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға күрделі және өзекті мәселеге айналууда. Оқыту барысында озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Осы орайда әр сабақта жаңаша технологияларды пайдаланып, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілсе оқушының да пәнге деген қызығушылығы артады.

Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей

байланысты. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Оқудың белсенді әдістеріне: пікір-таластар, өзін-өзі бағалау, тест құру және бірін – бірін тексеру жатады. Бұл бағыт мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындау мүмкін сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді.

Сонымен, қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс. Осы кезде мұғалімнің талапқа сай оқушының білім алу белсенділігін жоғарылату мақсатында жаңа технологиялар меңгеруі қажеттілігі туындап отыр. Жоғары технологиялар заманында адамға жан-жақтан түрлі ақпарат келіп түседі, сондықтан қазіргі заман адамы ақпараттармен жұмыс жасай біліп, қажетін алып қолдана алу бейімділігін қажет етеді. Сабақ беруге және оқытуға барынша мақсатқа сай және креативті амалдарды дамытуда орталық аспект мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастардың түсінікті болуы керек. Егер оқытуға белсенділік пен өзара әрекет кіретін болса, ол тиімдірек бола алады. Оқуды белсендіруге және диалог түрінде оқытуды белсендіруге ықпал ететін кез келген тәсілді қолдау мектептің басынан бастап құқықтар тең бөлінген орын екенін білдіретін фактіні растайды; сабақ беру мен оқыту талқылау үдерісінде жүзеге асырылуға және ынтымақтастық қолдануға тиіс, сондықтан мұғалімдер оқушыларға өз бетінше орындау құқығын беретін, сыныпта аса демократиялық атмосферасын қалыптастыратын тәсілмен оқыту үдерісін көңіл бөле ұйымдастыруы керек.

Бағдарламаға сай, сабақ барысында «Сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді» қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілі кеңінен қолданылуда.

Тіл – ол сөйлесу құралы. Тіл тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Оқушыларға берілетін білімнің негізін тіл немесе диалогта жатыр. Диалогтік оқытуды пайдалану арқылы пәнге деген ынтасы мен белсенділігін арттыру және топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы бірлескен оқытуды жүзеге асырып, табысты оқуға қол жеткізе отырып, диалогтік оқытудың тиімділігін ашу. Жеті модуль арасында диалогтік оқытуды сабақтарда пайдаланудың тиімділігі басым және оны үнемі қолданады.

Биология сабағында тәжірибе көрсету, сабақ түсіндіру барысында сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, өйткені сыни сұрақтың қойылуы оқушыларды ойландырып, сабақ барысында алған білімін қорытындылай білуге үйретеді. Сабақ барысында оқушылардың білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу, қайта бағыттау сияқты техникаларын пайдаландым.

Жалпы диалогтік оқыту технологиясы дегеніміз - бұл оқытудың заманауи әдіс, оқушылардың өзара әрекеттесу арқылы білім алуына бағытталған әдіс. Бұл технология оқушылардың сыни ойлауын, коммуникативтік дағдыларын және

өзара түсіністігін дамытуға көмектеседі. Диалогтық оқытуда мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас маңызды рөл атқарады, себебі бұл әдіс арқылы оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, мәселелерді шешуге белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Диалогтық оқыту технологиясының негізгі ерекшеліктері:

1. Өзара әрекеттесу: Оқушылар мен мұғалімдер арасында белсенді диалог орнатылады. Бұл оқушылардың өз ойларын еркін білдіруіне және пікір алмасуына мүмкіндік береді;

2. Сыни ойлау: Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Олар өз пікірлерін дәлелдеп, басқа көзқарастарды талқылайды;

3. Коммуникативтік дағдылар: Оқушылардың сөйлеу, тыңдау және түсіну дағдыларын жетілдіреді;

4. Топтық жұмыс: Оқушылар топтарда жұмыс істеп, бір-біріне көмектеседі және бірлесіп шешім қабылдайды.

Диалогтық оқыту технологиясының артықшылықтары:

- Оқушылардың белсенділігін арттырады;
- Оқушылардың өзара түсіністігін жақсартады;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- Оқушылардың өз бетінше білім алуына ықпал етеді.

Диалогтік оқыту әдісін мұғалімдер тиімді қолданса, онда оқушылардың ой-өрісі кеңейіп, оқуға, білімге деген құштарлығы артып, ауызекі сөйлеу дағдысы дамып, білім сапасы да артады.

Сыныпта қолданған диалогтік әдіс-тәсілім оқушылардың білімін қалыптастыруға, тақырып бойынша өз ойын еркін жеткізге, басқаның пікірін тыңдай білуге, сыни тұрғыдан ойлауға, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға үлкен көмегін тигізді. Сабақтың тақырыбын оқушыларға жетелеуші сұрақтар арқылы анықтатып, оқушылармен бірлесе мақсат қойып, нәтижеге бірге жетуге ынтымақтастықпен жұмыс жасалады.

Диалогтік оқыту технологиясында оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тәсілі – оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Сыныпта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі - төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар қолданылады. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады.

Тиімді педагогика аясында бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу

және қайта бағыттау сияқты түрлі техникаларын пайдалануға болады. Ол үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынамалау, қайта бағыттау сияқты әр түрлі технологияларды пайданылады. Сынамалауға арналған сұрақтар: оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, ойларын анық білдіруге көмектесетіндей етіп құрылады.

Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті сұрақ қоюды пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады.

Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті. Сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;

- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;

- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;

- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;

- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

Мұғалімдер сабақ барысында сауалнама түріндегі кері байланыс әдісін қолданады және сабақ барысында көптеген сұрақтар қояды. Өткізген сабақтарымызда сынып оқушыларының өзара білімін дамыту мақсатында бірлескен сұхбатынан: оқушылар бірін – бірі оқытады, пікірлеседі, ой бөліседі, әңгімелеседі. Бұның бәрі де диалогтық оқыту әдістері негізінде жүзеге асып отырады. Оқушылардың тілдік қорын молайтуға, білім деңгейін көрсете алуына, білімін әділ бағалауына оң әсерін тигізетініне сенімім мол.

Жаңаша ізденіс, жаңаша көзқарас жалғасын тауып, ел ертеңі келешек ұрпақтың білім алудағы жетістікке жету жолында нәтижелі еңбек ететіні сөзсіз.

Мысалы биология сабағында «Сабақтың қызметі мен түрлері» тақырыбында Блум таксономиясы бойынша «Көпір» тапсырмалары арқылы төмендегідей сұрақтар беруге болады:

1. Өркен деген не?

2. Өркен қандай бөліктен тұрады?

3. Өркеннің қандай түрлері бар?

4. Өркен өсімдіктің қандай мүшесіне жатады?

5. Бүршіктің қандай түрлері бар?

6. Төбе, қолтық, қосалқы, бұйыққан бүршіктер деп қандай бүршіктерді айтамыз?

7. Бүршіктен не дамиды?

8. Бүршік қайда бекінген? деген сұрақтар бере отырып, сұрақтарға оқушылар қызығушылықпен жауап берді.

«Түсіну» жүйесі бойынша «Менен — сұрақ, сізден — жауап» тапсырмасы бойынша оқушылар бір-біріне тақырыпқа байланысты сұрақтар қоя алады.

Мысалы: Сабақ қандай қызмет атқарады?

Сабақтың ішкі құрылысындағы қабаттарды ата?

Жасымықша қай қабатта орналасқан, қандай қызмет атқарады?

Өзек қандай қызмет атқарады?

Бір-біріне сұрақтар беру арқылы жауаптарын тыңдай отырып, пікірлерін толықтырып отырады.

Қорыта келе, оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді.

Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады. Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті болып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Alexander, R., Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. [Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну]. (2014).

2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық – «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2014. - 381 с.

3. Ж.Б. Қоянбаев «Педагогика» Алматы, 2016. 187 б.

4. Мұханбетжанова Ә.М. Білімді интеграциялау негізінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру. Алматы. 2010. 186 б.

5. Шарипханова, А.С. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. /А.С. Шарипханова, З.С. Даутова - Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2-ші басылым, 2021.- 192б.

ӘОЖ 546:004

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘМБЕБАП ЖҮЙЕЛІ ОҚЫТУ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шанжың Ербота, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Шаихова Б.К., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: erbota.16@mail.ru

Қазіргі уақытта білім беру жүйесі мазмұнның өзгеруімен, жеке тұлға мен мемлекеттің өсіп келе жатқан талаптарын қанағаттандыра алатын оқытудың оңтайлы әдістері мен технологияларын іздеумен байланысты реформалау кезеңін бастан кешуде.

Жалпы орта мектептің жалпы химия курсының жетекші идеясы бейорганикалық және органикалық химияның біртұтастығы, олардың тұжырымдамалары, заңдары мен теориялары, сондай-ақ заттарды жіктеудің жалпы тәсілдері және олардың арасындағы химиялық реакциялар заңдылықтары негізінде.

Жалпы химияны оқытуда пәндік (арнайы) құзыреттіліктер мен коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту үшін және жүйелі оқыту әрекеттерін қалыптастырудың жағдайлары жасалады. Арнайы (пәндік) құзыреттілік «химия» оқу пәнінің мазмұнымен қалыптастырады. Коммуникативтік құзыреттіліктер оқыту үдерісімен (оқыту нысандары, әдістері, технологиялары) қалыптасады. Оқушыларға мақсатты педагогикалық ықпал ету жүйесі оқу процесін ұйымдастырудың келесі формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады: оқытудың белсенді әдістері, ақпараттық-коммуникациялық технология, тұрақты және ауыспалы құрамдағы топтарда жұмыс істеу, жеке білім беру траекторияларын құру, оқушылардың оқу процесіне рөлдік қатысуы, оқуға белсенді көзқарас әмбебап жүйелі оқу әрекеттерін қалыптастырады.

Химия сабақтарында оқушылардың әмбебап жүйелі оқу әрекеттерін қалыптастыру әдістемесі оқу процесінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға және өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталады. Бұл әдістемені жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды аспектілерді ескеру қажет:

1. Оқу мақсатын нақтылау:

- Оқушыларға оқу мақсатын түсінікті етіп қою;
- Мақсатты бөлшектеп, әр тақырып бойынша нақты міндеттерді анықтау;

2. Оқу материалын жүйелі түрде ұсыну:

- Химиядағы негізгі ұғымдарды түсіндіруді қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңмен жүргізу;

- Әрбір жаңа тақырыпты алдыңғы біліммен байланыстыру арқылы материалдың тұтастығын қамтамасыз ету.

3. Тәжірибелік тапсырмалар мен эксперименттер:

- Оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибелік тапсырмалар арқылы бекіту;

- Лабораториялық жұмыстарды жүйелі түрде орындау және талдау;

4. Оқушылардың белсенділігін арттыру:

- Сабақта сұрақ-жауап әдісін, проблемалық жағдайларды талқылау, рөлдік ойындарды қолдану;

- Топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы бірлескен оқу әрекеттерін дамыту.

5. Өзіндік жұмыс пен рефлексия:

- Оқушылардың өздігінен орындайтын тапсырмаларын беру;

- Сабақ соңында рефлексия жүргізу, яғни оқушылардың не үйренгенін, қандай қиындықтар болғанын талқылау.

6. Бағалау және кері байланыс:

- Әрбір сабақта оқушылардың жетістіктерін бағалау;

- Бағалау нәтижелерін талдау және келесі сабақта осы нәтижелерге сүйене отырып оқыту процесін түзету.

7. Ақпараттық технологияларды пайдалану:

- Оқушыларға қолжетімді электронды ресурстарды пайдалану;

- Химия пәні бойынша онлайн-ресурстар, симуляциялар және интерактивті тапсырмаларды қолдану.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталғаны белгілі. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп отыратыны сөзсіз.

Әдістер өте көптүрлі және шексіз болып келеді. Осыдан келіп әмбебап жүйелі оқыту әрекеттерін, оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда әдісті таңдап алу күрделі, индикативты қолданылуда байқалады. Мұғалім оқыту әдісін таңдап алуда басшылықты оқушылардың өздігінен білімді игеру мен оқу практикалық даярлығын қалыптастыруға бағыттаса, оқушы жеке тұлғалық ерекшелігін ашық шығармашылығын дамытатын потенциалды оқу-танымдық ерекше қасиетін, зерттеушілік ізденімпаз іс-әрекетке бағыттайтын, ғылымды берудің спецификалық таным әдістерін таныстыру, жеке дара психологиялық даму ерекшелігін, оның табиғи және әлеуметтік өндірістік ортасын, мектепке арналған оқыту құралдармен жабдықтаудың, кәсіби даярлық деңгейін, өмірлік іс-тәжірибесі мен мұғалімнің шығармашылықтық ерекшелігін, оның әдістемелік және педагогикалық шеберлігін алу керек, яғни әмбебап жүйелі оқыту әрекеттерін қалыптастыруды ескеру қажет.

Мұғалімнің таңдап алған әдістері, жұмысындағы дидактикалық шеберлігі оқу танымдық стилімен ерекшеленеді, стандартты емес оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырудан жеке дара және инновациялық-шығармашылық танымдылығын, қоғамдағы жаңаша белсенді өзгерістерге гуманистік және демократиялық көзқарасын жетілдіретіндігі айдан анық. Мұғалімнің оқыту әдістері басқа да дидактикалық қызығушылығы, оларға оқыту формасы мен принциптерге оқушының білім алуға деген қызығушылығы, оқу тақырыбының көлемінің күрделілігіне, техникалық оқу құралдары мен жабдыктануы, сынып оқушыларының саны мен олардың дене тәрбиесі, психикалық және интеллектуалды денсаулығының деңгейі, оқу сабақтарының құрылымы, өзара қарым-қатынас ерекшелігі, мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби жеке басының даярлығы, сонымен қатар басқада өлшемдер, көрсеткіштер, талаптармен қоса жаңаша технология, оқу танымдылық іс-әрекетте қызмет ету және оқушының жеке тұлғасының шығармашылықта дамуына, әмбебап жүйелі оқыту әрекеттерін қалыптастыруға байланысты.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер болады. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және

өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға жоспарлануы 1-кестеде берілген.

Кесте 1- Оқыту әдіс – тәсілдері

0447	<i>Анықтамасы</i>
Жүйелік-әрекетті тәсіл	Оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.
Құндылықты-бағдарланған тәсіл	Оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.
Тұлғалық-бағдарланған тәсіл	Педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.
Коммуникативтік тәсіл	Бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.
Интегративтік тәсіл	Оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.
Зерттеу тәсілі	Зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.
Интербелсенді әдіс	үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу өзіне деген сенімге тәрбиелейді шешендік өнерін жетілдіреді танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын) сыни ойлау дағдыларын дамытады өз пікіріне деген құқығын түйсінуі мен жүйелі оқыту әрекеттері артады.

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер

қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың әмбебап жүйелі оқыту әрекеттерін қалыптастыруға, білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және тандап қолдануды талап етеді.

1. «Ыстық орындық» әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

2. «Автор орындығы» оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

«Миға шабуыл» стратегиясы. Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: «оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?»

«3 таяқша» әдісі. Берілген тақырыпқа байланысты. 1 сұрақ - 1 жауап. 1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады. Мысалы: «деңгейлі оқыту туралы»

«Бинго» ойыны. Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру.

«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі

Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

Бұл әдістемені қолдану арқылы оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыруға, оқу материалын терең меңгеруіне және әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Якунина Н.П. Формирование коммуникативной компетенции на уроках химии. 2017. <https://infourok.ru/formirovanie-kommunikativnoy-kompetencii-na-urokah-himii-2312293.html>

2. Айкулова А.К. Б.Блум таксономиясы негізінде оқушылардың жоғар ойлау дағдысын жетілдіру тәсілдері. 2021. URL: <https://astana-modern.kz/wp-content/uploads/2021/08/Б.Блум-таксономиясы-негізінде-оқушылардың-жоғары-ойлау-дағдысын-жетілдіру-тәсілдері.pdf>

3. Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. Химияны оқыту әдістемесі: оқулық // Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берд» баспанасы – 2014. 224б.

4. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Москва: Академия, 2002.

5. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. -Алматы: Қарасай, 2013.-432б.

ӘОЖ 546:004

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІ ОҚУ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шанжың Ербота, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Шаихова Б.К., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: erbota.16@mail.ru

Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Оқушыларға білім беру әр жеке пәннің және пәндер арасындағы жүйелілік құрылымды тиімді қолдану негізінде іске асырылып, білімнің жүйелілігі мен сапалылығын, тереңдігін қамтамасыз ету басты міндет болып табылады. Оқушы білімінің тереңділік деңгейі физика-математикалық, жаратылыстану, гуманитарлық пәндерді қандай дәрежеде меңгергеніне байланысты. Ендеше осындай пәндер қатарына енетін химияның да теориялық және нақты материалы аса мол екені белгілі. Осындай көп материалды оқушыға түсінікті етіп беру көпшілік жағдайда оқу материалын жүйелілік-құрылымдық негізде реттеуді қажет етеді.

«Жүйелі оқу әрекеттері» дегеніміз – оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін қолданылатын белгілі бір жоспарланған, реттелген іс-әрекеттер жүйесі. Бұл әдіс білім алушылардың білімін, біліктілігін және дағдыларын мақсатты түрде дамытуға бағытталған. Жүйелі оқу әрекеттеріне мыналар кіреді:

1. Оқу жоспарын құру: оқу мақсаттарын анықтап, оларды іске асыру жолдарын жоспарлау;

2. Оқыту әдістерін таңдау: Білім беру процесінде қандай әдістер қолданылатынын анықтау (мысалы, лекциялар, семинарлар, практикалық жұмыстар, жобалар);

3. Уақытты тиімді пайдалану: оқу уақытының дұрыс бөлінуі, демалыс пен оқу арасындағы тепе-теңдікті сақтау;

4. Оқуды бақылау және бағалау: оқу нәтижелерін бағалау, кері байланыс алу;

5. Қосымша ресурстарды пайдалану: оқуға қажетті қосымша материалдар мен құралдарды қолдану.

Бұл әдіс оқушылардың өзіндік оқу қабілеттерін арттырып, оларды жоспарлы әрі жүйелі түрде дамытуға көмектеседі.

Химияны оқыту жүйесінде химиялық есептің орын алуы оқушыны жүйелілікке тәрбиелейді. Химиялық теориялық білімдерді түсіну деңгейі, автоматты түрде есеп шешуде маңызды сипатқа ие болады. Оқыту процесі екі негізгі бөлімнен тұрса:

а) Теориялық оқыту

б) Практикалық (тәжірибелік) оқыту

Екі қадамның біреуі ғана орындалған оқыту процесі өз шегіне жетпеген, мақсаты орындалмаған, жүйелігі жоқ іс-әрекет болып табылады. Педагогикалық шыңына жету мақсатында химия саласы оқу міндеттерін толықтай орындауы шарт. Жоғарыда көрсетілген практикалық оқыту - химиялық есеппен тығыз байланысты екені белгілі. Оқушы теориялық оқытуда алған білімді химиялық есептерді шешу жолында қолданып, өз білім деңгейінің көрсеткішіне қол жеткізе отырып, жүйелі оқу әрекеттерін қалыптастыра алады. Химияны оқыту барысындағы практикалық оқыту жүйесіне эксперименттік жұмыстар кіретіні де белгілі. Эксперименттік шамалар мен іс-әрекеттер қорытындысын жасау барысында химиялық есептеулер қолданылады. Бұл дегеніміз, химиялық есептер - теориялық білімдердің түрлілігіне қарамастан оның қорытынды дәлелдеме көрсеткіші функциясын атқарып жүру сипаты мен жүйелі білім қалыптасудың шарты болғандықтан, химия ғылымының дамуында химиялық есептердің маңызы:

- Химиялық жаңашылдықты тудырушы;
- Химиялық заңдардың күшін жоғарылатушы;
- Зерттеу жұмыстарының нақтылығын көрсетуші;
- Химиялық білім берудің негізгі факторы;
- Химиялық білім деңгейлерін анықтаушы;
- Ғалымдар арасындағы біртұтастық пен қорытынды шығарушы.

Мектептегі химия курсының есептеуіш міндеттері көптеген функцияларды орындайды: оқушылар ұтымды ойлау тәсілін дамытады, оқушылардың өзіне деген сенімділігі артады, пәнаралық байланыс орнатуға мүмкіндік береді, сабақта алынған ақпаратты бекітуге көмектеседі, демек мұғалімге оқушылардың білімін тексеруге ғана мүмкіндік бермейді, сонымен бірге олардың ойлау стилі

мен шығармашылығы артып, жүйелі білімді қорытындылауға, оны өмірде қолдана білуіне жол ашады.

Есеп шешу процесінің деңгейіне әсер етуші факторлар:

- Оқытушы-оқушы арасындағы жағымды байланыс;
- Тиімді қолданылған оқыту әдістері (сөздік, көрнекілік, практикалық);
- Уақыттың тиімді қолданылуы;
- Қайталау;
- Есеп шартының берілісін қарапайым қабылдауды үйрету

(Схема, алгоритм).

Есеп шешімін шығаруға деген талпынысты қадағалау, егер оқушы тырысып, қате шығарып жатса «Қателеспенің өзі-қателік» екенін ұғындыру және талпындыру, жұмысын тоқтатпауын ұсыну.

Мұғалім және оқушы тарапынан бірлесіп әрекет етілген жағдайда, тиімді әдістемелік мүмкіндіктерді қолдану арқылы кез-келген білім алушының химия пәнінен үлгерімін, жүйелі білім деңгейін, қабілетін жоғарылатуға болады.

Әдістемелік қағидаларды ретпен және орынды түрде қолданған жағдайда оқушы бойында оң нәтижелермен жүйелі оқу әрекеттері қалыптасатын сенімді көрсеткіш болып табылады.

Есеп оқушыларды жаңа химиялық біліммен қаруландырып, қалыптасқан іскерліктері мен дағдыларын, оқу әрекеттерін жүйелеуге және нақтылауға көмектеседі.

Мектеп курсында химиялық есептер шығарту оқытудың жалпы жүйесінде сарамандық әдістердің бірі болып табылады. Есеп шығару - оқушылардың химиялық ой-өрісін дамытудың негізгі құралдарының бірі, теориялық білім мен тәжірибе арасындағы байланысты жүзеге асырудың жолы. Оқу үрдісінде есептер шығару химияны оқытудың ажырамас бөлігі деп қарау керек, өйткені есеп шығару арқылы теориялық ұғымдар, заңдар, теориялар, тереңдей түседі, оқушылардың химиялық қисынды ойлауын өрістеуге, білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік жасалады, табандылық, іскерлік, ізденгіштік, еңбексүйгіштік т.б. қасиеттерін қалыптастыруға болады.

Химиялық есептер мынадай мақсаттарда:

- а) жаңа ұғымдар мен мағлұматтарды үйрету
- ә) сарамандық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру
- б) білімнің тереңдігі мен баяндылығын тексеру
- в) мәселе қою және проблемалық ахуал туғызу
- г) материалды пысықтау, жалпылау, қайталау
- ғ) политехникалық ұстанымдарын іске асыру
- д) оқушылардың шығармашылық қабілетін тәрбиелеу қолданылады.

Есеп оқушыларды жаңа химиялық біліммен қаруландырып, қалыптасқан іскерліктері мен дағдыларын жүйелеуге және жүйелі оқу әрекеттерін қалыптастыруға жол ашады.

Кейбір авторлар есептерді үлкен екі топқа бөледі:

- сандық есептер;
- сапалық есептер

Сандық есептердің әр типі әрі қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мәселен формула бойынша есептеулердің түрлері:

- а) заттың салыстырмалы молекулалық массасын есептеу;
- ә) заттағы элементтердің массалық үлесін есептеу;
- б) зат құрамындағы элементтердің массаларының қатынасын табу;
- в) заттың абсолюттік массасын табу;
- г) егер зат газ болса салыстырмалы тығыздығын табу;
- д) газдың абсолюттік тығыздығын табу;
- е) химиялық формуласын табу және т.б.

Сапа есептерін эксперимент есептері деп те атайды, өйткені оларда сандық мәліметтер болмайды, химиялық тәжірибелер жасау арқылы шығарылады. Эксперимент есептерін шығару арқылы оқушылар теориялық білімін баянды етеді, іс жүзінде қолдан білуге үйренеді. Олар химиялық құрал-жабдықтармен және реактивтермен жұмыс істеу дағдыларын нығайтып, жүйелі оқу әрекетін қалыптастырады.

Эксперимент есептері оқушылардың таным әрекетінің сипатына қарай бірнеше типтерге бөлінеді. Солардың мектепте іс жүзінде жиі қолданылады:

1. Заттың сапалық құрамын анықтау
2. Затты ажыратып тани білу
3. Заттың жіктелу белгілерін табу
4. Қоспаның құрамын анықтау және бөлу
5. Химиялық аспаптарды пайдалана отырып, шығарылатын есептер
6. Құралдар қарастыру
7. Заттардың өздеріне тән химиялық реакцияларын жасау арқылы олардың қасиеттері мен құрамын анықтау
8. Заттар мен құбылыстарды типтерге және кластарға ажырата білу
9. Берілген мөлшердегі ерітінділерді даярлау
10. Заттарды алу
11. Сынақ, тәжірибелік сан есептері

Химия есептерін шығарудың бірнеше әдістері бар:

1. Арифметикалық әдіс, оның өзі пропорциялық әдіске, бір өлшемге келтіріп шығару, бүтін сан арқылы шешу, белгісіздерді салыстыру арқылы табу сияқты әдістерге бөлінеді
2. Алгебралық әдіс
3. Графикалық әдіс
4. Дайын формуланы пайдалана отырып шығаратын әдіс
5. Крест әдісі т.б. Бұл әдістердің саны көп болғанымен барлығы да бір ған есепте шығаруға пайдаланылады деген ұғым тұмауы тиіс.

Әрбір есептің өзіндік мақсаты бар, соған байланысты оның шығару әдісі де басқаша болады.

Химиялық есептер оқушы ойын дамытуға көмектеседі. Есеп шығару кезінде оқушылардың талдау мен жүйелеуге, айырмашылықты көре білуге негізделгендіктен, абстрактілеу, нақтылауға бағытталған ойлау әрекеті дамып, жүйелі оқу әрекеті қалыптасады.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, жүйелі оқу әрекетін қалыптастыруға, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал етуіміз қажет.

«Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. Химияны оқыту әдістемесі: оқулық // Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берек» баспанасы – 2014. 224б.
2. Выготский Л.С. "Мышление и речь" Москва «Социально-экономическое издательство» 1934г. 392 стр.
3. Кларин М.В. Инновационные модели обучения Москва «Народное образование» 2005 г. 224 стр.
4. Н.Ф. Талызинаның Управление процессом усвоения знаний Москва «Московский университет» 1995 г. 208 стр.
5. Тантыбаева Б. С. Химиядан есеп шығарып үйренеміз: Оқу құралы / Б.С. Тантыбаева, З. С. Даутова, Б.К. Шаихова - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы; 2021. -117 бет. атындағы ШҚМУ баспасы; 2021. -117 бет.

2-СЕКЦИЯ

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕР

НАУЧНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ В ОБЛАСТИ МАТЕМАТИКИ, ФИЗИКИ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

SCIENTIFIC AND APPLIED ASPECTS IN THE FIELD OF MATHEMATICS, PHYSICS AND INFORMATION TECHNOLOGY

ӘОЖ 37

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аманова Г.К., «Бастауышта оқыту әдістемесі мен педагогика»

мамандығының білім магистрі

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы

Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің

«№47 жалпы білім беретін мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: amanova_gk@mail.ru

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының білім беру жүйесінің міндеттері туралы бабында «Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» [1] деп көрсетілгендей, қазіргі қоғамымыз шығармашылық қабілеті бар іскер адамдарға мұқтаж болуда.

Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білімалушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту-басым мақсаттардың бірі. Оның құрамындағы математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу қабілеттерін айқындайды [2]. Математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәні келесі міндеттерді айқындайды: логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді; оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту [3].

Бастауышта математикалық білім мазмұны желілерінің бірін логика және оның элементтерін шешу тәсілдері құрайды. Өз бетімен іздену дағдыларын дамыту үшін математика пәнінің логикалық бірізділігін арттырған жөн. Логикалық тапсырмаларды орындау үдерісі оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, білімін өмірде қолдануға ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты-бейнеліден абстрактылы - логикалық ойлауға қарай дамиды. М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек» [4]. Мектеп тәжірибесі көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының ойлау жүйесінде алғырлық қасиеті болғанымен, көптеген жағдайларда ұшталмай қалатындықтан, қайшылықтар кездесуде: қойылған сұраққа тез жауап бере алмау, тың шешім қабылдай алмау. Сондықтан, оқушыларға логикалық ойлауға үйретудің теориясы мен технологиясы оқыту үдерісін әлі де талдауды қажет етеді.

Д.Б.Эльконин мен оның ізбасарлары логикалық ойлауға берілген тапсырмаларды орындау баланың ақыл-ойын дамытуға септігін тигізеді десе, [5] А.З.Зактың пікірінше, ақыл-ойдың дамуының негізгі белгісі-«ойша» әрекеттену [6]. Оқушыларға есепті шешу тәсілін ауызша түсіндіруін талап еткен жөн. Белгілі математик әрі педагог Д. Пойа: «Математиканы игеру деген не? Есепті шығара алу-тек дәстүрлі ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой, дұрыс мағына, тапқырлықты талап ететін есептерді шығара алу» [7] деп негіздеген.

Ежелгі грек философы Аристотель логиканың негізін салушы. Оның пікірінше «Логикалық ойлауды дамыту»: ойлау операцияларын жүйелі түрде қалыптастыру. «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д.Ушинский [8]. Ал қазақстандық ғалымдар С.Елубаев [9], Ш.Х.Құрманалина [10], К.Ә.Ерешева [11], Ж.Қайыңбаев [12], Т.Қ.Оспанов, О.В.Кочеткова, Ж.Қ.Астамбаева [13], А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева [14] логикалық есепті пайдалануға назар аударған.

С.Елубайдың ауызекі тараған математикалық ойлауға берілген өңі өзгерсе де сөлі қалған есептерін қолданудамыз. «Тоғыз тарау иірімдердің бүге-шігесін меңгеріп, зерде тезіне салып, көген түймесін табу – есепті шешудің алтын балдағы. Алтын балдақ – қарашық біреу емес. Ол көп. Із кессең табасың» [9] деп есепті шешу туралы тамаша ой айтқан.

Бастауыш мектептің математика пәнінде «Жиын. Логика және оның элементтері» бөлімі бойынша Ө.Ш.Төлегенов [15] жиынның теориялық мәліметтерін қарастырған. Вариативтік компонент сабағы ретіндегі «Логика әлемі» тапсырмаларын зерттеуге бағытталған. М.Жұмабаев жәрдемші пәндер қатарына адамның һәм жанының жайын кеңес қылатын логика пәнін жатқызады. «Логика – дұрыс ойлау жолдарын көрсететін пән» [4] деп атап көрсетті. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 56-бабында оқу жүктемесінің вариативтік компоненті–үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті деп көрсетілген [3]. Оқушының оқу қажеттілігін ескере отырып, SMART форматында сараланған оқу мақсаттары негізінде тапсырмаларды орындату маңызды.

В.А.Дистервегтің дәлелдеуінше, «Жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді». Мұғалім тек әрекетке бағыт береді, қорытынды жасайды. Оқушылар тапсырманың ішкі мазмұнына қызыға бастайды. Мына үлгіде тапсырмалар берілсе, оқушы пайымдауды үйренеді. Мысалы, «Күшіктер» тапсырмасы берілген: ақ, қара және сары күшіктер №1,

№2, №3-үйшіктерде тұрады. Бірінші мен екінші үйшіктегі күшіктер – қара емес. Ал ақ күшік бірінші үйшікте тұрмайды. Күшіктер қай үйшікте тұрады?

А	Қ	С
1	2	3

1-сурет. «Күшіктер» есебін шешу қадамдары

1- қадам. №1 және №2- үйшіктегі күшіктер қара емес. Демек қара күшік №3- үйшікте тұрады.

2- қадам. Қара күшік №3- үйшікте тұрады, ал ақ күшік №1- үйшікте тұрмайды. Ендеше ақ күшік №2- үйшікте тұрады.

3-қадам. Ақ және қара күшіктердің қай үйшіктерде тұратынын тауып алдық. Сары күшік қай үйшікте тұратыны белгілі, бос қалған №1-үйшікте тұрады.

Оқыту кезі білімалушылардың бойында айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді: «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды» іс-әрекеттік аспектіні болжайды [16, 17]. Критериалды бағалаудың нәтижелері білім берудің жетістіктері мен кемшіліктерін түзетуде айқындалады. Мысалы, 1-сыныпта дескрипторы бойынша нақтылап, ақиқат пікірді сәйкестендіреді, өзін-өзі бағалайды.

Суреттер мен ақиқат тұжырымдамаларды сәйкестендіріңіз.



Күшік торай мен мысықтың ортасында тұр.

Жануарлардың ең үлкені – қарға.

Торай күшіктің оң жағында тұр.

Мысық сол жақ шетте тұр.

Дескриптор: *Білім алушы*
- суретке сәйкес ақиқат тұжырымдарды анықтайды.

2-сурет. Дескриптор арқылы ақиқат пікірді сәйкестендіру ресурсы.

Күшік торай мен мысықтың ортасында тұр – ақиқат тұжырым. Жануарлардың ең үлкені қарға – жалған тұжырым.

Логикалық есептердің шешуін кері амалдармен тексерген нәтижелі болады. Көгалда қойлар мен қаздар жайылып жүр. Олардың басы 30, аяқтарының саны 96. Қой мен қаздың әрқайсысы нешеу? *Шешуі:* қой мен қаздың ортақ қасиетін табамыз: әрқайсысында артқы екі аяғы болатыны анық. Олай болса 30 бас жануарда барлық артқы аяқтар санын табамыз: $30 \times 2 = 60$ – артқы аяқтар саны, $96 - 60 = 36$ – алдыңғы аяқтар саны. Алдыңғы аяқ тек қойларда болады және ол екеуден: $36 : 2 = 18$ – қойдың басы, $30 - 18 = 12$ – қаздың басы [9].

О.Холодованың оқушының танымдық қабілетін арттыруға арналған оқулығы басшылыққа алынды [18]. Блум таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейіне сай, нақты критерий анықталып, тапсырма әр оқушыға берілді.

1-кесте – Блум таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейлері


pp /с	Таным мен ойлау деңгейі	Бағалау критерийлері	Орындатылатын тапсырмалар	Сипаттамасы
1	Білу	1. Ми қозғау жаттығуларын жасайды 2. Оқушы тез ойлану сәтін көрсетеді, сұраққа нақты жауап береді	«Еріншек сегіздік» мұрынмен ауада 8 цифрын жазу. а) Орман емшісі? (тоқылдақ) б) Жазғы каникулдың ақырғы айы? (тамыз)	Ми жұмысының жақсаруына әсер етеді, эмоционалдық негізін қалыптастырады.
2	Түсіну	Психикалық механизмдерді жат-тықтыруға арналған тапсырмаларды дұрыс болжайды немесе түсіндіру арқылы ұғынуды көрсетеді	 - Зообақтағы пони 3 ересек адамды немесе 6 баланы тарта алады. Пони әкесі, анасы және ұлы мен қызы бар отбасыны тарта ала ма? (тарта алады)	Көру, ойлау, еске сақтау қабілетін дамытып, зейінін тұрақтандырады. Түрлендірілген жаттығуларды орындайды.
3	Қолдану	Логикалық ойлауға берілген тапсырмаларды орындау, бұрын алынған білімдерді қолдану	4, 5, 6, 12 – сандардың үшеуін таңдап ал. $Y \setminus Y + Y = 32$ $(4 \times 5 + 12 = 32)$	Ізделінді мен белгілі арасындағы байланысты тағайындайды

4	Талдау	Ақпараттық мате-риалдарды құрылым-дық бөліктерге бөлу қабілетін көрсету, дәлелін анықтау арқылы қорытынды алу үшін ақпаратты зерделеу, ережелерді негіздеу үшін ой қорытындысын жасау	0-ден 9-ға дейінгі сандар-ды қойып, әріптің мәнін тап. $D \times D = NM$ $K \times Z = MN$ $B \times Z = K$ $K \times S = BS$ $A \times X = ZA$ Жауабы: $D=9, K=6, B=2, X=7, N=8, S=4, M=1, A=5, Z=3$.	Тапсырманы ана-летикалық тәсіл-мен шығарады, белгілі бір ой операциясынан екіншісіне оңай ауысады, ой үдерісінің икемділігін танытады.
5	Синтез	Бұрын алынған білімдердің түрлі бөліктерін қайта қарау қабілетін көрсету	Сандардың арасына таңба қойып, теңестір. $5\ 5\ 5\ 5\ 5\ 5\ 5\ 5\ 5 = 21$ Жауабы: $5 \times 5 + 5 : 5 + 5 + 5 - 5 - 5 - 5 = 21$	Білетін амалдарды дұрыс қолданады, мәнін табуда қасиеттерді қолданады
6	Бағалау	Белгіленген критерийлер бойынша идеялардың немесе фактілердің маңызды-лығы туралы пікір қалыптастыру	Логикалық есепті шығар. Динада 30 кәмпит бар. 1-дорба—2 кәмпит, 2-дорба—4 кәмпит, 3-дорба—6 кәмпит, 4-дорба—8 кәмпит, 5-дорба—10 кәмпиттен болса, 3 оқушы тең етіп ала ма?	Күрделі жағдаяттан шыға алу, шапшаң шешім қабылдау, дұрыс логикалық шешімнің шегіне жетеді

Қолдану, синтез және бағалау деңгейіне берілген тапсырманы орындауда оқушылардың орындай білігі деңгейіне диагностика жасалды. Төменгі деңгей: логикалық тапсырманы оқушы үстірт қабылдады, шығарылу жолын көре алмады, тіпті оған ұмтылмады. Мұнда «элементтік» талдау басым болды. Орта деңгей: тапсырманы талдайды, түсінеді, берілген дерек пен ізделіндіні қадамдап орындады. Жоғары деңгей: тапсырманың орындалу жолын түрлі тәсілмен шығарды. Ойлау қабілетінің жоғары, тура және жанама түрде тұжырымдалған байланыстарды тағайындады. Мұнда «ерекше» талдау басым болды.

Суретте көргеніміздей, логикалық тапсырмаларды орындай алатын оқушылар деңгейі 10% көтерілді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінің дұрыстығы мен негіздемесі логикалық қабілетті дамыту жолдарын айқындаумен, мәліметтерін өңдеумен дәлелденді. Жұмыс нәтижелеріне математикалық

сараптама жасалды. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалау жүйесі енгізілгендіктен, негізгі мақсаты сапалы бағалау мен тұлғаны дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған Блум таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейлеріне сай жүргізілді. Педагогикалық, психологиялық және әдістемелік еңбектерге талдау жасалынды.



Сурет 3 – бастауыш сынып оқушыларының логикалық тапсырмаларды орындаудың қорытынды деңгейлері

Логикалық тапсырмаларды орындау үдерісі оқушыға математикалық білімін өмірде қолдануға ықпал ететінін, ойлау қабілеттерін дамытатынын көрсетті. Қарастырылған ғылыми жұмыс негізінде «Логикалық тапсырмалар» жинағы оқушының жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Сондықтан, оқушының логикалық ойын жетілдіру және логикалық ойлау операцияларын берік қалыптастыру – заман талабына сай күрделеніп келе жатқан оқу материалын саналы, әрі сапалы игеруге жол ашады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, Ақорда, 2007, 15 бап.
2. «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020.
3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 24 шілдедегі №460 (2-қосымшасы) қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (Математика. 1-4 сынып) - Астана, 2016.

4. М.Жұмабаев. Педагогика. – 1922.
5. Эльконин Д.Б. Психология обучения младших школьников. – М., 1974.
6. Зак А.З. Различия в мышлении детей. -М., 1992, с.128
7. Пойа Д. Как решать задачу? – Москва, Уч.пед.из, 1961. – 137 с.
8. К.Д.Ушинский. Избранные педагогические труды. – М.: «Педагогика», 1991.-922
9. С.Елубаев. Қазақтың байырғы есептері. – Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1996.-142 б.
10. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Құрманалина С.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, «Фолиант», 2007. – 486 б.
11. К.Ерешева, Г.Омарғазина. Логика әлемі.- Алматы «Өлке», 2011.
12. Қайыңбаев Ж. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың мазмұны мен оның құрылымының ерекшеліктері: Автореф. .. п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.1998 ж.-187 б.
13. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. 1-4-сыныптар. – Алматы, 2005. – 256 б.
14. Ақпаева А.Б., Лебедева Л.А. Методика обучения математики младших школьников. – Алматы, 2008. – 168 с.
15. Ө.Ш.Төлегенов. Математиканың бастауыш курсының теориялық негіздері. Оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2011.
16. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы. Математика.1-сынып.- 2016, 2-сынып.-2017 ж. 3-сынып.-2018.
17. «М-1» - Математика. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық (1-2 бөлім). Г.Ш.Жақыпова, Н.В.Орехова, Л.А.Лебедева т.б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016
18. О.А.Холодова. Юным умникам и умницам. Задания по развитию познавательных способностей, 4-класс.- Рост книга, 2003.

УДК 004.8:378

БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ ПОТЕНЦИАЛЫ

Касымбекова А.Б.

Ғылыми жетекші: Жантасова Ж.З., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Өскемен қ., Қазақстан

Білім беру платформалары және жасанды интеллект (ЖИ) бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл технологиялар білім беру процесін жаңартып, білім алушылардың оқу тәжірибесін байытуда маңызды рөл атқарады. Оқыту барысында ЖИ-дің қолданылуы білім алушыларға жеке оқыту траекторияларын құруға, оқу материалдарын автоматтандыруға және бағалау жүйесін жақсартуға мүмкіндік береді. [1]

Білім беру платформалары – бұл оқытушылар мен білім алушыларға оқыту материалдарын, ресурстарды, тапсырмаларды және бағалау құралдарын ұсынуға арналған оқытуды басқару жүйелері. Олар әртүрлі форматтарда (онлайн, оффлайн, аралас) қызмет етеді. Олардың артықшылығы-қолжетімділігі, яғни білім алушылар кез келген уақытта оқу материалдарына қол жеткізе алады, өз қарқынында оқуға мүмкіндік алады.[1,2]

Жасанды интеллект білім беру саласында маңызды рөл атқарады, өйткені ол оқыту процесін жеке және интерактивті түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект – адамның когнитивтік қабілеттерін имитациялайтын компьютерлік жүйелер. **Технологиялары:** Машиналық оқыту, нейрондық желілер, табиғи тілдерді өңдеу.

Жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі қолдану мүмкіндіктері:

- **Персонализация:** Оқу материалдарын білім алушының қажеттіліктеріне сай автоматты түрде реттеу.

- **Бағалау:** Оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде бағалау жүйесін енгізу.

- **Интерактивтілік:** Интерактивті тапсырмаларды әзірлеу, білім алушыларды тарту.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы негізгі қолдану мүмкіндіктері:

- **Жекелендірілген оқыту**

ЖИ оқушылардың жеке қажеттіліктеріне және оқу қарқынына бейімделе отырып, жекелендірілген оқыту әдістерін ұсынады. Бұл оқыту жүйелері әр оқушының білім деңгейін талдап, оларға сәйкес тапсырмалар мен материалдарды ұсынады. Осылайша, оқушылар өзіне тиімді қарқынмен оқуға мүмкіндік алады.

Мысалы, **адаптивті оқу платформалары** (мысалы, Khan Academy, DreamBox) оқушылардың білім деңгейін бақылап, материалды күрделілікке байланысты бейімдейді.

- **Оқушылардың оқу барысын қадағалау**

ЖИ қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың оқу барысын оңай қадағалап, олардың прогресін нақты уақытта көре алады. ЖИ олардың әлсіз жақтарын анықтап, қажетті оқыту әдістерін ұсынады. Оқушылардың үлгерімі мен белсенділігі туралы деректер жинақталып, олардың дамуына байланысты кеңестер беріледі. Бұл оқушыларға дер кезінде көмек көрсетіп, қиындықтарға тез арада жауап беру мүмкіндігін ұсынады.[3,4]

Кесте 1 Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы негізгі қолдану мүмкіндіктері


Р/с	Мүмкіндіктері	Сипаттамасы
1	Автоматтандырылған бағалау және кері байланыс	ЖИ-дің көмегімен тесттерді, бақылау жұмыстарын және эсселерді автоматты түрде тексеруге болады. Бұл мұғалімдердің

		жұмысын жеңілдетіп, бағалаудың әділ әрі жылдам жүргізілуін қамтамасыз етеді. Одан бөлек, ЖИ оқушыларға кері байланыс беріп, қай жерден қате жібергенін түсіндіре алады. Мысалы, Grammarly немесе Turnitin сияқты құралдар жазбаша жұмыстарды тексеру мен грамматикалық қателерді анықтауда қолданылады.
2	Интерактивті және ынталандырушы оқу процестері	ЖИ қолданатын интерактивті оқу құралдары оқушыларды қызықтыра отырып, ойын түрінде білім беруді ұйымдастырады. Оқу процесі геймификация элементтерімен (ойын механикалары) байытылып, оқушылардың мотивациясы артады. Оқу материалы жасанды интеллекттің көмегімен қызықты тапсырмалар мен викториналар түрінде ұсынылып, оқушылардың танымдық белсенділігі артады.
Қазақстанда да АСБ таралуы артып келеді, бұл мәселе денсаулық сақтау және білім беру саласына ерекше назар аударуды талап етеді. Елде арнайы диагностика жүргізу және АСБ бар балаларға қолдау көрсету шаралары қолға алынғанымен, аутизм спектрінің ерекшеліктерін терең зерттеп, жіктеу қажеттілігі артып келеді. Әрбір АСБ жағдайы ерекше және әр баланың дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін бірегей факторлар бар. Сол себепті, АСБ бар балалар үшін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, әлеуметтік қатынастарды орнату және өз ойын білдіру үлкен қиындық тудырады. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен виртуалды шындық (VR) құралдары АСБ бар адамдардың әлеуметтік дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде кеңінен қолданыла бастады. АКТ және VR технологияларын пайдалану олардың бейімделу және қоғамға интеграциялану үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік тәжірибе АКТ мен VR технологияларының АСБ бар адамдардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда жоғары нәтиже беретінін дәлелдейді. Мысалы, виртуалды ортада нақты әлеуметтік жағдайларды модельдеу арқылы оларды үйреншікті емес ортаға дайындыққа бейімдеуге болады. Бұл тәсіл АСБ бар адамдардың эмоционалдық және когнитивтік дамуына оң әсерін тигізеді[3]. Зерттеулер көрсеткендей, арнайы бейімделген VR технологиялары АСБ бар адамдардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын жақсартуға, қоғамда өздерін еркін сезінуіне ықпал етеді.

Қазақстанда АКТ мен VR технологияларын АСБ бар адамдардың әлеуметтік бейімделуіне қолдану әлі де бастапқы деңгейде. Сондықтан бұл зерттеу АКТ мен VR құралдарын пайдалану арқылы АСБ бар адамдардың әлеуметтік дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін қарастырып, осы бағыттағы инновациялық шешімдерді ұсыну үшін маңызды болып табылады.

Қазіргі таңдағы зерттеулер негізіне сүйене отырып аутизм спектрінің бұзылыстары бар адамдардың тиімді әлеуметтік қызметін қамтамасыз етуге арналған виртуалды контент түрлерін келесі сызбадағыдай жіктеуге болады:



Сурет 1 - Аутизм спектрінің бұзылыстары бар адамдардың тиімді әлеуметтік қызметін қамтамасыз етуге арналған виртуалды контент түрлерінің жіктелуі

Соңғы он жылда аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) бар адамдардың әлеуметтік функцияларын дамыту мақсатында виртуалды контентті қолдану бағытында көптеген зерттеулер жүргізілуде. АСБ бар адамдар үшін әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру және қолдау ерекше маңызды, себебі олар қарым-қатынас жасауда және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуде қиындықтарға тап болады. Виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологиялары олардың әлеуетін дамытуға, түрлі әлеуметтік жағдайларды үйренуге және қоғамда белсенді өмір сүруге мүмкіндік беретін қауіпсіз, икемді орта ретінде қызмет етеді[4].

Зерттеулер көрсеткендей, виртуалды контент пен технологиялар АСБ бар адамдардың әлеуметтік интеграциясын жеңілдетіп, сенімділік пен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызады. Әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға арналған осындай бағдарламаларда адамдар өз тәжірибелерін виртуалды кеңістікте қауіпсіз түрде сынап көре алады. Әлемнің көптеген зерттеушілері виртуалды контенттің АСБ бар адамдар үшін тиімді құрал екенін дәлелдеп, осы технологиялардың әлеуетін тереңірек зерттеу қажеттілігін анықтаған. Нақты отандық және шетелдік ғылыми зерттеу жұмыстары мен мақалаларына келетін болсақ, АСБ бар адамдардың әлеуметтік функцияларын қамтамасыз етуге бағытталған виртуалды контентті әзірлеу және қолдану бойынша жағымды жетістіктер мен тәжірибелер басым түрде кездеседі. Атап айтқанда, [5] зерттеу жұмысында аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) бар балаларға арналған білім беру және араласу құралдары ретінде виртуалды шындық (VR) технологиясын қолданудың қазіргі жағдайы мен болашақ

бағыттарын талдаған. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты виртуалды шындықтың аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларды оқыту және түзету үшін қолдану мүмкіндіктерін қарастыруға бағытталған. АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзара әрекеттесу қабілеттері жиі төмен болып келеді, бұл олардың қоғамға интеграциялануын қиындатады. Осы мәселелерді шешуге бағытталған жаңа әдістер мен технологиялар іздеу маңызды болып табылады. Виртуалды шындық технологиясы осындай балалардың әлеуметтік, когнитивті және эмоциялық дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырылып отыр. Зерттеу барысында авторлар әлемнің әртүрлі зерттеулерін талдап, VR технологиясының АСБ бар балалар үшін әлеуметтену және оқыту үдерістерін қалай жақсартатынына назар аударады. Көптеген зерттеулер виртуалды шындықтың келесі аспектілерін көрсетеді: Әлеуметтік дағдыларды дамыту, қорқыныш пен мазасыздықты азайту, когнитивті және моторлы дағдыларды дамыту. Жүргізілген зерттеу нәтижесі VR технологиясының аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін әлеуметтену және оқу дағдыларын дамытуда өте маңызды құрал екенін көрсетеді. Келесі [6] зерттеу жұмысында, авторлар инклюзивті білім беру процесіндегі жаңа технологиялардың, атап айтқанда, кеңейтілген (AR), виртуалды (VR) және аралас шынайылықтың (MR) рөлін қарастырған. Авторлар аутистік спектрдегі бұзылыстары бар (ASD) оқушылар үшін әлеуметтік дағдыларды дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Бұл дағдылардың қалыптасуы оларға күнделікті өмірде және қоғаммен қарым-қатынаста толыққанды қатысуға мүмкіндік береді. Мақалада AR, VR және MR технологияларының әрқайсысы әлеуметтік дағдыларды дамытуға қалай ықпал ететіні талданған. Мысалы, виртуалды шынайылық нақты әлемнен алаңдатпай, әлеуметтік сценарийлерді қауіпсіз ортада жаттықтыруға мүмкіндік береді. AR технологиясы оқушылардың шынайы өмірде әлеуметтік дағдыларды игеруіне көмектеседі, өйткені ол нақты ортаға интерактивті элементтерді қосуға мүмкіндік береді. Зерттеуде нақты деректер мен мысалдар арқылы AR, VR және MR технологияларының оң әсерлері дәлелденген: оқушылардың коммуникация деңгейі көтерілген, әлеуметтік дағдыларды игеру уақытпен тиімдірек жүріп отырған. Авторлар технологияның инклюзивті білім беруде ғана емес, жалпы әлеуметтік бейімдеуде де маңызды орын алатынын көрсетеді. Келесі [7] ғылыми мақалада аутизмі бар ересектердегі қорқыныштар мен фобияларды емдеуде виртуалды шынайылық (VR) арқылы күшейтілген когнитивті мінез-құлық терапиясының (CBT) тиімділігі зерттеледі.

Мақалада CBT әдісін қолдану барысында аутистік ересектердің фобияларына қарсы тұруы үшін VR-ортаны пайдалану әдістері қарастырылады. Авторлар аутистік спектрдегі ересектер арасында кездесетін фобиялардың олардың әлеуметтік қарым-қатынас және өмір сапасына тигізетін теріс әсерін атап өтеді. VR технологиясы, өз кезегінде, пациенттерге қорқынышты жағдайларды қауіпсіз виртуалды ортада қайта бастан өткеруге мүмкіндік береді. Бұл әдіс шынайы әлемде көрінетін ықтимал қауіпті жағдайларды виртуалды шынайылық арқылы басқаруға көмектеседі, сондықтан CBT әдісімен бірігіп әсерін күшейтеді.

Зерттеу барысында VR-құралдарды қолдану арқылы аутистік ересектер қорқыныштарын біртіндеп жеңе алатыны анықталды. Бұл технология олардың эмоциялық реакцияларын бақылай отырып, терапевттерге терапияны жеке адамның қажеттіліктеріне икемдеп, тиімдірек етуге жағдай жасайды. Нәтижелер көрсеткендей, VR негізіндегі СBT терапиясын қолдану қорқыныштарды жеңуге және қатысушылардың әлеуметтік және жеке өміріне оң әсер етуге көмектеседі.

Қорытындысында, авторлар аутизмі бар ересектерге арналған фобияны жеңуге бағытталған VR-ортада қолданылатын СBT тәсілін тиімді құрал ретінде ұсынады. Мақала аутистік ересектердің өмір сүру сапасын жақсартуда инновациялық тәсілдер қажет екенін және VR технологиясы оларды қолдауда айтарлықтай мүмкіндіктерге ие екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, [8] зерттеу жұмысында автор аутистік спектрдегі бұзылыстары бар (ASD) балаларға қауіпсіз жүргінші дағдыларын үйретуде виртуалды шынайылық (VR) технологияларын қолдану тиімділігін қарастырған.

Мақалада ASD бар балалардың қауіпсіздік дағдыларын үйретудегі қиындықтар талқыланып, оларды виртуалды шынайылық арқылы жеңуге болатыны айтылады. Әсіресе, VR технологиясы балаларға қауіпті көлік қозғалысы жағдайларына қауіпсіз виртуалды ортада тап болуға және түрлі сценарийлерді тәжірибе жүзінде орындауға мүмкіндік береді. Бұл олардың өмірлік маңызы бар дағдыларды шынайы өмірге қауіп төндірмей үйренуіне жағдай жасайды.

Зерттеу барысында авторлар VR технологиясының ASD балаларға жаяу жүргінші дағдыларын үйретудегі тиімділігін бағалап, нақты деректер жинады. Зерттеу нәтижелері VR негізіндегі қауіпсіздік жаттығуының балалардың қоршаған ортаға назар аударуын және шешім қабылдау қабілетін жақсартатынын көрсетті. Мысалы, балалар жолдан өту кезінде дұрыс бағдар алуды және көлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтауды үйрене бастаған.

Қорытындысында, авторлар VR технологиясының ASD бар балаларды үйрету және олардың күнделікті өмірдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиімді құрал екенін атап өтеді. Бұл зерттеу VR негізіндегі оқу бағдарламаларының аутистік балаларға нақты өмірде кездесетін қауіптерге дайындыққа пайдалы екенін және олардың әлеуметке бейімделуіне қолдау көрсететінін көрсетеді.

Келесі [9] мақалада авторлар виртуалды шындықтың (VR) ересектердегі аутизм спектрінің бұзылуымен (АСБ) ауыратын адамдардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға әсерін зерттеуді мақсат еткен. Виртуалды шындық әлеуметтік өзара әрекеттесу және әлеуметтік ортаға бейімделу дағдыларын жақсарту құралы ретінде ұсынылады. Зерттеуде ересектер үшін VR орталарын құруға ерекше назар аударылады. Бұл орталарда қатысушыларға өздерінің әлеуметтік дағдыларын тәжірибеде қолдануға, әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас жасауға және мінез-құлықтарын реттеуге мүмкіндік беріледі. Мақалада қатысушыларға виртуалды шындық арқылы әртүрлі сценарийлерде және әлеуметтік жағдайларда модельдеу тапсырмалары берілгені айтылған. VR технологиясы арқылы қатысушылардың өзара әрекеттесу стилін бақылау және

бейімдеу мақсатында нақты уақыттағы деректер жиналады. Зерттеу нәтижелері VR технологиясын қолдану ересектердегі АСБ-мен ауыратын адамдардың әлеуметтік дағдыларын жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Авторлардың пікірінше, VR-дың артықшылығы – қатысушылардың өздерінің шынайы ортадан тыс қауіпсіз ортада әлеуметтік мінез-құлықтарын зерттеп, оларды оңтайландыру мүмкіндігі. Зерттеу нәтижелері VR-дың шынайы өмірдегі әлеуметтік дағдыларды дамытудың тиімді құралы бола алатынын дәлелдейді. Авторлар VR-дың артықшылықтарына оның қатысушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуін, ыңғайлылығын және көп сценарийлік әлеуетін жатқызады. Дегенмен, олар бұл технологияны қолдану экономикалық және техникалық қолжетімділікпен шектелуі мүмкін екенін атап өтеді. Талдау жасалған мақала VR технологиясының АСБ-мен ересектердің әлеуметтік дағдыларын дамытуда жоғары әлеуеті бар екенін көрсетеді. Виртуалды шындық ересектерге күрделі әлеуметтік дағдыларды қауіпсіз және бақылаулы ортада меңгеруге мүмкіндік береді. Авторлар болашақ зерттеулерде осы технологияны қолданудың мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтіп, оны клиникалық қолданысқа енгізуге бағытталған жұмыстар жүргізу қажеттілігін ұсынады.

Аутизм спектрінің бұзылуы бар адамдардың тиімді әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеттерін дамытуға бағытталған виртуалды контент құру – қазіргі заманғы маңызды зерттеу бағыты. Әдебиетке жасалған шолу негізінде, виртуалды шындық (VR) технологиясы әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде танылуда. Ол АСБ бар адамдарға әртүрлі әлеуметтік сценарийлерді қауіпсіз ортада меңгеруге, қарым-қатынас тәсілдерін жаттықтыруға және өз мінез-құлқын реттеуге мүмкіндік береді. Виртуалды контент арқылы алынған тәжірибенің шынайы өмірге оң әсер ететінін және әлеуметтік бейімделуді жақсартатынын зерттеулер дәлелдеді.

Дегенмен, виртуалды технологияларды қолданудың кейбір шектеулері бар, мысалы, экономикалық шығындар мен техникалық құралдарға тәуелділік. Бұл саладағы болашақ зерттеулердің мақсаты – виртуалды контентті әрі қарай жетілдіру, оны жеке қажеттіліктерге бейімдеу және осы технологияның қолжетімділігін арттыру. Қорытындылай келе, виртуалды контентті қолдану АСБ бар адамдардың әлеуметтік функционалдығын жақсартуда перспективалы құрал бола алады және болашақта кеңінен қолданылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] А.К. Ерсарина, З.Б. Джангельдинова, Р.К. Айтжанова, “Специальная развивающая программа для детей с аутизмом,” Алматы: ННПЦ КП, 2020.
- [2] Н.Г. Манелис, Н.Н. Волгина, Ю.В. Никитина, С.Н. Панцырь, Л.М. Феррои, «Организация работы с родителями детей с расстройствами аутистического спектра,» Москва: ФРЦ ФГБОУ ВО МГППУ. — 2017.
- [3] A. Stambekova, S. Zhakipbekova, K. Tussubekova, B. Mazhinov, M. Shmidt, A. Rymhanova A. «Education for the disabled in accordance with the quality of inclusive education in the distance education process, » World Journal on

Educational Technology: Current Issues. — 2022.
<https://doi.org/10.18844/wjet.v14i1.6760>.

- [4] L.A. Shkutina, A.R. Rymkhanova, Mirza N.V., G.S. Ashimkhanova., G.K. Alshynbekova “Human resource is a key factor in the successful implementation of the inclusive education system Novosibirsk State Pedagogical University Bulletin, 2017. <http://dx.doi.org/10.15293/2226–3365.1701.02>.
- [5] M. Zhang, H. Ding, M. Naumceska, Y. Zhang, “Virtual Reality Technology as an Educational and Intervention Tool for Children with Autism Spectrum Disorder: Current Perspectives and Future Directions,” Behavioral sciences, 2022. doi: 10.3390/bs12050138
- [6] Mosher M.A., Carreon A.C, “Teaching social skills to students with autism spectrum disorder through augmented, virtual and mixed reality,” Res. Learn. Technol. 2021; 29:2626. doi: 10.25304/rlt.v29.2626.
- [7] M. Maskey, J. Rodgers, B. Ingham, M. Freeston, G. Evans, M. Labus, and J. R. Parr, Using virtual reality environments to augment cognitive behavioral therapy for fears and phobias in autistic adults,’ Autism Adulthood, vol. 1, 2019.
- [8] D. R. Dixon, C. J. Miyake, K. Nohelty, M. N. Novack, and D. Granpeesheh, Evaluation of an immersive virtual reality safety training used to teach pedestrian skills to children with autism spectrum disorder,’ *Beh. Anal. Prac. J. Art*, vol. 13, pp. 631–640, Jul. 2019.
- [9] A. Calderone, A. Militi, D. Latella, R. De Luca, F. Corallo, P. De Pasquale, A. Quartarone, M.G. Maggio, R.S. Calabro, “Harnessing Virtual Reality: Improving Social Skills in Adults with Autism Spectrum Disorder,” Journal of Clinical Medicine, 2024. <https://doi.org/10.3390/jcm13216435>

ӘОЖ 376.3

ЖАЛПЫ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Құмарбекова А.Н., Сәлімова А.А.

Ғылыми жетекші: Канапиянова К.Д., «Психология және коррекциялық педагогика» кафедрасының сениор-лекторы, психология магистрі, дефектолог
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aiymkn03@mail.ru, arujan221103@gmail.com

Арнайы әдебиеттерде жалпы тіл кемістігі деп есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі тіл кемістіктері деп сипатталады.

В.К. Воробьева, В.П. Глухов, Н.К. Усольцева, Е.Г. Федосеева зерттеулерінде сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың қарым-қатынасындағы қиындықтар қарым-қатынастың негізгі формаларының қалыптаспауынан

көрінетіні аталған. Белгілі болғандай, коммуникативті дағдылардың жетілмегендігі балалардың толыққанды когнитивті дамуына кедергі келтіреді, өйткені олар ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды.

Сондықтан, сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс жүйесінің бастапқы ұстанымы сөйлеудің коммуникативті бағыты принципі болуы керек. Бұл қағида бойынша балалармен топтық психологиялық-логопедиялық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады, олардың құрылымына ойын технологиялары мен психогимнастика кіреді [10].

Әдебиеттерде көрсетілгендей, сөйлеу қабілеті бұзылған балаға түзету-дамыту жұмысының жеке түрі де қолданылады. Ең тиімді құрал ретінде арт-терапияның құм терапиясы және ертегі терапиясы бағыттары ұсынылады.

М.А.Сүлейменованың зерттеуіне сәйкес, мектеп жасына дейінгі бала үшін ең жақын, қол жетімді және қызықты әрекет ойын болып табылады. Ойын мен сөйлеу арасында екі жақты байланыс бар: бір жағынан баланың сөйлеуі ойында дамып, белсендіріледі, екінші жағынан, ойынның өзі сөйлеудің әсерінен жақсарады. Ойнап жатқан баланы бақылай отырып, оның қызығушылықтарын, қоршаған өмір туралы идеяларын білуге, мінезін ерекшеліктерін, жолдастар мен ересектерге деген көзқарасын, ойлау мен сөйлеудің даму деңгейін анықтауға болады.

Негізінен сабақтарға тактильді-кинестетикалық сезімталдықты және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар кіреді. Бала рефлексияның алғашқы тәжірибесін алады, өзін және басқаларды түсінуге үйренеді. Пианино немесе компьютер пернетақтасы сияқты құм бетінде "ойнауға" болады. Бұл жағдайда саусақтар ғана емес, қолдар да қозғалады, жоғары және төмен жұмсақ қозғалыстар жасайды. Құмсалғышты пластиктен жасалған және басқалармен қатар құмға көмілген белгілі бір әріпті табу үшін пайдалануға болады. Балалар құмнан әріптерді мүсіндеуді өте жақсы көреді. Құмдағы әріптер мен сөздерді саусағыңызбен, содан кейін таяқшамен жаза аласыз, оны қалам сияқты ұстай аласыз. Құм баланың жұмысын ұзақ сақтауға мүмкіндік береді. Құмдағы қателерді түзету қағазға қарағанда оңайырақ. Бұл балаға өзін сәтті сезінуге мүмкіндік береді [1].

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыста қолданылатын арт-терапияның келесі бағыты - ертегі терапиясы. Бәрінен бұрын балалар ертегіні жақсы көреді. Көрген ертегі баланың жан дүниесінде ұзақ уақыт ғажайып, сиқыр, мереке сезімін қалдырады.

Арнайы әдебиеттерде ертегімен жұмыс істеудің әртүрлі формалары қолданылады: оқу, талқылау, ойнау, сурет салу, композиция, ертегіні қайталау және театрландырылған қойылым.

Барлық авторлар жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балаларда тіл жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптаспауы зейіннің, қабылдаудың, есте сақтаудың, қиялдың, ауызша – логикалық ойлаудың ерекше ауытқуларымен үйлесетінін растаған.

Сонымен қатар, жалпы тіл кемістігі балалар олардың оқуы мен тәрбиесін қиындататын жеке ерекшеліктерге ие: негативизм, агрессивтілік, ашуланшақтық, көңіл-күй, оқшаулану, ұялшақтық, пассивтілік, сезімталдық және сөйлеу дамуында артта қалған балалар көбінесе шығармашылық, мазмұнды ойын әрекеттеріне қабілетсіз.

Ткаченко Т.А. зерттеулерінде ертегі арқылы психолог балаға ұялшақтықты, қорқынышты, агрессивтілікті, ашуланшақтықты, жылауды, негативизмді, пассивтілікті, қыңырлықты, оқшаулануды жеңуге көмектесетіні атап айтылған [8].

Жалпы айтқанда, ертегіні көрсету барысында баланың зейіні, қабылдауы және ақыл-ой белсенділігі айтарлықтай артады. Ертегілерді шебер ойнау психологқа мүмкіндік береді: балада қуанышты, көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру, баламен эмоционалды байланыс орнату, сөйлеу қарым-қатынасын белсендіру, көзге көрінбейтін тәрбиелік әсер ету, мектеп жасына дейінгі баланың білімі мен ақпаратының қорын толықтыру, танымдық процестерді жетілдіру, сөйлеуді дамыту.

Ертегі терапиясын қолданудың әртүрлі жұмыс түрлерін қамтитын төмендегідей жүйе жасалған:

Баланы ертегі ойнауға қосу. Ертегіні көрсету кезінде, әрекет барысында психолог балаға ештеңе түсіндірмей, оған ойыншықтардың бірін береді. Содан кейін, осы ойыншыққа сілтеме жасай отырып, оның кейіпкерінің атынан баланың кейіпкеріне сұрақ қояды. Мысалы, «Сен қайда бара жатырсың, маймыл?» және т. б. Мұндай жаттығулар зейін, ойлау, қиялдан басқа, баланың сөйлеу белсенділігі мен фразалық сөздерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Таныс ертегіге негізделген пластикалық зерттеулер. Ойыншықтың болуы баланың бейнеге оңай енуіне, байқалған кейіпкердің мінез-құлқының бөлігі ретінде батыл әрекет етуге көмектеседі, бұл психологиялық тұрғыдан әлдеқайда жеңіл. Бұл жаттығу баланың психо-эмоционалды жағдайын жақсартуға, баланың шығармашылық көріністерін белсендіруге мүмкіндік береді.

Қаралған сюжетті талқылау. Ертегі көрсетілгеннен кейін бірден психолог балаға сұрақ қояды, оны талдауға, пайымдауға, қорытынды жасауға шақырады. Мысалы: «Кім ең батыл болды?» Жаттығулар баланың ауызша-логикалық ойлауын және сөздік қорын жетілдіре алады.

Баланың таныс ертегіні ойнауы. Алдымен, сіз балаға ертегінің кішкене бөлігін ойнауды ұсына аласыз. Содан кейін сіз ертегіні толығымен қайталауға көшуіңіз керек. Егер бала мұғалімге үйреніп, онымен жақсы байланыста болса, онда басқа балалардың қатысуынсыз ертегі ойнау психологиялық тұрғыдан оңайырақ. Бұл жаттығу баланың сөйлеу белсенділігін ынталандырады, оның фразалық және үйлесімді сөйлеуін дамытады.

Бірнеше баланың қатысуымен таныс ертегі ойнау. Психолог ертегі ойнауды бастамас бұрын рөлдерді таратады, кішкентай актерлерге тиісті ойыншықтар береді. Ересек адам кейіпкерлердің бірінің айтуынша оның сюжетін дамытуды жалғастырады. Осындай жаттығулардың арқасында балалар

әңгімеге қатысуға, диалогтық қарым-қатынас заңдарына сәйкес өз сөздерін тұжырымдауға үйренеді.

Ойыншықтар жиынтығы бойынша ертегіні құрастыру. Бұл жағдайда балаға ертегіні көрсетіп қана қоймай, оның сюжетін ойлап табуға тура келеді. Алдымен, қиындықтар туындаған жағдайда, сіз балаға сюжетті еске түсіре аласыз, кейін ол өзі ертегіні жасай алады. Болашақта балаға үлкен тәуелсіздік беріп, оны кішігірім жетістіктері үшін ынталандыру керек. Мұндай жаттығулар үйлесімді сөйлеудің ең күрделі формаларын - шығармашылық әңгімелер құрастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, әр ертегінің соңында оның адамгершілігін тұжырымдау керек. Ертегінің сюжеті негізінде ересек адам жасаған, бірақ ертегі кейіпкеріне бағытталған тұжырымды бала өзінің мекен-жайына тікелей берілген нұсқау немесе кеңестен гөрі жақсы қабылдайды және сіңіреді.

Қорыта айтқанда, жалпы тіл кемістігі бар мектепке дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау әртүрлі әдістердің көмегімен іске асырылады. Сөйлеу тілінің кемістігі қарым-қатынасқа түсуде қиындықтар тудырғандықтан, балалардың когнитивті дамуы кешеуілдеуі мүмкін. Осы жағдайда түзете-дамыту жұмысының бір бағыты ретінде арт-терапия ұсынылады. Оның негізі бағыты ретінде құм және ертегі терапиясын қолдану ұсынылады. Бұл әдістер баланың сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетіп қана қоймай, когнитивтік және эмоционалдық салаларын біртіндеп жақсартуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Грабенко Т.Н., Зинкевич – Евстигнеева т.Д. Коррекционные, развивающие и адаптирующие игры. – СПб.: «ДЕТСТВО-ПРЕСС», 2002. – 64 с.
2. Довгаль Н. В. Логопедические игры в песочной стране // Логопед. - 2004. - № 3.
3. Жигалко О. Пять дружных гномов. Программа развития эмоциональной сферы дошкольников с ОНР // Школьный психолог. – 2009. - №1.
4. Луцко И. Лечебные сказки // Книжки, нотки и игрушки для Катюшки и Андрюшки. – 2003. - №2. – с.7.
5. Никитинская С.В. Использование сказкотерапии в логопедической работе с заикающимися дошкольниками // Материалы конференции логопедов системы МЗ РФ «Актуальные вопросы логопатологии», 10-11 февраля 2009 года, Санкт-Петербург.
6. Свешникова Л.В. Рефлексивные техники эмоционального состояния детей. – Волгоград:Учитель, 2010. – 79 с.
7. Соловов А.Т. Навыки жизни. Программа ранней профилактики химической зависимости детей для детей 9-12 лет. – М., 2002. – 48 с.
8. Ткаченко Т.А. Технология моделирования и разыгрывания сказок на индивидуальных логопедических занятиях с дошкольниками // Практическая психология и логопедия. – 2003. - №3-4.

9. Харебашвили Ю.А., Жилина И.И. Использование предметов – заместителей в коррекционно – развивающем обучении детей с ОНР // Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии. – 2005. – №4. – с.41-45.

10. Чистякова М.И. Психогимнастика / Под ред. М.И. Буянова. – М.: Просвещение, ВЛАДОС, 1995.

УДК 37.013

РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ У ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ STEAM-ПРОЕКТЫ

Мурадова В.В., учитель русского языка и литературы
КГУ «Средняя школа №17 им. М. Ауэзова»
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: vladmira.muradova@yandex.kz

В эпоху технической революции, когда новые технологии и профессии стремительно появляются и развиваются, вопрос о том, как адаптировать образование к современным реалиям, становится особенно актуальным для педагогов. В условиях постоянно изменяющегося мира педагогам важно понимать, что традиционное образование требует переосмысления и адаптации. Путем постоянного обновления содержания, методов и подходов к обучению, а также используя современные технологии, мы можем подготовить школьников к вызовам будущего, обеспечить их необходимыми знаниями и навыками для успешной жизни и карьеры. Развитие креативного мышления у детей через STEAM-проекты на уроках русского языка и литературы — это актуальная и важная тема, которая позволяет интегрировать различные подходы в процесс обучения. STEAM предоставляет широкий спектр возможностей для создания междисциплинарных проектов, которые могут способствовать улучшению навыков критического мышления, креативности и сотрудничества среди учащихся.

STEAM — это интегрированный подход к обучению, который включает в себя создание проектов, основанных на реальных задачах и сюжетах, комбинируя методы из разных областей знаний. Креативное мышление включает в себя способность генерировать новые идеи, находить нестандартные решения и выстраивать ассоциативные связи между казалось бы несвязанными концепциями. STEAM-проекты могут эффективно развивать эти навыки через проектную исследовательскую деятельность. [1, с.31]

Исследования показывают, что STEAM-образование (наука, технологии, инженерия и математика) играет важную роль в подготовке детей к реальной жизни. Этот подход акцентирует внимание на практическом применении знаний и умений, что значительно повышает мотивацию учащихся и помогает им лучше понимать, как функционирует окружающий мир.

Во-первых, STEAM-проекты активно вовлекают детей в решение реальных задач. Это не просто теория, а практика, которая позволяет применять предметные знания для нахождения решений. В процессе работы над такими проектами дети учатся критическому мышлению, инновациям и креативности, что является важнейшими навыками для современного общества. [2, с.50]

Во-вторых, STEAM-образование способствует развитию междисциплинарного подхода. Учащиеся понимают, как разные области знаний связаны между собой. Это помогает развивать интегративное мышление, что крайне полезно для решения комплексных задач в будущем.

Кроме того, STEAM-проекты могут быть адаптированы под интересы и потребности учащихся, что делает обучение более персонализированным. Дети могут выбирать темы, которые их интересуют, что способствует развитию их увлечений и склонностей. [3, с.64]

И наконец, STEAM-образование часто включает в себя компоненты социокультурной значимости. Учащиеся могут работать над проектами, которые касаются местных сообществ или глобальных проблем, таких как изменение климата, экология и здоровья. Это воспитывает у детей чувство ответственности и понимание их роли в обществе, а также признает важность знания и действий в контексте социальных и этических вопросов.

Проектная деятельность на уроках русского языка и литературы с использованием технологии STEAM представляет собой интегративный подход к обучению, который способствует развитию критического мышления, креативности и будущих профессиональных навыков у учеников. Данная методика активно использует междисциплинарное взаимодействие и помогает углубить понимание литературы и языка через практическую деятельность.

Примеры проектной деятельности с использованием STEAM:

- Создание мультимедийного проекта на основе литературного произведения. Учащиеся выбирают литературное произведение и создают мультимедийную презентацию или видео. Это могут быть интервью с персонажами, анимация ключевых моментов сюжета или визуализация тем, поднятых в произведении. Развитие навыков работы с программами для создания презентаций и видеомонтажа, а также углубленное понимание сюжета и тематики произведения.

- Литературный квест в формате Escape Room. Учащиеся работают в командах, решая головоломки и задачи на основе содержания прочитанной книги или литературного анализа. Задачи могут включать расшифровку цитат, написание альтернативных концовок, создание биографий авторов и т.д. Командная работа, творчество, анализ текста, логическое мышление и использование информационных технологий.

- Исследовательский проект по языковым диалектам. Ученики исследуют различные диалекты русского языка, собирают данные о фонетических, грамматических и лексических особенностях, а затем создают интерактивную карту с примерами использования диалектов. Навыки сбора и анализа данных, исследовательская деятельность, работа с геоинформационными системами.

- Писательская мастерская: создание и издание книги Учащиеся пишут собственные рассказы или поэтические произведения, затем оформляют их в виде книги. Можно также использовать технологии для создания электронной версии, включая иллюстрации и аудиозаписи. Навыки письма и редактирования, работа с графическими редакторами и преобразование текстов в мультисенсорный опыт.

- Театр и театрализация произведений Постановка сцен из литературных произведений или оригинальных пьес, основанных на сюжетах книг. Учащиеся не только разрабатывают сценарий, но и занимаются сценографией и костюмами. Развитие ораторских навыков, командная работа, креативность, и понимание структуры повествования и образности текста.

Важно заранее составить план проекта, определить цели и ожидаемые результаты. Учителя должны чётко формулировать задачи и критерии оценки выполненной работы. Поддержка связей между литературой и другими предметами, такими как история, искусство и технологии, делает проекты более полными и разносторонними. Использование программного обеспечения, онлайн-платформ и ресурсов, таких как Google Classroom, Canva, или специальных платформ для проектной деятельности, может значительно увеличить степень вовлечённости учащихся и облегчить процесс работы. Наблюдение за процессом выполнения проекта и итоговая презентация могут быть основными критериями для оценивания. Важно учитывать не только конечный результат, но и уроки, извлеченные во время работы. После завершения проекта важно организовать обсуждение, что позволит учащимся оценить результаты своей работы, выявить проблемы и наметить пути для их решения в будущем. Организация экспериментально-исследовательской деятельности в рамках STEAM-образования не только обогащает обучение, но и делает его более увлекательным и интерактивным. Это позволяет учащимся углубить свои знания в области русского языка и литературы, а также развивать навыки, необходимые для успеха в современном мире. Применение таких подходов способствует формированию мотивированных, креативных и критически настроенных личностей, готовых к решению различных задач. [4, с.449]

Проектная деятельность в контексте STEAM на уроках русского языка и литературы не только делает процесс обучения более увлекательным и динамичным, но и эффективно развивает ключевые компетенции, которые будут необходимы учащимся в будущем. Этот метод мотивации и вовлечения учащихся в учебный процесс способен открыть новые горизонты в понимании языка и литературы, а также подготовить их к вызовам современного мира.

Современные образовательные практики все чаще интегрируют достижения STEM с искусством, образуя подход, известный как STEAM (наука, технологии, инженерия, искусство и математика). Этот подход акцентирует внимание на важности креативного и критического мышления, а также способности решать комплексные проблемы, что делает его особенно актуальным в условиях быстро меняющегося мира. STEAM-подход готовит

детей не только к будущим профессиональным вызовам, но и к глобальным изменениям, обеспечивая комплексное и гармоничное развитие личности учащегося. [5, с.171]

STEAM-технологии способствуют развитию у обучающихся целого комплекса навыков и качеств, необходимых для успешной жизни и работы в современном мире. Важно отметить, что внедрение STEAM-подхода в образовательный процесс позволяет не только углубить понимание учебного материала, но и развить мягкие навыки, такие как критическое мышление, коммуникацию, креативность и командную работу. Обучающиеся, участвуя в исследовательских проектах, начинают осмысленно подходить к анализу явлений и процессов. Работа с различными источниками информации требует от них умения задавать правильные вопросы, выдвигать гипотезы и проверять их на практике. Работа в группах над проектами позволяет каждому участнику взять на себя определённую роль: исследователя, аналитика, дизайнера или презентационного лидера. Разделение обязанностей и совместное достижение целей способствует выработке навыков межличностного общения и учит принимать мнения других, что является основой успешной командной работы.

Проекты в формате STEAM часто предполагают от обучающихся высокий уровень самостоятельности. Им предлагают тему, но свободу выбора в методах исследования, что вдохновляет их быть инициативными и проявлять креативность. Это также помогает развивать навыки самоорганизации и управления временем, так как ученики учатся планировать процесс работы, учитывая как временные ограничения, так и ресурсы. Оценка результатов своей работы, а также умение конструктивно критиковать друг друга развивает у обучающихся навыки рефлексии. Они учатся извлекать уроки из неудач и успехов, что позволяет им адаптироваться и улучшать свои методы работы.

Интеграция STEAM-технологий в образовательный процесс открывает новые горизонты для развития обучающихся. Они становятся не просто пассивными получателями знаний, а активными исследователями, способными самостоятельно формулировать задачи и находить пути их решения. Такой подход формирует не только умения работать с информацией, но и углубляет интерес к учебе, способствует личностному росту и подготовке к будущей профессиональной деятельности.

В заключение, STEAM-проекты разрушают барьеры между традиционным образованием и практическими навыками, помогая детям не только приобрести знания, но и развивать важные жизненные навыки, такие как сотрудничество, критическое мышление и креативность, которые будут востребованы в их будущем.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Анисимова Т. И., Сабирова Ф. М., Шатунова О. В. Подготовка педагогов для STEAM-образования //Высшее образование сегодня. – 2019. – №. 6. – С. 31-35.

2. Власова А. А., Водяненко Г. Р. STEAM-проекты на занятиях компьютерной графикой //Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия: Информационные компьютерные технологии в образовании. – 2023. – №. 19. – С. 42-50.

3. Гетманская Е. В. Литературное образование в контексте STEAM-подхода (по материалам западных исследований) //Литература в школе. – 2020. – №. 6. – С. 64-76.

4. Свищёва Н. А. Роль цифровых образовательных ресурсов в системе подготовки STEAM-педагогов //Сборник тезисов студенческой открытой конференции. – 2022. – С. 449-453.

5. Щербакова Т. А. Метод проектов, как основа STEAM-образования //Вестник научных конференций. – ООО Консалтинговая компания Юком, 2020. – №. 1-3. – С. 171-172.

ӘОЖ 372.854

ОҚУШЫЛАРДЫ ХИМИЯ БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ КЕЙС-СТАДИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Нуриманова Н.А.

Ғылыми жетекші: Абылкасова Г.Е., х.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Abylkassova@mail.ru

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру мазмұнының оқушылар мен студенттердің дағдылары мен құзыреттерін дамытуға бағдарлануы атап өтіледі [1].

Білім беру процесінің нәтижесі түлектердің құзыреттілігі және олардың құзыреттілігі болып табылады. Дереккөзге сәйкес [2], " құзыреттілік-бұл әр түрлі теориялық және практикалық мәселелерді шешуге бағытталған жалпыланған білімдердің, дағдылардың, дағдылардың (дағдылардың) жиынтығы, ал құзыреттілік-құзыреттерді практикада (өмірде, әлеуметтік-кәсіби қызметте) дәлелді және жауапкершілікпен қолдану қабілетін білдіретін интеграцияланған жеке қасиет».

Қазақстан Республикасының негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты және білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері шеңберінде мектеп оқушыларының шешімдерді белсенді іздеумен, топтық өзара іс-қимылмен, жағдайды өз бетінше талдаумен байланысты іскерліктерін дамытудың маңыздылығы туралы айтылады [3].

Құзыреттілік тәсіл білім беру мақсаттарын түсінудің өзгеруіне, белсенділік, топтық, ойын, рөлдік, тәжірибеге бағытталған, проблемалық,

рефлексивті және оқытудың басқа түрлері қажет екенін түсінуге әкеледі, оқытудың заманауи әдістері қажет [4,5].

Осыған байланысты пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу қажет. Кейс-стади технологиясы осы талаптарға жауап береді, өйткені ол оқушылардың оқу міндеті жағдайында практикалық және теориялық мәселелерді шешуге негізделген [3].

Қазіргі уақытта білім беру реформалары және Қазақстанда оқытудағы құзыреттілік тәсілге көшу жағдайында оқушылардың сыни ойлау, талдамалық қабілеттер, ақпаратпен жұмыс істей білу және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау сияқты негізгі дағдыларын дамытуға назар аударылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін оқушыларды оқу процесіне белсенді тартуға бағытталған оқытудың жаңа нысандары мен әдістері қажет.

Қазіргі педагогикада оқытудың белсенді әдістерінің өзектілігіне қарамастан, мектеп тәжірибесінде "кейс-стади" технологиясы сияқты әдістер салыстырмалы түрде шектеулі түрде қолданылады, әсіресе химия сияқты жаратылыстану-ғылыми пәндерде. Дәрістер мен стандартты зертханалық жұмыстар сияқты дәстүрлі әдістер студенттерге нақты мәселелерді сәтті шешуге және теориялық білімді практикада қолдануға қажетті құзыреттіліктерді дамытуға әрдайым мүмкіндік бермейді.

Кейс-стади сияқты белсенді әдістерді қолдану нақты өмірге жақын жағдайларды талдау және шешу үшін химиялық білімді қолдануды қажет ететін есептерді шешудің нақты процесіне тарту арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл оқуды тәжірибеге бағытталған етуге көмектеседі және оқушыларды өз бетінше шешім табуға ынталандырады.

Әдебиетте істерге арналған нақты жіктеу жоқ. Шартты түрде істерді өлшеміне қарай бөлуге болады: үлкен (толық метражды-кәсіби, 25 бетке дейін болуы мүмкін), орташа (кейде "еуропалық", 6-7 бет) және кіші (шағын кейстер). Көлемі істің негізгі сипаттамасы емес. Мини-кейсте тек негізгі ақпарат беріледі, проблемалық сәттердің аз саны шешіледі, бұл өз кезегінде кейстің бұл түрін қысқа уақыт аралығы бар оқу сабақтарында пайдалануға мүмкіндік береді. Қысқа жағдайлар да ерекшеленеді, олар әдебиетте кейслет (caselet) деп аталады, көбінесе 1-3 беттен тұрады, бұл оларды дәріс, практикалық және зертханалық сабақтарда қолдануға ыңғайлы етеді [6]. Істерді жіктеудің ең көп таралған түрлері (суретті қараңыз) жұмыста келтірілген [7].

Істі ұйымдастырудың бірнеше әдісі бар: мәселені анықтау, қосымша ақпарат алу, мәселені шешудің әртүрлі нұсқаларын анықтау [8].

Тапсырма кезендері бойынша жұмысты бағалаудың белгілі бір критерийлері бар: мәселені сауатты шешу; шешімнің жаңалығы мен бірегейлігі; теориялық бөлімді ұсынудың қысқалығы мен анықтығы; мәселені шешудің ресімделу сапасы; пікірталас жүргізу этикасы; микротоптың барлық мүшелерінің жұмыс белсенділігі.

Кейс-әдіс әр түрлі факторларды белсендіруге мүмкіндік береді: белгілі бір курс бойынша теориялық білім, студенттердің практикалық тәжірибесі, олардың

өз ойларын, идеяларын, ұсыныстарын айту қабілеті, балама көзқарасты тыңдау қабілеті және өз пікірін дәлелді түрде айту.



Сурет-Кейстердің жіктелуі және түрлері

Осы әдіс арқылы білім алушылар аналитикалық және бағалау дағдыларын көрсетуге және жетілдіруге, командада жұмыс істеуді үйренуге, теориялық материалды практикада қолдануға мүмкіндік алады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, кейс-әдіс режимінде дамиды құзыреттілік кестесін ұсынуға болады [8].

Құзыреттілік	Олардың сипаттамасы
Шешім қабылдау қабілеті	Нақты іс-әрекеттер моделін жасау және қабылдау мүмкіндігі.
Оқу қабілеті	Жаңа білім іздей білу, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары мен дағдыларын игеру
Жүйелік ойлау	Жағдайды жан-жақты түсіну, оны жүйелі талдау мүмкіндігі
Тәуелсіздік және бастамашылық	Белгісіздік жағдайында белсенділік таныту мүмкіндігі
Өзгерістерге дайындық және икемділік	Өзгерген жағдайда жылдам шарлау, жаңа жағдайларға бейімделу мүмкіндігі

Ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті	Ақпаратты іздеу, талдау жүргізу, оны ұсынудың бір түрінен екіншісіне аудару мүмкіндігі
Табандылық пен берілгендік	Өз көзқарасын қорғай білу, серіктестер тарапынан қарсылықты жеңе білу
Коммуникативті қабілеттер	Өз көзқарасын қорғай білу, сөзді меңгеру, байланысқа түсе білу
Тұлғааралық байланыс қабілеті	Әңгімелесушіні тыңдау және түсіну қабілеті
Ойлау проблемасы	Проблемаларды шешудің модельдерін жасай білу

Химия сабақтарындағы кейс – технология білім алушыларда қалыптастырады оқуға деген жоғары мотивацияны дамытады; ынтымақтастық қабілеті, көшбасшылық сезімі сияқты болашақ кәсіби қызмет үшін маңызды жеке қасиеттерді дамытады; іскерлік этика негіздерін қалыптастырады, білім сапасын арттырады, өз бетінше оқу қабілетін қалыптастырады. Химия бойынша дәстүрлі практикалық жұмыстардың орнына практикалық жағдайларды қолдануға болады, содан кейін пробиркалардағы заттарды жай ғана біріктірудің орнына студенттер осы жағдайда білімді, дағдыларды, дағдыларды шоғырландыру, шешім қабылдау бойынша жақсы тренинг алады.

Практикалық жағдайлар мүмкіндігінше көрнекі және егжей-тегжейлі болуы керек және бұл практикалық істі орындау кезінде жақсы көрінуі мүмкін [8].

Зерттеу жағдайлары жағдай мен ондағы мінез-құлық туралы жаңа білім алудың үлгісі болып табылады. Олар сондай-ақ берілген зерттеу мәселесі бойынша жұмысты қамтиды, бірақ студент өзінің зерттеу әдісін немесе әдісін табуы керек. Бұл жағдайда зерттеу функциясының Үстемдігі оны әрі қарайғы ғылыми-зерттеу қызметінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [8].

Бұл жағдайлардың артықшылығы-білімді тереңдету және білім олқылықтарын анықтау арқылы жақсы игерудің кепілі. Кемшіліктері-сабаққа кейс дайындау кезінде қажетті уақытты, сондай-ақ сабақты өткізудің уақыт шеңберін, әсіресе жыл бойы бағдарламаны өту кезінде атап өтуге болады.

Осылайша, кейс технологиясы оқытудың интерактивті әдісі болып табылады. Бұл технология оқушының басқа адамдарды тыңдау, есту, түсіну, командада жұмыс істеу, логикалық ойлау, сұрақ қою, жауап беру, өз тұжырымдарын жасау, өз пікірін қорғау дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал етеді.

Жалпы, кейстерді құрастыру-бұл химия пәнінің мұғалімінен белгілі бір дайындық деңгейін талап ететін өте көп уақытты қажет ететін процесс, бірақ әдістемелік материал мен педагогикалық шеберлікті дамыта отырып, бұл кейс технологиясы өте тиімді болып қала береді [6].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. –

URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/451747?lang=ru>
/Электронный ресурс (дата обращения 19.09.2024).

2. Жук, О.Л. Направления модернизации высшего образования и требования к педагогическим компетенциям преподавателей в контексте Болонского процесса / О.Л. Жук // Выш. шк. – 2015.– № 5. – С. 18–22.

3. Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования.

Приказ министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348.- URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> Электронный ресурс (дата обращения 27.09.2024).

4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированного образования // Народное образование. – 2003. – №2. – С.58-64.

5. Зимин В.Н. Внедрение ключевых компетенций в содержание профессионального образования: методические рекомендации. -Иркутск: Издательство «ИПКРО».- 2007.-23 с.

6. Путро П.Д., Молоток Е.В. К методике использования кейс-технологии при изучении химии студентами технических специальностей. Вестник Полоцкого государственного университета. Серия Е. Педагогические науки.- №13 (38).-2022.-С.34-43.

7. Калустьянц, К.А. Использование кейс-технологии в современном вузовском образовании/К.А. Калустьянц//Проблемы современного педагогического образования. – 2020. – № 67-4. – С. 160–162.

8. Чаркова М.Н. «Применение кейс-технологии на уроках химии». - URL: <https://infolesson.kz/statya-na-temu-primenenie-kejs-tehnologii-na-urokah-himii-4478206.html>/Электронный ресурс (дата обращения 05.10.2024).

ӘОЖ 37.01:[37.026]

**БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДА БЛУМ
ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Омарбекова С.Е., Жантөре А.Б., 2-курс магистранттары

Ғылыми жетекші: Шарипханова А.С., б.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: Sauleomarbek91@gmail.com

e-mail: aruzhan.zhantoreeva11@bk.ru

Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға дағдыларының кеңінен болатын ойлау қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты неғұрлым тұтас нысанын құру. Блум таксономиясы-жеке тұлғаға бағытталған, оның шығармашылығын дамытудың

және білімді толық меңгертудің әдісі болып табылады. Адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін алты деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді.

Таным мен ойлау деңгейі төмен деңгей. Бұл категория оқу материалын есте мен қайталауды сақтау білдіреді. Оқу материалы деп әр түрлі мазмұндағы ақпаратты (нақты фактілерден бүтін теорияларға дейін) атауға болады. Бұл категорияның негізгі сипаты қажетті мәліметтерді есте сақтау

Оқушы әрекеті: Қолданылған терминдерді біледі, есте сақтайды Нақты фактілерді атайды Жұмыстың орындалу ретін жазады. Негізгі ұғымдарды қайталайды.

Түсіну. Оқу материалын түсінгендіктің көрсеткіші ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: Трансляция– яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мәселен биологиялық формуланы сөзбен айтып беру немесе керісінше, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету); Интерпретация Жорамалдау – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; - оқу материалы бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау. Мұндай оқу нәтижелері материалды есте сақтау деңгейіне қарағанда анағұрлым жоғары болады.

Оқушы әрекеті: Фактілерді, ережелерді, қағидаларды салыстырады, айырмашылығын көрсетеді, мысалдар келтіреді; Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді, өзгертеді; Сөзбен келтірілген материалды биологиялық ұғымдарға өзгертеді (немесе керісінше); Берілген ақпарат бойынша болашақта туындауы ықтимал салдарын сипаттайды, болжайды.

Қолдану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды әдістерді, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді. Оқушы әрекеті: ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді. заңдар мен теорияларды тәжірибелік тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады

Талдау. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу:

- Бүтіннің бөліктерін ажырату;
- Бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну.

Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысы қалайша құралатындығын білуді меңзейді. Оқушы әрекеті: жасырын (көзге көрінбейтін) жайттарды ашады ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды

Жинақтау (синтез). Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу

материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама, жұмыс жоспары, кестелерді атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн және жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Оқушы әрекеті: тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады

- шығармашылық тұрғыдан шығарма (эссе) жазады қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады

Бағалау. Таным мен ойлау деңгейі жоғарғы деңгей болып саналады. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру, таңдау жасап, шешім қабылдау. Мұнда оқушы пайымдаулары нақты дәлелдерге негізделуі керек:

Вот в заключение стоит отметить, что аудиолингвальный метод обучения иностранным языкам, разработанный Чарльзом Фризом и Робертом Ладом, представляет собой важный инструмент в арсенале современных педагогических подходов. Его акцент на практическом применении языка, слуховом восприятии и механическом повторении способствует автоматизации речевых навыков и развитию уверенности у учащихся.

Тем не менее, несмотря на значительные преимущества, метод имеет свои ограничения, такие как недостаточное внимание к культурным аспектам языка и пробелы в письменной речи. Эти недостатки подчеркивают необходимость интеграции различных методов обучения для создания более сбалансированного подхода. Именно сбалансированное сочетание аудиолингвального метода с другими педагогическими подходами может обеспечить успешное овладение иностранными языками, учитывая разнообразные потребности студентов и условия глобализации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Lado, R. (1957). *Linguistics Across Cultures*.
2. Skinner, B. F. (1953). *Science and Human Behavior*.
3. Richards, J. C., & Rodgers, T. S. (2001). *Approaches and Methods in Language Teaching*.
4. Tharp, R. G., & Gallimore, R. (1988). *Understanding Vygotsky for Teachers*.
5. Brown, H. D. (2001). *Teaching by Principles*.

К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА У ДЕТЕЙ

Русякина Т.К.

Научный руководитель: Смаилова Ж.У.

Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: rusyakina.tanya@gmail.com

Современные исследования демонстрируют актуальность темы формирования чтения и письма у детей и раскрывают их обусловленность рядом причин. Во-первых, вопросы ранней диагностики и коррекции нарушений чтения и письма требуют особого внимания педагогов, психологов и родителей, так как своевременная помощь детям нарушениями чтения и письма может существенно улучшить их успеваемость и уровень социализации. Без должной поддержки дети с нарушениями чтения и письма часто испытывают хронические трудности в обучении, что может приводить к развитию вторичных психологических проблем, таких как тревожность, низкая самооценка и демотивация. Во-вторых, тема имеет значительные образовательные и социальные последствия для общества, поскольку недостаток грамотных специалистов и отсутствующие программы поддержки могут усугублять неравенство в доступе к качественному образованию. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), до 10% детей школьного возраста во всем мире могут иметь нарушения чтения, что делает важной данную проблему для образовательной системы многих стран, включая Казахстан [1].

В эпоху цифровых технологий многие современные дети начинают читать раньше, чем писать, что приводит, по мнению авторов, к специфическим проблемам. Чтение на цифровых устройствах часто ориентировано на печатный текст, и дети сейчас меньше сталкиваются с рукописными тестами. Как отмечают аналитики, переход к цифровым форматам может привести к тому, что умение писать от руки станет менее важным для повседневной жизни. Возникает вопрос, будут ли дети в будущем активно использовать навыки рукописного письма. Возникающие проблемы требуют от педагогической науки изменения традиционных подходов в системе и технологии обучения письму и чтению.

Современные авторы по-разному расставляют приоритеты в формировании чтения и письма. Например, классик специальной педагогики Выготский Л.С. акцентировал внимание на фонематическом восприятии и графомоторных навыках, считая их основой для формирования навыков чтения, т.е. навыки письма, по его мнению, первичны. В отличие от Выготского Л.С., Петровский А.В. утверждал, что чтение и письмо следует развивать параллельно, особенно у детей, имеющих различные нарушения в развитии. В свою очередь Ганн П., в своих исследованиях, подчёркивает важность предварительного обучения чтению, так как оно развивает необходимые навыки декодирования, которое включает в себя определение буквенно-звуковых соответствий,

слогослияние и воссоздание звукового облика целого слова, что является важным для формирования письма [2].

Систему Марии Монтессори следует выделить отдельно, т.к. именно она считается альтернативным образовательным подходом, который в казахстанских дошкольных и школьных учреждениях используется параллельно с традиционным. Мария Монтессори предлагает особую логику последовательности в обучении чтению и письму, где приоритет отдается чтению, так как это процесс распознавания символов и звуков, в то время как письмо требует более сложных моторных навыков и координации. Кроме того, чтение рассматривается как основа для письма, так как способствует более глубокому усвоению информации [3].

Особенность методики Марии Монтессори заключается в том, что ребенку сначала предлагают сенсорные упражнения, которые помогают развивать зрительную и слуховую память, ассоциации между звуками и их графическим отображением (буквами). Это позволяет детям научиться распознавать буквы и их звуковое значение еще до того, как они приступают к сложному процессу написания этих букв. Письмо как более сложный навык требует не только понимания графем (букв) и их звуков, но и развития мелкой моторики, которая задействует мышцы руки. И это, надо отметить, более сложный процесс, требующий больше времени для освоения. В связи с этим, Мария Монтессори предполагает, что чтение должно предшествовать письму, так как ребенку легче запомнить и распознать буквы, чем научиться их записывать. Некоторые представители современных образовательных и исследовательских подходов поддерживают идею Марии Монтессори в том, что чтение должно предшествовать письму, что письмо требует дополнительных моторных навыков и координации, и этот факт делает процесс письма более сложным для освоения на ранних этапах развития ребенка [3].

Следует отметить, что как в теории, так в практике, на данный момент не сформировалось однозначного отношения к проблеме приоритетов в формировании навыков чтения и письма. Наше исследование посвящено традиционному подходу, который остается официальным на государственном уровне и преобладает в организациях системы общего и специального образования. В предлагаемой статье мы попытались проанализировать как разные исследователи трактуют взаимосвязь нарушений письменной речи (дисграфия) и нарушений чтения (дислексия).

Письмо и чтение у детей формируется под влиянием ряда сложных и взаимосвязанных факторов, которые включают как биологические, так и социально-педагогические аспекты. Дислексия характеризуется дефицитом навыков, необходимых для полноценного развития письменной речи, таких как декодирование слов, орфографическая грамотность и способность восприятия письменной информации. Исследователи акцентируют внимание на различных аспектах этой проблемы, начиная с нейрофизиологических особенностей детей с дислексией и заканчивая влиянием социальной среды и педагогических методов.

Согласно исследованиям, Брэдли Лоренс и Брайанта Питера (1983), дети с нарушением чтения имеют проблемы с морфологическим восприятием языка, что означает, что они плохо осознают правила словообразования и склонения слов. Это затрудняет понимание письменной информации и приводит к ошибкам на уровне синтаксиса и грамматики [4].

По мнению Сеймура Филиппа и Дунна Роджера (1993), дети с дислексией часто испытывают трудности в развитии памяти, внимания и когнитивной гибкости, что усложняет процесс обработки информации. Плохая рабочая память мешает удерживать в сознании последовательность звуков и слов, что существенно снижает способность ребёнка к последовательному написанию текста. Кроме того, дети с дислексией испытывают сложности с формированием языковых правил, что приводит к появлению ошибок в письме, таких как замена букв, пропуски и добавление лишних символов [4].

Одним из ключевых факторов, влияющих на развитие чтения и письма у детей, являются биологические факторы, такие как, генетическая предрасположенность, нейрофизиологические особенности мозга. К таким исследованиям относятся описанные ниже работы. Например, работы Галабурды Альберта (1993) посвящены влиянию биологических факторов на возникновение нарушений чтения и письма. Автор отмечал наличие структурных изменений в мозге детей с дислексией, передаваемых по наследственной линии. Эти изменения включают уменьшение объёма определённых зон коры головного мозга, что влияет на когнитивные процессы, связанные с чтением и письмом. Значимость генетического компонента в этиологии дислексии исследовали и английские ученые Пеннингтон Брюс и Снидекер Джилл (2002). По их данным, дислексия часто встречается у детей, чьи родители также имели подобные трудности с чтением и письмом. В их исследовании указано, что примерно у 40-60% детей с дислексией можно проследить генетическую предрасположенность к этому расстройству. В исследованиях Дж. Шея и Н. Лайонса (2005) было отмечено, что дети с дислексией демонстрируют специфические аномалии в функционировании левого полушария мозга, которое отвечает за обработку языковой информации. И в частности, это проявляется в нарушении работы фонологической системы, что затрудняет распознавание звуков и их соответствие с буквами [5].

Фонологические проблемы являются одним из самых значимых факторов, влияющих на письменную речь. По данным исследований Салли Шейвитц (1996), дети с дислексией сталкиваются с трудностями в обработке фонем – звуковых единиц речи, что напрямую отражается на их способности к чтению и письму. Фонологический дефицит приводит к тому, что дети не могут быстро и точно ассоциировать написанное слово с его звуковым образом, что вызывает замедление в письменной речи и появление множества орфографических ошибок. Как отмечали Флетчер Джек и Лайонс Нэнси (2001), дети с дислексией имеют трудности в осознании структуры звуков речи, что препятствует успешной кодировке и декодировке письменных знаков. Это приводит к

появлению проблем с чтением, неправильному распознаванию слов и замедлению темпа письма [6].

Кроме обозначенных факторов, социальная среда, в которой находится ребёнок, и методы педагогического воздействия так же играют важную роль в развитии его письменной речи и чтения. Как отмечает Левассер Сильвен (2003), недостаток поддержки в школьной и домашней среде может усугублять проблемы, т.е. недостаток внимания со стороны учителей и отсутствие индивидуального подхода к детям с нарушениями письменной речи и чтения приводят к тому, что такие дети не получают необходимых знаний и навыков, что усиливает их школьные трудности [6].

Возвращаясь к проблеме приоритетов в формировании чтения и письма, следует выделить исследования российских авторов, которые отмечают, что современные дети часто начинают читать раньше, чем писать, благодаря доступу к цифровым ресурсам. В исследованиях Цветковой Л.С., Глухова И.П., Ахутиной Т. В. (2000), подчеркивается, что раннее обучение чтению может вызвать дисбаланс в развитии письменной речи. По их мнению, это связано с недостаточным развитием фонематического восприятия, графомоторных навыков и орфографической компетенции. В результате дети, которые рано осваивают чтение, часто сталкиваются с нарушениями формирования письменной речи. Цветкова Л.С. объясняет данный факт онтогенетической спецификой развития головного мозга, обращая внимание на важность сбалансированного развития функций мозга, необходимых для письменной речи. Ахутина Т.В. указывала, что письмо требует более сложных когнитивных и моторных навыков, чем чтение [7].

В концепции Садовниковой И. Н. (2018), формирование письма и чтения происходит в определённой последовательности. Первым должно осваиваться письмо, поскольку оно связано с переводом звуков в графемы, то есть ребёнок учится записывать устную речь, которая уже сформировалась. На этапе письма ребёнок осознаёт звуковую структуру речи, затем соотносит звуки с буквами и учится писать слова. Чтение, по мнению автора, формируется позднее, потому что оно требует соотнесения звуков с графическими символами. Сначала ребёнок учится распознавать буквы, затем соединять их в слоги, а уже после – в слова и фразы. Садовникова И. Н. подчёркивает, что важно учитывать этапы речевого развития, поскольку ранние нарушения могут негативно влиять на освоение и письма, и чтения, которые, в свою очередь, в дальнейшем повлияют на развитие когнитивных навыков ребенка [8].

Тема особенностей формирования письма и чтения у детей является крайне актуальной как в глобальном, так и в национальном контексте образования. В Казахстане нарушения письма и чтения у детей, начала привлекать внимание исследователей и педагогов относительно недавно, по сравнению с другими странами. Несмотря на это, за последнее десятилетие в республике появилось значительное количество исследований, посвящённых вопросам диагностики, коррекции и профилактики данных нарушений у детей. Одними из первых казахстанских учёных, которые начали заниматься проблемами нарушения

письменной речи и чтения, были Кабдыкаримова Н.А. (2018), Ахметова Т.А. (2018), Светлова Александра (2018), Байзакова А. (2019), Гусев Петр (2019), Мухаметова Г. (2020). В своих исследованиях они подчеркивают важность раннего выявления нарушений чтения и письма у детей для успешной их коррекции. Кроме того, авторы подчеркивают, что одной из особенностей дислексии в Казахстане является языковая ситуация в стране, так как дети часто растут в условиях многоязычия, что добавляет сложности в процессе развития речи и письменной грамотности. Казахстан является многоязычной страной, где казахский и русский языки имеют равное значение в образовательной системе формирования навыков чтения и письма [9].

Государственная программа Республики Казахстан уделяет особое внимание формированию навыков письма и чтения в начальной школе, подчеркивая, что первичное развитие письменной речи должно предшествовать овладению навыками чтения. Такой подход основан на психолингвистических исследованиях, которые указывают на взаимосвязь между этими двумя видами деятельности, где письмо служит основой для более глубокого понимания языковых структур и фонологических компонентов, необходимых для успешного чтения (Светлова Александра, Ахметова Т.). Тем не менее, эта последовательность вызывает споры в педагогическом сообществе, что указывает на необходимость дальнейшего изучения этой проблемы с целью оптимизации образовательного процесса (Гусев Петр) [10].

В исследовании Кабдыкаримовой Н.А. выяснилось, что дети с дислексией часто имеют трудности с письмом. Оба нарушения связаны с нарушением фонологической обработки информации, что затрудняет как чтение, так и письмо. По мнению автора, дислексия вызывает проблемы с расшифровкой текста, а дисграфия - с точной записью услышанного или придуманного текста. Этот пример иллюстрирует, как когнитивные механизмы обоих расстройств пересекаются [11].

В ходе нашего исследования мы пришли к выводу, что вопрос о том, что должно формироваться первым — письмо или чтение — остается открытым и не имеет однозначного ответа. Разные подходы и методики обучения дают разные результаты, что разделяет научные исследования на две основные группы. Первая группа учёных и педагогов утверждает, что приоритет следует отдавать письму, поскольку оно требует развития мелкой моторики и координации, что помогает в формировании когнитивных способностей, а также закрепляет связь между звуком и его графическим символом. Эти исследования акцентируют внимание на том, что письмо способствует более глубокому осознанию языковых структур и помогает развивать фонематическое восприятие.

С другой стороны, представители второй группы придерживаются мнения, что навыки чтения должны формироваться первыми. Это связано с тем, что чтение развивает способность к восприятию и расшифровке текстовой информации, что создает основу для успешного письма в будущем. Чтение помогает детям лучше осознавать структуру языка и его фонетические элементы, что, в свою очередь, может упростить процесс обучения письму.

Таким образом, оба подхода имеют свои достоинства и научные обоснования, но пока нет достаточных данных, чтобы однозначно утверждать,

какой из них является более эффективным. Это делает данный вопрос актуальным для дальнейших исследований. Необходимы дополнительные эмпирические исследования, которые помогут глубже понять взаимосвязь между письмом и чтением и определить оптимальные методики для их последовательного формирования у детей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Всемирная организация здравоохранения Оценка распространенности дислексии среди детей. – Женева, 2020.
2. Выготский Л. С. Мышление и речь. - М.: Лабиринт, 1999.
3. Монтессори М. Впитывающий разум. Перевод с итальянского. - М.: Педагогика, 2007.
4. Брэдди Л. Р. и Брайант П. Е. Морфологическое восприятие языка у детей с дислексией. - Москва: Педагогика, 1983.
5. Левассер С. Социальная среда и поддержка детей с дислексией. Лондон: Sage Publications, 2015.
6. Шейвиц С.Э. Преодоление дислексии: Новая и полная научно обоснованная программа для решения проблем чтения на любом уровне. - Нью-Йорк: Кнопф, 2003.
7. Цветкова Л.С. Нейропсихологическая диагностика и коррекция нарушений чтения у детей. - М.: Апрель Пресс, ЭКСМО-Пресс, 2000.
8. Садовникова И.Н. Коррекционное обучение школьников с нарушениями чтения и письма. Пособие для логопедов, учителей, психологов дошкольных учреждений и школ различных типов. - М.: АРКТИ, 2005.
9. Светлова, А. (2018). Психолингвистика и проблемы обучения письму и чтению. Научный вестник Казахского университета.
10. Ахметова Т.А. Нехватка диагностических инструментов для детей с дислексией. - Алматы: Эрудит, 2022.
11. Кабдыкаримова Н. А. Раннее выявление нарушений чтения и письма у детей с дислексией. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.
12. Мухаметова Г. Адаптированная образовательная среда для детей с дислексией. - Нур-Султан: Білім, 2020.

ӘОЖ – 54:37.091.3

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сабирова Ж.М.

Ғылыми жетекші: Даутова З.С., п.ғ.к.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: zhuldyzaisabirova@gmail.com

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі.

Экономикасы күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кепілі екендігін көрсетіп отыр. Олай болса қазіргі заманның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясын игеру әрбір мұғалімнің басты міндеті болып табылады, сондықтан химия пәнін оқытуды заман талабына сай жетілдіру мақсатында электрондық оқулықтардың орны ерекше.

Химияны оқыту процесінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың бірқатар ерекшеліктері бар, олар білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғарылатуға ықпал етеді. Электрондық оқулықтарды қолдану оқыту әдістерін түрлендіріп қана қоймай, оқушылардың білімін тиімді және заманауи түрде игеруіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты, электрондық оқулықтарды пайдаланудың негізгі ерекшеліктерін қарастырсақ:

1. Интерактивтілік

Электрондық оқулықтар оқушыларға химиялық реакциялар, зертханалық жұмыстар және басқа да күрделі процестерді интерактивті түрде түсіндіреді. Оқушылар теорияны тәжірибемен ұштастырып, әртүрлі визуалды модельдер арқылы білімді терең меңгереді. Мысалы, химиялық элементтердің реакциялары виртуалды түрде көрсетіліп, олардың нәтижелері нақты уақытта талданады.

2. Көрнекілік

Электрондық оқулықтар мультимедиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, химиядағы абстрактты ұғымдарды жеңіл әрі көрнекі түрде түсіндіреді. Химиялық байланыстарды, молекулалардың құрылымын немесе атомдардың орналасуын үш өлшемді модельдер арқылы көрсету оқушыларға материалды тез әрі нақты түсінуге көмектеседі.

3. Тесттер және өзін-өзі тексеру

Электрондық оқулықтарда жиі қолданылатын тесттік тапсырмалар мен өзін-өзі тексеру құралдары оқушыларға өз білім деңгейін нақты уақытта тексеруге мүмкіндік береді. Автоматты түрде бағалау және қателерді көрсету оқушыларға жіберген қателіктерін жылдам анықтап, оларды түзетуге мүмкіндік береді.

4. Жеке оқу траекториясы

Электрондық оқулықтар әрбір оқушының білім деңгейіне, қызығушылықтарына және оқу стиліне бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл оқыту барысында жеке траектория құруға, материалды әр түрлі деңгейде күрделендіріп, оқушылардың қабілетіне қарай бейімделуге жағдай жасайды.

5. Оқытушының жұмысын жеңілдету

Электрондық оқулықтарды қолдану арқылы оқытушылар материалдарды жүйелі түрде ұсынуға, бақылау және бағалау процесін автоматтандыруға мүмкіндік алады. Бұл оқытушының уақытын үнемдеуге және оқушылармен жеке жұмыс жасауға көп көңіл бөлуге жағдай жасайды.

6. Жаңартылған ақпаратқа қолжетімділік

Химия ғылымы жылдам дамып жатқан сала болғандықтан, электрондық оқулықтарда жаңа ақпаратты тез және оңай жаңартуға болады. Бұл

оқушылардың заманауи білім алуға, соңғы ғылыми жаңалықтар мен зерттеулермен танысуға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықтарды қолдану оқыту процесін тиімді әрі заманауи тәсілдермен ұйымдастыруға ықпал етіп, оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырады.

Электрондық оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады: оқу; оқыту; бақылау және тексеру.

Электрондық оқулықтар оқушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, олардың терең де тиянақты білім алу сапаларын көтереді. Сонымен бірге барлық оқу процесінің алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды, оқушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Ақпараттық білім беру танымдық ойлау мен ақпараттық өзіндік анықтамалар, білімді автоматты түрде бағалаудың тестілік әдістерін даярлап береді. Электрондық оқулықтар әр түрлі ақпарат жиынтығын, оқушыларға білім берудің негізгі пайда болу орталықтары туралы толық мәлімет бере алады.

Электрондық оқулықтар толық курстың жеке бөлігін құрайтын, белгілі ақпараттық, жүйелі қызмет атқаратын білім жиынтығы — модульден тұрады, ол оқушының толық, жүйелі түрде білім алуын қалыптастырады.

Гипермәтінде елестететін мәтінді пайдалану (негізгі сөзді түрлі бояумен және шрифтпен ерекшелеу), жоғары сапалы бейнелердің, суреттердің дидактикалық талаптарына жауап береді, оқып отырған материалды қабылдауды жеңілдетеді.

Электрондық оқулықтың әр шағын модуліне қосымша материалды толық меңгеру үшін, оқушылардың өз бетінше шығармашылық жұмыстармен айналысуы үшін өтілген оқу материалдарына сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі беріледі. Тапсырмаларды тексеру шағын модульді аяқтағаннан соң, ал тест арқылы бақылау негізгі модульді өткеннен соң жүргізіледі. Оқушылардың дидактикалық және әдістемелік даярлықтарына арналған тапсырмалар олардың белсенділігін қалыптастырады.

Электронды оқулық ерекшелігі — жоғары мобильдігі мен икемділігі, онда көптеген иллюстрациялар, бейнефильмдер көріністері енгізілген. Электронды оқулық күнбе-күн, түскен жаңалықтармен қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады. Сонымен қатар оқулық оқушыға тест сұрақтарын қойып, жауабына нақты бағасын алуға жағдай жасайды. Қажет болған жағдайда оқушы мәтінге қайтадан оралып, түсінбей қалған жерін қайта қарап, тақырып соңындағы бақылау тестіні немесе кестені толтырады. Міне, осы кезде оқушының жеке бас психологиясына электронды оқулық назар аударады десе де болады. Топ алдында жіберген қатесін тауып, түзетуге тырыспаса, «ұялшақтығынан», ал электрондық оқулықтың көмегімен ол қажетіне қарай кейін оралып, дұрыс жауабына келеді.

Химия пәні бойынша сапалы білім беріп, ой-өрісін кеңейтуде бейнефильмдердің маңызы ерекше. Негізгі жалпы білім көлемінде мектеп оқушыларына бағдарлама бойынша жалпы білім беретін пәндерге аз уақыт

бөлінетін болғандықтан, уақытты үнемді пайдалану мақсатында техникалық құралдармен жабдықталған оқыту кабинетінде мультимедиялық компьютер, проектордың көмегімен сабақта өткен тақырыптарды қайталау, оқушылардың білімін ұштау, дамыту мақсатында жаңа технологиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік бар.

Енді электронды оқулықпен өтілетін химиялық тест тапсырмаларына тоқталайық. Электронды оқулық жүктелген кезде гипермәтін арқылы жүзеге асады. Білім алушы әр берілген теориялық түсінік арқылы қысқаша анықтама алады. Оқулықтың бірінші бетінде мазмұны көрсетілген, химиялық негізгі түсініктемелеріне, химиялық формулалар мен теңдеулерге, реакциялардың жіктелулеріне және т.б. теориялық түсінік беріледі. Әр бөлім бойынша берілген тақырыптарды тестілеу әдісімен тексеруге болады. Тексеріп қана қоймайды және нәтижесін де ала алады.

Химия сабақтарында электронды оқу құралдарын пайдалану сабақ барысында оқушылардың жеке жұмыстануына мүмкіндік туғызады. Яғни деңгейі төмен оқушы аз да болса өз бетімен орындағанына риза болатын болса, қабілеті жоғары оқушылар басқа оқушылар деңгейімен шектеліп қалмай одан әрі күрделі деңгей тапсырмаларын орындап, өз жетістіктерін көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Әрбір сабақ мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушылардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберлігін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану — ұстаз шеберлігінің белгісі.

Осы бағытта жасалған «Химиялық байланыстар» тарауының тақырыптарына арналған электронды оқулықтың бір бөлшегі ұсынамын. Бұл электронды оқулық оқушылардың белсенділігін, білім сапасын заман талабына сай дамытып, оқушыны талдауға, салыстыруға, танымдық қабілетін тануға ұмтылдырады.

Оқушыларға химиялық байланыстардың түрлерін анықтау және оларды бір - бірінен ажырата білу, алған білімдерін одан әрі дамыту міндеті қойылды. Алдымен байланыстың түрлеріне сипаттама мәтін түрінде беріліп және элементтердің бір-бірімен байланысуы көрсетіледі. Барлық тәжірибелердің бейнесі электронды кітапша бойынша әр оқушының алдында компьютердің мониторында көрсетіліп тұрса, дыбысы колонкалар арқылы естіледі.

Оқушыларды ұйымдастырып болған соң бес минуттық бақылау диктанты алынады. Тапсырма әр оқушының алдында компьютерге енгізілген. Жаңа тақырыпты бастамас бұрын, сол тақырыпқа байланысты белсенділік тудыратын сұрақтар қойылады. Одан кейін байланыс ұғымдары таныстырылып, олардың барлық қасиеттеріне тоқталады.

Электронды оқулықтан химиялық қасиеттеріне байланысты тәжірибелердің бейне көріністері бөлімін басу арқылы көре алады. Сабақ қорытындыланғаннан кейін бекіту сұрақтары электронды оқулықтағы күрделілігі үшінші деңгейлі есептер орындау арқылы жалғасады.

Оқыту мақсаты білім талабына сай жүргізіліп, қорытынды беріледі. Байланыстар туралы түсініктің қалыптасуы бүкіл сабақ бойы көрініп, жоспар толығымен орындалады.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білімді беруде электрондық оқулықтарды химия сабағында пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Электронды оқулықтар арқылы химия сабағында сирек кездесетін элементтердің суретін, бейне файлдар арқылы зертханалық жұмыстардың қалай жүретінін көруге болады.

Қазіргі кезде Республикалық білім ақпараттандыру орталығының негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электрондық оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулықтарды құрастыру технологиясы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп жасалып, бір-бірімен тығыз байланыстағы төрт бөліктен тұрады, олар:

1. Мотивациялы-мақсаттық компоненті;
2. Мазмұндық компоненті;
3. Операциялық компоненті;
4. Нәтижелік бақылау компоненті.

Электрондық оқулықтың мотивациялы - мақсаттық компоненті модульдерді (микромодульдерді) құрастырудан тұрады. Модуль дегеніміз – жергілікті (локальды), жүйелік және функционалдық білім жиындары. Ол оқушының немесе студенттің өз танымдық әрекетін ұйымдастыратын «түйіні» болып саналады.

Электрондық оқулықтың мазмұндық компоненті гипермәтін арқылы жүзеге асырылады. Гипермәтін – терминдерден, ұғымдардан, әртүрлі концепциялардан, кестелерден, графиктерден және диаграммалардан тұратын мәліметтер қоры ретінде берілетін ақпараттық оқыту ортасы. Мәтіндерді қазақ, орыс, ал кейбірін ағылшын тіліндегі дыбыстар арқылы айтуға болады. Гипермәтін бейне материалдарымен толықтырылған.

Электрондық оқулықтың операциялық компоненті интерактивті формада берілген тапсырмаларды орындау арқылы іске асырылады.

Электрондық оқулықтың нәтижелік-бақылау компоненті тест алу жолымен жүргізіледі. Тест соңында оқушы өзі қателіскен сұрақтарды тексеріп көре отырып, өзін бағалай алады.

XXI ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуіріне, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениетіне, мұқият қарайтын дәуір.

Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім беру мен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойында жауапкершілік

сезімін қалыптастыру оқытушыға қойылатын басты талап. Осы талапты шешуде электронды оқытудың пайдасы зор.

Электрондық оқулықтар оқушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, тиянақты да саналы білім алу сапаларын көрсетеді. Сонымен бірге барлық оқу үдерісінің алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды, оқушыларды үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.

Ақпараттық технологиялар арқылы өтетін оқу үдерісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Ал химия сабағында ақпараттық технологияны қолдану арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады. Ақпараттық технологияны меңгеру- мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бап, 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Демек мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» Сондықтан химия пәнін оқытуды жақсартуға мынадай ұсыныстар жасағымыз келеді:

1. Ақпараттық оқыту технологияларын оқушының интеллектуалдық қызметін қарқынды ету мақсатында ұйымдастырса;

2. Интернеттегі материалдар арқылы сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға арналған білім сайттары жұмыс істесе;

3. Оқу сапасын арттыру мақсатында тәжірибе алмасуды негізге ала отырып, басқа пән мұғалімдерінің көзқарастарымен салыстырып отырса;

4. Химияны оқыту процесіндегі жаңа буынның электрондық оқулықтарын пайдалану тиімді қолданысқа ие болса.

Білім беру ресурстары арқылы оқушылар интерактивті материалдармен жұмыс істеп, өз білімдерін тексеріп, өз бетімен оқуды нығайта алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдурасилова, А. Қ. Химия сабағында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану. Журнал: Оқыту технологиялары, 4(56), 2021.

2. Педагогикалық инновациялар мен технологиялар: Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Білім беру технологиялары орталығы. 2020.

3. Нұрғалиева Г.К. Электронды оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы. // Компьютер әлемі. Республикалық журнал. N2, - 2012. 20-21б.

4. *Сербин В.В.* Технология создания электронных учебно-методических комплексов средствами мультимедиа. — Алматы: Мектеп, 2014. — 260 с.

5. Сапарғали, Н. Ақпараттық технологиялар негізінде химия пәнін оқыту. — Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

6. Медешова А.Б., Мұханбетжанова Ә.М., Қадырбаев М. Оқу процесінде электрондық оқу материалдарын пайдалану жағдайлары «БҚМУ хабаршысы», Орал, БҚМУ баспаханасы, №1- 2016. 172-176б.

ӘОЖ: 37.016:57

**БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА STEM БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІН
ИНТЕГРАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ОЙЛАУ
ҚАБІЛЕТІН, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖӘНЕ
КОМАНДАДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ БІЛУІН ДАМЫТУ**

Сатыбалдинова Ж.Қ., 6В01512-Биология-жаратылыстану БББ
4-курс студенті, IT және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі

Ғылыми жетекшісі: Шарипханова А.С., б.ғ.к., қауымдастырылған
профессор

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: zanelatybaldinova@gmail.com

Андатпа: Мақалада STEM әдістерін биология сабағында қолданудың артықшылықтары мен тиімді тәсілдері, мысалы, жобалар, практикалық тәжірибелер және сандық құралдарды қолдану жолдары сипатталады. Сондай-ақ, STEM білім беру оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың логикалық және сыни тұрғыда ойлауын дамытуға ықпал ететіні көрсетіліп қарастырылған.

Түйінді сөздер: STEM білім беру, биологияны оқыту, ғылыми ойлау қабілеті, проблемаларды шешу дағдылары, командалық жұмыс, зерттеу әдістері, сандық технологиялар, жоба әдісі, эксперимент жүргізу, қоршаған орта.

Аннотация: В статье рассматриваются преимущества и эффективные способы использования STEM-методов на уроках биологии, такие как проекты, практические эксперименты и использование цифровых инструментов. Также показано, что STEM-образование усиливает интерес учащихся к науке и способствует развитию их логического и критического мышления.

Ключевые слова: STEM образование, преподавание биологии, научное мышление, навыки решения проблем, командная работа, методы исследования, цифровые технологии, проектный метод, проведение экспериментов, окружающая среда.

STEM (Ғылым, Технология, Инженерия, Математика) білім беру әдістері қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаруда. STEM білім беру оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін, мәселелерді шешу дағдыларын және командалық жұмысты дамытуға ерекше назар аударады. Биология сабағында STEM әдістерін қолдану арқылы оқушыларды ғылыми зерттеу

тәсілдеріне үйретіп, шынайы өмірде кездесетін мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға болады.

STEM білім беру әдістері биология сабақтарын қызықты және интерактивті етуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік дағдыларды да меңгереді. Төменде биологияны оқытуда STEM әдістерін қолданудың негізгі артықшылықтары қарастырылады.

Ғылыми ойлау қабілетін дамыту - STEM әдістерін қолдану оқушыларға ғылыми процесті түсінуге және оны тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Мысалы, биология пәнінде өсімдіктердің өсуі мен дамуына әртүрлі жағдайлардың әсерін зерттеу үшін эксперимент жүргізуге болады. Бұл оқушылардың бақылау жасау, деректер жинау және оларды талдау арқылы қорытынды шығару қабілетін дамытады.

Проблемаларды шешу дағдыларын жетілдіру - STEM әдісі оқушыларға шынайы өмірде кездесетін биологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, қоршаған ортаны қорғау немесе биоресурстарды тиімді пайдалану мәселелері бойынша жобалар әзірлеу арқылы олар проблемаларды шешу қабілетін дамытады. Бұл дағды оқушылардың сыни ойлау қабілетін жетілдіріп, әртүрлі жағдайларда шешім қабылдауға үйретеді.

Командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру - STEM жобалары көбіне топтық жұмыс форматында жүргізіледі. Бұл әдіс оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуіне, әрқайсысының жеке идеяларын ортақ мақсатқа бағыттауға, өзара түсіністікке келуге үйретеді. Командалық жұмыс балаларды жауапкершілікке, бір-бірінің пікірін тыңдауға, әрбір мүшенің жұмысына құрметпен қарауға баулиды.

Осы орайда биология сабақтарында келесідей STEM жобаны ұйымдастыруды ұсынамыз.

STEM жобасы: Өсімдік өсу шарттарын зерттеу

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Бұл жобада оқушылар ортақ өсімдіктің, мысалы, бұршақ немесе асбұршақтың өсуіне әртүрлі қоршаған орта жағдайларының (жарық, су және топырақ түрі) әсерін зерттейтін тәжірибе құрастырады. Бұл оқушыларға ғылыми принциптерді қолдануға, бірлесіп жұмыс істеуге және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қажетті материалдар

- Тұқымдар (мысалы, бұршақ немесе асбұршақ тұқымдары)
- Өсімдік құмыралары немесе ыдыстар (әр топқа 5-тен)
- Топырақ
- Су
- Суды өлшеуіш шыны (өлшеу үшін)
- Сызғыш (өсімдік биіктігін өлшеу үшін)
- Жарық көзі (мысалы, өсімдік шамдары немесе күн сәулесі)
- Таймер (жарық түсу уақытын бақылау үшін)
- Дәптер немесе деректер парақтары (бақылауларды жазу үшін)

- Маркерлер (құмыраларды белгілеу үшін)

Әдістеме

1. Топтарға бөлу: Оқушыларды 3-4 адамнан топтарға бөлу.

2. Айнымалыларды таңдау: Әр топ бір айнымалыны сынақ ретінде таңдайды:

- Жарық мөлшері (мысалы, толық күн, жартылай күн, жарықсыз)

- Су мөлшері (мысалы, 10 мл, 20 мл, 30 мл)

- Топырақ түрі (мысалы, кәдімгі топырақ, құм, саз)

3. Тәжірибе орнату:

- Құмыраларды таңдалған айнымалыларға сәйкес белгілеу.

- Құмыраларға тиісті топырақ салып, әрқайсысына 3-5 тұқым отырғызу.

4. Шарттарды бақылау:

- Өсімдіктерді таңдалған су мөлшеріне сәйкес суғару.

- Құмыраларды белгіленген жарық жағдайына орналастыру.

5. Деректер жинау:

- Өсімдік биіктігін әр 2-3 күн сайын 3-4 апта бойы өлшеп, жазып отыру.

- Қосымша бақылауларды жазып отыру (мысалы, жапырақ түсі, жапырақ саны).

6. Нәтижелерді талдау:

- Әртүрлі жағдайларда өсірілген өсімдіктерді салыстыру.

- Жиналған деректерді графиктер арқылы көрсету.

7. Қорытындыларды ұсыну:

- Қорытындыны сыныпқа таныстыру үшін презентация әзірлеу, айнымалылардың өсімдік өсуіне қалай әсер еткенін талқылау.

Сыни ойлау сұрақтары

1. Қай нақты қоршаған орта жағдайы өсімдік өсуіне ең үлкен әсер етті және оның себебі неде деп ойлайсыз?

2. Басқа айнымалыны, мысалы, температураны сынақтан өткізу үшін экспериментті қалай қайта құрар едіңіз?

3. Эксперимент барысында күтпеген нәтижелерді талқылаңыз. Бұл сіздің жалпы қорытындыларыңызға қалай әсер етуі мүмкін?

4. Бұл эксперименттің нәтижелері ауыл шаруашылығы немесе бау-бақша ісіне қалай қолданыла алады?

5. Экспериментте болуы мүмкін қателік көздерін атаңыз және оларды болашақ сынақтарда қалай азайтуға болатынын түсіндіріңіз.

STEM интеграциясы

- Ғылым: Оқушылар ғылыми әдістерді пайдаланып, эксперименттерді құрады, деректер жинайды және бақылаулар негізінде қорытынды жасайды.

- Технология: Оқушылар деректерді жазу, нәтижелерді талдау және презентация жасау үшін сандық құралдарды қолдана алады.

- Инженерия: Экспериментті құрастыру және сәйкес материалдарды таңдау нәтижелердің дәлдігіне кепілдік беру үшін инженерлік қағидаларды қажет етеді.

- Математика: Оқушылар өсімдік биіктігін өлшеу, орташа мәндерді есептеу және жиналған деректерді көрсету үшін графиктер құрастыру арқылы математикалық дағдыларын қолданады.

Бұл жоба бірлескен жұмыс, сыни ойлау және STEM принциптерін шынайы өмірге қолдану қабілетін дамытады.

STEM білім беру әдістерін биология сабағында қолданудың бірнеше тиімді жолы бар. Ең танымал түрі жоба әдісі - Биология сабағында өсімдіктердің өсуіне әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу сияқты жобаларды қолдануға болады. Оқушылар бір топ болып, тәжірибе жоспарлап, бақылау жүргізеді және нәтижелерін талдайды. Мұндай жобалар оқушылардың ғылыми зерттеу процесін түсінуін арттырып, өз ойларын дәлелдеуге және оны нақты деректермен көрсетуге мүмкіндік береді. Екіншісі, практикалық тәжірибелер - Оқушылар теориялық білімдерін практикада қолдану арқылы зерттеу жүргізу, эксперимент қою, мәліметтерді талдау сияқты маңызды дағдыларға ие болады. Мысалы, экология тақырыбында оқушыларға судың ластануын модельдеу және оның өсімдіктерге немесе микроорганизмдерге қалай әсер ететінін зерттеу ұсынылуы мүмкін. Мұндай практикалық сабақтар оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттырып қана қоймай, олардың биологияға деген қызығушылығын да оятады. Үшінші тиімді жолы сандық құралдар мен технологияларды қолдану - Оқушылар деректер жинау және өңдеу үшін сандық құралдарды қолдана алады. Сондай-ақ, биологиялық мәліметтерді талдау, графикалық бейнелеу үшін арнайы бағдарламаларды пайдаланады. Мысалы, өсімдік өсуін қадағалау кезінде камераларды, микроскоптарды немесе арнайы мобильді қосымшаларды пайдалану арқылы оқушылар өз бақылауларын тіркеп, талдай алады. Бұл олардың технологиялық дағдыларын дамытып, ақпараттық сауаттылығын арттырады.

STEM білім беру тәсілдерін биология сабағында қолданудың тиімділігі - STEM әдістерін биологияда қолдану оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, оларды болашақ мамандық таңдауға ынталандырады. Зерттеу және шешім қабылдау процестерін практикада қолдану арқылы оқушылар болашақта туындайтын ғылыми және техникалық мәселелерге дайын болады. Сонымен қатар, STEM білім беру әдістері олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, логикалық және сыни тұрғыда ойлауға, алған білімдерін нақты мәселелерді шешуде қолдануға септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, STEM білім беру тәсілдерін биология сабағында қолдану оқушылардың 21-ғасыр дағдыларына ие болуына ықпал етеді. Бұл тәсіл оқушылардың білім алу процесін белсенді және қызықты етеді, олардың болашақта ғылым және технология саласында сәтті болуына негіз бола алады. STEM білім беру әдістерін биологияны оқытуда қолдану оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін, мәселелерді шешу дағдыларын және командалық жұмыс істеу қабілетін дамытуда тиімді әдіс болып табылады. Биология сабағында STEM әдістерін енгізу оқушыларды тек біліммен ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдылармен қаруландырады. Бұл әдістер арқылы олар әлемдегі өзекті мәселелерді түсінуге және оларды шешуге дайын болады. STEM білім

беру оқушыларды болашақта жоғары білікті маман болып қалыптасуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байжанова, Қ. Қ., & Есжанова, Г. А. (2020). STEM білім берудің ерекшеліктері және оның Қазақстандағы білім жүйесіндегі орны. *Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы*, 4(3), 45-50.
2. Сарсекеева, М. Е. (2019). Биология сабағында STEM технологиясын қолдану әдістемесі. *Педагогика және инновациялық технологиялар журналы*, 2(8), 56-61.
3. Назарбаев Зияткерлік мектептері. (2018). STEM білім беру әдістері мен құралдары. Астана: НЗМ баспасы.
4. Айтбаева, Р. Ж., & Жетпісбаева, А. Т. (2017). STEM білім беру арқылы ғылыми ойлау қабілетін дамыту. *Қазақ педагогикалық журналы*, 3(5), 29-33.
5. Мусина, А. Б., & Сағындықова, Н. М. (2021). Қазақстандағы STEM білім берудің даму үрдістері. *Қазақстан ғылым академиясының еңбектері*, 6(2), 90-98.
6. Bybee, R. W. (2013). The Case for STEM Education: Challenges and Opportunities. *National Science Teachers Association Press, USA*.
7. Freeman, S., Eddy, S. L., McDonough, M., et al. (2014). Active learning increases student performance in science, engineering, and mathematics. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 111(23), 8410-8415.
8. National Research Council. (2012). A Framework for K-12 Science Education: Practices, Crosscutting Concepts, and Core Ideas. *National Academies Press, Washington, DC*.
9. Kelley, T. R., & Knowles, J. G. (2016). A conceptual framework for integrated STEM education. *International Journal of STEM Education*, 3(1), 1-11.
10. Sanders, M. E. (2009). STEM, STEM Education, STEMmania. *The Technology Teacher*, 68(4), 20-26.

ӘОЖ: 81'243

ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Свенова С.Ш., Тұрсынғалиева А.С.

«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,

Өскемен қ., Қазақстан

Тіл үйренуде ортақ тәсілдердің бірі — сөйлеу ортасын құру. Бұл туралы тіл үйренудің көрнекті психолог Л.Выготский сөйлеу дағдыларының оқыту барысында тәжірибелік жолмен дамитынын және жаңа тілді қарым-қатынас кезінде белсенді қолданудың маңыздылығын атап өтеді. Оның «Жақын даму

аймағы» теориясына сүйене отырып, оқушылардың тілді белсенді қолдану ортасында дамуы маңызды деп саналады.

Орыс тілін жетік меңгеру тек оқушылардың жеке білімін дамытуға ғана емес, сонымен қатар оларды болашақта еңбек нарығында да бәсекеге қабілетті етеді. Бірақ, қазақ мектептерінде кейбір жағдайда орыс тілін үйрену белгілі қиындықтарға әкеледі. Бұл қиындықтар фонетика, грамматика, сөздік қор, және тілдік орта мәселелеріне байланысты. Аталған кедергілерді жеңуге арналған тиімді әдістемелерді қолдану арқылы ғана оқушылардың орыс тілін үйрену деңгейін арттыруға болады.

Орыс тілін үйрену үдерісінде кездесетін негізгі қиындықтар мен оларды жеңуге көмектесетін тиімді әдістемелер талданады. Ғалымдардың пікірі мен тәжірибелік нәтижелерге сүйене отырып, оқушылардың тілді оңай меңгеруіне мүмкіндік беретін тәсілдер қарастырдық.

Оқушылар үшін орыс тілін үйренудің өзіндік қиындықтары бар. Қазақ және орыс тілдерінің құрылымдық ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, тілдік айырмашылықтар тілді меңгеруде кедергілер туғызады.

Фонетикалық айырмашылықтар: Орыс тілі славян тілдер тобына, ал қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады, бұл екі тілдің дыбыстық құрылымында ерекшеліктер бар. Мысалы, «щ», «ц», «ч» дыбыстарын айту қазақ тілді оқушылар үшін қиындық тудырады. Сонымен қатар, екпін қою мәселесі де өз алдына жеке қиындық.

Ал грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, орыс тілі мен қазақ тілінің грамматикалық құрылысы арасында үлкен айырмашылық бар. Орыс тілінде септіктердің көптігі, жекеше және көпше түрлерінің айырмашылығы, етістіктердің шаққа байланысты өзгеруі қазақ тілді оқушылар үшін күрделі болып келеді. Бұл мәселелерді түсіну және дұрыс қолдану оқушыларға біраз уақытты талап етеді.

Оқушылар үшін орыс тіліндегі сөздік қордың көптүрлілігі түсінбеушілік тудыруы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде бір ғана сөзбен бірнеше мағынаны жеткізуге болады, ал орыс тілінде әр мағынаға жеке сөз беріледі.

Тіл үйрену барысында әрбір оқушы үшін маңызды болып табылатын тиімді әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы тілдік кедергілерді жеңуге болады. Ол үшін:

1. Тілдік практикасын арттыру: Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін сабақта сөйлесім практикасын арттыру қажет. Сұхбат, пікірталас, рөлдік ойындар арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығын оятуға болады. Бұл тәсіл оқушыларға тілдік орта құруға, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, сабақта белгілі бір тақырыпқа байланысты диалог ұйымдастырып, оқушыларды өз ойын орыс тілінде жеткізуге ынталандыру.

2. Ойын түріндегі тапсырмалар дайындау: Тілді меңгеруде ойындар маңызды рөл атқарады, себебі ойын барысында оқушылар тілдік қорды байытуға қызығушылық танытады. Мысалы, сөздік ойындар, тақырыптық сұрақ-жауап, немесе жұптық ойындар арқылы оқушылар жаңа сөздерді тез меңгереді.

3.Интерактивті құралдар мен мультимедиялық әдістерді таңдау: Заманауи білім беру құралдары, соның ішінде интерактивті платформалар, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Мысалы, «Duolingo», «Memrise» сияқты платформаларда әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулар бар, олар оқушылардың орыс тілін үйренуіне көмектеседі.

4.Құрылымдық оқу және сөйлем құру тапсырмалары жасау: Орыс тілінің грамматикасын түсінуді жеңілдету үшін құрылымдық тапсырмаларды қолдану қажет. Сөз тіркестерін дұрыс құрастыру, сөйлем құру және аударма сияқты тапсырмалар оқушылардың грамматикалық білімін жетілдіреді. Бұл тәсіл арқылы оқушылар сөйлемдердің құрылымын түсініп, оларды дұрыс қолдана алады.

5.Шағын диалогтар мен сөйлеу үлгілерін дайындау: Оқушыларға шағын диалогтар, тілдесім үлгілері беру орыс тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Белгілі бір тақырыпқа арналған диалогтарды жаттау және рөлдік ойындарда қолдану сөйлеу дағдыларын дамытады.

Жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың орыс тілін меңгеруіне оң әсер етеді. Бұл әдіс-тәсілдерді тиімділігі нақты нәтижелер арқылы көрінеді:

Сабақта және сабақтан тыс тілдік іс-шараларда оқушылар өздерін еркін сезініп, орыс тілінде сөйлесуге белсенді қатысады. Бұл оқушылардың тілдік ортаға деген қызығушылығын арттырады.

Ойын арқылы меңгерілген сөздер есте жақсы сақталады, сондықтан оқушылардың сөздік қоры тез дамып, сөйлеу барысында қолдануға қолайлы болады.

Интерактивті және ойын түріндегі тапсырмалар арқылы оқушылар тіл үйренуді қызықты әрі қолжетімді деп қабылдайды, бұл олардың тілге деген мотивациясын арттырады.

Орыс тілін оқытуда мәдени аспектілерді қолдану – оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырудың бір тәсілі.

Орыс халқының мәдениетімен танысу арқылы оқушылар тіл үйрену барысында жан-жақты білім алады. Орыс мәдениетіне қатысты қызықты фактілер, дәстүрлер мен мейрамдар туралы ақпарат беру, сынып ішінде пікірталас өткізу арқылы оқушылар тілдік дағдыларын жетілдіреді.

Орыс әдебиеті арқылы оқушылардың оқу мен тыңдау дағдыларын дамытуға болады. Мысалы, А.С.Пушкиннің ертегілері немесе орыс халықтық ертегілерін оқу арқылы оқушылардың тілдік дағдылары қалыптасады және қызығушылығы артады.

Тіл үйрету саласындағы белгілі ғалымдардың пікірлерін және дәлелденген әдістемелерді қолдану жолдарын тереңірек қарастырайық.

Рөлдік ойындар мен пікірталастар ұйымдастыру арқылы оқушыларды орыс тілінде сөйлесуге ынталандыру. Сабақта орыс тіліндегі қарым-қатынас түрлері, сұрақ-жауап диалогтары арқылы оқушылардың өзін еркін сезінуі маңызды.

Тілдік клубтар құру немесе ерікті қосымша сабақтар өткізу. Мұндай клубтарда оқушылар орыс тілін пайдаланып, әлеуметтік және күнделікті тақырыптарды талқылайды.

Құрылымдық әдіс – тіл құрылымын кезең-кезеңімен үйрету. Бұл әдіс орыс тілінің күрделі грамматикалық ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Тіл үйрену саласындағы атақты ғалымдар Ч. Фриз және Р.Ладо құрылымдық әдістемені қолдап, грамматикалық құрылымдарды кезең-кезеңімен үйренудің маңыздылығын атап өткен.

Құрылымдық талдау жаттығулары: Мысалы, есім сөздердің септіктерін меңгеру үшін сөйлемдерді бөліп, олардың әр бөлігін талдау. Бұл тәсіл оқушыларға орыс тіліндегі сөйлем құрылымын дұрыс құрастыруға үйретеді.

Кестелер мен диаграммаларды қолдану: Септіктерді және сөз өзгерістерін көрсететін кестелер құру. Бұл оқушыларға орыс тілінің грамматикалық жүйесін жеңілдетіп көрсетеді.

Тыңдау арқылы үйрену тіл меңгерудің маңызды құралы болып табылады. Бұл әдістемені америкалық ғалымдар Л. Блумфилд және Ч. Фриз ұсынған. Олар тілдік тыңдау дағдыларын үнемі жетілдіру арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жақсартуға болатынын көрсетеді.

Подкасттар мен аудиоматериалдар: Оқушыларға арнайы тақырыптық подкасттар, ертегілер немесе әңгімелер тыңдату. Тыңдалған материал бойынша сұрақтар қою арқылы түсінікті тексеру.

Тыңдау мен қайталау жаттығулары: Тыңдалған сөйлемдерді қайталап айту арқылы оқушылардың сөйлеу және айтылу дағдыларын жетілдіру.

Тілді визуализациялау – тілдік құрылымдарды және сөздік қорды көзбен қабылдау арқылы үйрету. Жан Пиаже және Лев Выготский визуалды қолдаудың балаларға тілді оңай түсініп, оны жаттауға көмектесетінін көрсетеді. Бұл әдіс визуалды жадыны күшейтіп, тіл үйрену барысында маңызды орын алады.

Суреттер мен иллюстрациялар арқылы үйрету: Мысалы, зат есімдерді немесе етістіктерді бейнелейтін суреттер мен постерлер арқылы сөздік қорды кеңейту.

Флеш-карталар: Әр сөздің немесе сөйлемнің мағынасын көрсету үшін суреттерді пайдаланып, сөздік карталар құру. Бұл әдіс оқушылардың визуалды жадын күшейтеді және сөздерді есте сақтауды жеңілдетеді.

Когнитивті әдіс – оқушылардың тіл құрылымын саналы түрде түсініп, оны қолдануға бағытталған тәсіл. Бұл әдісті қолдайтын ғалымдар Д.Брунер және Д.Аусубель, олар тіл үйренуде оқушылардың ішкі ойлау қабілетін пайдалану маңызды екенін алға тартады.

Сөйлем құрылымын логикалық тұрғыдан түсіндіру арқылы оқушыларды грамматикалық ережелерді түсінуге ынталандыру. Оқушыларға «неге?» деген сұрақтарға жауап беретін талдау тапсырмалары ұсынылады.

Сөздерді мағынасына қарай топтастыру арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту. Мысалы, «табиғат», «үй» немесе «мектеп» тақырыптарына байланысты сөздерді біріктіріп, арнайы тақырыптық топтар жасау.

Жобалық оқыту әдісі оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы тіл үйретудің тиімді жолы ретінде танымал. Оқушылар өз бетімен зерттеу жасап, жобалар арқылы орыс тілін қолдануға үйренеді. Джон Дьюи бұл әдістің оқу үдерісін қызықты әрі қолданбалы етуге көмектесетінін атап өткен.

Тақырыптық жобалар жасау: Мысалы, орыс мәдениеті, салт-дәстүрлері немесе белгілі тұлғалары туралы жоба жасау. Әр оқушы өз зерттеулерін орыс тілінде таныстырады, бұл оның тілді қолданудағы сенімділігін арттырады.

Топтық жобалар мен презентациялар: Әр топқа белгілі бір тақырыпты зерттеу және оны орыс тілінде таныстыру тапсырылады. Бұл тіл үйренушілерді топта жұмыс істеуге және орыс тілінде сөйлесуге үйретеді.

Тілдік барьерді жеңу – тіл үйренуде жиі кездесетін мәселе, ол эмоционалды кедергілермен байланысты. Альберт Бандура және Карл Роджерс секілді зерттеушілер тіл үйренуде эмоционалды мотивация мен сенімділік факторының маңыздылығын көрсетеді. Бұл әдіс оқушылардың психологиялық жай-күйін түсінуді және қолдауды талап етеді.

Мотивациялық тапсырмалар: Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін орыс тіліндегі қарапайым, бірақ қызықты әңгімелер, диалогтар қолдану. Мысалы, күнделікті өмірдегі қызықты оқиғаларды рөлдік ойындар арқылы көрсету.

Қолдаушылық қарым-қатынас құру: Оқушыларға қолдау көрсету арқылы олардың тіл үйренуге деген сенімділігін арттыру. Тілдік қателерге тым қатал қарамау, керісінше, оларды қолдау арқылы тілдік барьерді жеңуге көмектесу.

Тілді үйрену күрделі процесс болғанымен, дұрыс таңдалған ғылыми әдістемелер оны жеңілдетіп, тиімді ете алады. Тіл үйрену әдістерінің сан алуандығы оқушылардың оқу барысында кездесетін қиындық

Қазақ мектептерінде орыс тілін үйрену барысында түрлі қиындықтар кездескенімен, дұрыс таңдалған әдістемелер арқылы бұл қиындықтарды жеңуге болады. Сөйлеу практикасы, ойын түріндегі тапсырмалар, интерактивті құралдар, грамматикалық құрылымдық тапсырмалар және мәдени аспектілерді енгізу – осының барлығы оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, тілді меңгеруін жеңілдетеді. Әдістемелерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың орыс тілінде еркін сөйлей алуы, олардың білім алуға деген құлшынысын арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Выготский, Л. С. Психология развития человека. Москва: Эксмо. 2005.
2. Иванова, С. В. Методика преподавания русского языка в национальных школах. Москва: Просвещение. 2018.
3. Селевко, Г. К. Современные образовательные технологии. Москва: Народное образование. 2006.
4. Махмудова, Р.Т. Методы преподавания русского языка в казахоязычных школах. Алматы: Қазақ университеті. 2019.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУДА ХИМИЯДАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ
ЖҰМЫСТАРДЫҢ ОРНЫ**

Советханова Ж.С., 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Даутова З.С., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: zhansaya.sovethanova@bk.ru

Жалпы орта білім берудің басты мақсаты – әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін – өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін – өзі тануға, өзін – өзі іске асыруға, өзін – өзі дамытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін, жан – жақты мәдениетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Мұғалім оқушының белсенді оқу қызметін ұйымдастыруда жетекші роль атқарады. Сапалық есептер оқушының оқуға жауапкершілікпен, түсініктілікпен қарауы сияқты бағытта қарастырылады. Оқытылған материалды түсінуді жүзеге асыратын басты құрал мұғалімнің түсіндіруі болып табылады. Бұл қағида сыныптан-сыныпқа көшкенде күрделеніп отыратын өзіндік жұмыс жүйесін құруды және қолдануды талап етеді. Мұнда оқушылардың өзіндік жұмыстарына маңызды орын беріледі. Білімді жаңарту мен терендету жолдарының бірі-өз бетімен білім алу. Оқушы бойында өздігінен білім алуға деген қажеттілік тудырып оларды тиісті дағдылармен қаруландыру мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сондықтан орта мектептегі оқу процесі оқушылардың алатын білімін мұғалімнің беретін білімін одан ары өз бетінше белсенді, нысаналы танымдық іс-әрекеттің нәтижесінде игеруді талап етеді. Осыдан кейін оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысқа көңіл бөлу- оқу процесін ұйымдастырудың негізгі бір шарты болып қалады. Оны жүзеге асыру мектепте оқушылардың танымдық белсенділігіне септігін тигізетін оқу процесінде өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруді талап етеді.

Химия сабақтарындағы өзіндік жұмыс жүйесі оқушылардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, қазіргі өмірге бейімделе алатын әлеуметтік бейімделген тұлғаны қалыптастырады. Әлемді тану біз оны барлық сезім мүшелерінен өткізген кезде тиімді болады. Өзіндік жұмыс әлемді тану формасы ретінде дәл осы талапқа жауап береді. Өзіндік жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде және үй тапсырмаларында оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді, өйткені ол оқу процесін бақылауды қамтамасыз етеді, өзіндік ойлауды дамытуға ықпал етеді және оқу әрекетін ынталандырады.

Химия пәнінен зертханалақ жұмыстар оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда үлкен рөл атқарады. Зертханалық жұмыстар – оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибе арқылы бекітіп, химиялық құбылыстарды терең түсінуге мүмкіндік беретін оқу үдерісінің бір бөлшегі. Олар оқушыларға тәжірибелік дағдыларын дамытуға, ғылыми зерттеу әдістерін меңгеруге және өз бетімен жұмыс істеуге меңгеруге және өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Зертханалық жұмыстардың негізгі рөлі:

1. Теорияны тәжірибемен бекіту: Химиялық заңдылықтарды, реакцияларды және процестерді нақты тәжірибелер арқылы бақылау оқушыларға пәнді тереңірек түсінуге көмектеседі.

2. Практикалық дағдыларды дамыту: Зертханалық жұмыстар химия пәнінде қолданылатын құрал-жабдықтармен жұмыс істеу, химиялық заттарды өлшеу және бақылау дағдыларын қалыптастырады.

3. Зерттеушілік қабілеттерді арттыру: Оқушылар зерттеу жұмысын жоспарлап, эксперименттер жүргізу арқылы зерттеушілік қабілеттерін дамытады. Бұл олардың ғылыми танымдарын кеңейтеді.

4. Оқушылардың белсенділігін арттыру: Өзіндік жұмыстар барысында оқушылар өз бетінше шешім қабылдауға, гипотеза құруға және оны тексеруге үйренеді, бұл олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады.

5. Топтық жұмыс дағдыларын дамыту: Көптеген зертханалық жұмыстар топтық түрде орындалады, бұл оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытып, бірлескен жұмыстың маңыздылығын көрсетеді.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдері:

1. Деңгейлік тапсырмалар: Өртүрлі деңгейлі зертханалық тапсырмалар оқушылардың білім деңгейіне қарай беріледі.

2. Жобалық жұмыстар: Оқушылар белгілі бір тақырыпқа байланысты өз беттерінше зерттеулер жүргізіп, жобалар дайындайды.

3. Тәжірибелік есептерді шешу: Теориялық білімдерін тәжірибеге сүйене отырып, оқушылар химиялық есептер шығарады.

Химиядан зертханалық жұмыстар оқушыларға ғылымға деген қызығушылықты арттырып, олардың логикалық ойлауын, бақылау қабілетін және дербестігін нығайтады.

Оқушылардың өзіндік қызметінің үш деңгейі бар:

1. Репродуктивті (көшіру) - өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар үлгі бойынша белгілі бір әрекеттерді орындауға қойылатын талаптарды қамтиды. Олардағы нұсқаулар негізінен осы немесе басқа мәселені қалай және қандай тәртіппен шешу керектігін анықтайды. Бұл жағдайларда өзіндік жұмыс жаңа материалды жақсы игеруге, зерттелген материалды жадқа бекітуге көмектеседі.

2. Ішінара іздеу (эвристикалық) - өзіндік жұмыс оқушыны толығымен саналы әрекетке итермелейді. Жұмыстың осы түріне арналған тапсырмалар: зертханалық жұмыстар, практикалық тәжірибелер оқушыларға қол жетімді білім негізінде берілген мәселені шешудің тәсілі мен әдісін табуға мүмкіндік береді.

3. Өзіндік зерттеу жұмысы-бұл оқушылардың зертханалық жұмыстар мен практикалық тәжірибелерді орындау барысында, кішігірім зерттеулері, нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады немесе іс жүргізудің жаңа әдісін үйренеді.

Химияның негізгі ұғымдарын игеру үшін әр тақырыпты зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылар, ең алдымен, репродуктивті сипаттағы жұмысты орындайды, бұл ішінара зерттеу сипатындағы тапсырмаларды одан әрі орындауға негіз болып, зерттеулер жүргізеді.

Заттардың қасиеттерін зерттеуге арналған репродуктивті тапсырмалар эвристикалық және дайын нұсқауларға сәйкес тәжірибені қамтиды.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға белгілі бір талаптар бар.

1. Өзіндік жұмыс мақсатты және жүйелі болуы керек.
2. Оқушылар зертханалық тәжірибелерді орындауға дайын болуы керек.
3. Тапсырмаларды орындауға деген қызығушылықты оятуға көмектесетіндей таңдау керек.

4. Өзіндік жұмыс істеу үшін жаңа жағдайда білімді қолдануды қажет ететін тапсырмаларды ұсыныңыз.

5. Өзіндік жұмыс оқу процесіне жүйелі және жоспарлы түрде енгізілуі тиіс.

6. Қазіргі сабақта оқушылардың өзіндік білім алуы, содан кейін оларды практикалық іс-әрекетте қолдануы маңызды, балаларды ойлауға үйрету керек, өйткені бұл дағдылар мета-пәннің негізі болып табылады. «Химиялық зертханалық сабақ дегеніміз мазмұны химия ғылымының теориялық білімінен туындайтын, оқушының алдын ала дайындалуына негізделетін өзбетінше экспериментті орындау білігін көрсете отырып қадағалау, бақылау, байқау, өлшеу т.б операциялар арқылы орындалатын өздік жұмыстың түрі.

Оқушылар зерттеу әдісін қолданып, өздігінен орындайтын зертханалық жұмыстары әр алуан. Көбіне мектеп тәжірибесінде 2 түрлі әдісті жиі қолданады:

1. Мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін зерттеу.
2. Өздігінен зерттеу жұмысы.

Мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін зерттеудің мәні мынада: мұғалім сабақтың жоспары бойынша тиісті тәжірибелерді демонстрациялайды, ал оқушылар берілген тапсырмалар бойынша тәжірибелерді бақылайды, бақылау нәтижелерін кестеге түсіреді, сұрақтарға жауап береді, қорытынды жасайды.

Өздігінен зерттеу жұмысында зертханалық жұмысты, мұғалімнің нұсқаулығымен өздері жасайды.

Мысалы: Күкірттің қасиеттері тақырыбын өткенде оқушылармен өзіндік жұмыстар жасалады. Бұл жұмыстардың репродуктивті өзіндік сипаты бар.

Әр оқушы үстеліне кристалды күкірт түйірлері, күкірт ұнтағы, ұлғайтқыш әйнек жартысына дейін күкірт толтырғыштан сынауық, ұстағыш, спирт шамы, кішкене тақтайша, дөңгелек картон қойылады.

Оқушыларға өз бетінше орындауға нұсқаулар тапсырылады.

1. Күкірт түйірін алып, оның түсін, иісін, ұнтақталу қасиетін анықтаңыздар.

2. Күкірт кристалдарын шыны пластинкаға салып, ұлғайтқыш әйнекпен

қарап, кристалдардық суретін дәптерлеріңізге салыңыздар.

3. Суы бар стақанға күкірт түйірі мен ұтағын салып не байқағандарыңызға түсінік беріңіздер.

4. Күкірт ұнтағы бар сынауықты қыздырыңыздар. Температура көтерілген сайын күкірттің түсі қалай өзгертіндігін бақылаңыздар. Бақылаған күкірттің бір бөлігін тақтайшаға құйып, қалғанын қайнағанға дейін қыздырыңыздар. Бұл кезде қоңыр түсті буға назар аударыңыздар. Қайнап тұрған күкіртті суы бар стақанға құйыңыздар. Күкіртті стақаннан алып созып көріңіздер.

Жұмыс біткеннен кейін күкірт $+119^{\circ}\text{C}$ балқитыны, $+119$ $+250^{\circ}\text{C}$ -да қоюланатыны, $+250$ $+350^{\circ}\text{C}$ қайта балқитыны, $+444,5^{\circ}\text{C}$ қайнайтыны атап көрсетіледі.

Бұдан кейін кристалдық және пластикалық күкірттің молекулаларының құрылысы, олардың қасиеттеріндегі ерекшеліктері, көптеген табиғи қосылыстарының ұнтақтары да күкіртке ұқсас суды сіңірмейтіндігі, олардың бұл қасиеті күкіртті кендердегі бос жыныстарды бөліп алуға пайдаланатындығы, кендерді бұлай байыту әдіс флотация деп аталатындығы түсіндіріледі.

Күкірттің химиялық қасиеттерін оқып-үйренуді оның оқушыларға бұрыннан белгілі металдармен қосылу реакциясынан басталады. Оның темір, алюминий, мырыш, мыс пен қосылу реакциялары тәжірибеде жасап көрсетіледі. Күкірт молекулалары сульфидтер деп аталатындығы айтылады.

Күкірттің сутекпен қосылу реакциясымен таныстыру алдында хлор мен оттегі сутекпен қандай жағдайда қосылатындығы еске түсіріліп, күкірттің сутекпен әрекеттесу тәжірибесі көрсетіледі. Оттегі тәрізді күкірттің сутекпен қосылысында валенттілігі теріс. Сондықтан күкіртті сутектің құрамы судікімен ал сульфидтердікі металл оксидтеріне ұқсас. Бұдан кейін күкірттің оттегімен қосылу реакциясы қарастырылады. Оттегімен қосылғанда, күкірт теріс электрлі элемент ретінде қасиет көрсетеді. Оның оттегімен байланысы полюсті ковалентті байланыс. Бұл байланысты түзуге күкірттің 6 валенттілік электрондарының 4-і немесе барлығы да қатысады. Бірінші жағдайда $-\text{SO}_2$, екінші жағдайда $-\text{SO}_3$ түзіледі. Күкірт ауада көгілдір, ал таза оттегіде ашық-көк жалын шығара жанып, оттегімен оңай қосылады.

Күкірттің қасиеттерін өту барысында өздік жұмыстың маңызы зор екендігі аңғарылады:

- Мұғалімнің еңбек өнімділігі артады;
- Әр баланың жеке дамуына, мүмкіндігіне қарай оқуына жағдай жасалады;
- Пәнге қызығушылығы артады;
- Сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу, ұйымдастырушылық дағдылары артады;
- Оқушының дағды, зейін, т.б. тұлғалық қасиеттері дамиды;
- Оқушының психологиялық қауіпсіздігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім оқушылардың зертханалық жұмыстарды қалай жасағанын қадағалап бақылайды, олардың әр тобынан өзіне көмекшілер тағайындап алады. Оқушылардың жіберген қателері қолма-қол түзетіледі. Зертханалық жұмыстардың техникасы және жабдықтары онша күрделі болмайды, олардың уақыты келісімді және оқушылар бір мезгілде орындайды. Зертханалық жұмыстардың нәтижесі даярлық жұмыстарына тікелей байланысты. Мұғалім әр тәжірибенің қалай жасалатынын (жеке, топпен және жаппай) алдын ала анықтайды.

Әрбір зертханалық сабақта жүргізілетін жұмысты жоспарлау және олардың дер кезінде дұрыс орындалуын ұйымдастырып, бақылап отырып мынадай нәрселерге қол жеткізуді көздейді:

1. Оқушылардың өз бетімен дербес ойлау қабілетін арттыруды;
2. Әрбір оқушының жеке басының талантын ашуды;
3. Оқушылардың теориялық білімдерінің тереңдей түсуін арттыруды;
4. Эксперименттердің нәтижесінде қол жеткізген материалдарды теориялық тұрғыдан қорыта білуге үйретуді көздейді.

Әрбір зертханалық жұмыс кішігірім есеппен аяқталады. Ондағы негізгі көңіл аударылатын нәрсе мыналар болуға тиісті:

1. Есептің дұрыс құрастырылуы;
2. Эксперименттің нәтижесінде алынған материалдарды, ғылыми әдебиеттердегі материалдармен салыстыра отырып оқушылардың талдау жасай білуі;
3. Экспериментті жүргізу кезінде кеткен кемшіліктерді, әсіресе өлшеуге байланысты кеткен кемшіліктерді ескергендігіне көңіл аударылады.

Біздің ойымызша осы тұрғыдан ұйымдастырылған зертханалық сабақтар, оқушыларды өз бетінше дербес жұмыс істеуге жетелейді және олардың эксперименттік зерттеулерге ынтасының бірден бір артуын қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қойайдарова І. Инновациялық және эксперименттік жұмыстар. // Химия мектепте. – Алматы: Дәуір - №4. 2016 - 3-6 б.
2. Нұрахметов Н.Н. Алдибекова Г.Н. Университеттегі қазіргі химиялық зертхана сабағында атқарылатын студенттердің өздік жұмысының мәні мен әдістері. «Мектеп» баспасы. 2012.-224б.
3. Тантыбаева Б.С., Даутова З.С., Оразова С.С. Химияны оқыту әдістемесі (Оқулық) Қарағанды, 2024.
4. Жалпы білім беретін орта мектептің оқу үрдісінде алдыңғы технологияларды жетілдіру. // Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы: 2008. 131-134 бб.
5. Тұрғыналиева Б. Химиялық тәжірибелер - тиянақты білім көзі: Биология, география және химия. - Алматы: Кітап.- №5. 2009. - 21-24 беттер.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Солтанғалиева Г.М., магистр, Педагогика және арнайы
пәндер оқытушысы

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: soltangalieva@bk.ru

Аңдатпа. Жасанды интеллект (ЖИ) білім берудегі ең перспективалы зерттеу бағыттарының біріне айналды. Бұл мақала қазіргі білім беру мекемелеріндегі жасанды интеллект рөліне шолу жасайды және ЖИ оқу процесін жақсарту және білім беру тәжірибесін қалай байыта алатыны туралы түсінік береді.

Ақпаратты технологиялар қарыштап дамыған дәуірде оқытушы үшін мүмкіндіктер мен басымдықтарға ие болған жасанды интеллект білім алушылардың игілігі үшін жұмыс істеуге тиіс. Технологияның дамуына қарай оқытуда тұлғаның қабілетін, қажеттілігін, жеке дербес ерекшелігін ескеруді ұмытпағанымыз жөн. ЖИ көмегімен білім алушының болашағы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ете отырып, адам мен компьютердің артықшылықтарын біріктіру арқылы білім беруді тиімді етіп, ал оқытушының жұмысын шығармашылыққа айналдыруға болады. Бірақ жасанды интеллекті колледждерде қолдану тәжірибесі бізде әлі де жеткіліксіз.

Қазіргі таңда оқу процесінде жасанды интеллекті пайдаланудың болашағына қатысты оң көзқарастар қалыптасуда. Дегенмен оқытушылар қауымының бұл нейрожелінің алдындағы қорқынышы - белгісіздік. Жалпы жасанды интеллект адамзат игілігіне қызмет ету үшін не істеу керек? Осы орайда жасанды интеллекттің білім саласына пайдасы туралы жазуды жөн көрдік. Оның ішінде білім беру саласының дамуына қалай әсер етеді? Пайдасы мен зияны қандай? Жасанды интеллект инновация құралының елімізде дамуы қарқынды жүріп жатыр ма? Білім сапасын арттыруға көмектеседі ме?

Білім берудегі жасанды интеллект анықтамасы оқу процесін жақсарту және білім беру мүмкіндіктерін байыту үшін адамның интеллектіне еліктеп, арттыруға арналған технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалануды қамтиды. Білім берудегі жасанды интеллект әдетте келесі аспектілерді қамтиды:

Machine Learning: Бұл компьютерлік жүйелерге деректер мен тәжірибені талдау арқылы бейімделуге және жақсартуға мүмкіндік беретін ЖИ бөлімшесі. Білім беруде машиналық оқытуды әр оқушының қажеттіліктері мен оқу стиліне жауап беретін бейімделген оқыту платформаларын жасау үшін пайдалануға болады.

Нейрондық желілер: ЖИ-дегі нейрондық желілер мидың құрылымы мен қызметін модельдейді, жүйелерге үлгілерді тануға, мәтінді талдауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Білім беруде оларды дауысты, мәтінді және

кескінді тану үшін қосымшаларды жасау үшін, сондай-ақ жекелендірілген оқыту үшін пайдалануға болады.

Деректерді талдау: ЖИ үлгілер мен трендтерді анықтау үшін деректердің үлкен көлемін талдау жолдарын қамтиды. Білім беруде деректерді талдау оқушылардың үлгерімін бағалау, оқу қажеттіліктерін болжау және оқу бағдарламасын оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Робототехника және автоматтандыру: ЖИ пайдаланатын робототехника студенттерге ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) салаларындағы дағдыларды дамытуға көмектесетін білім беру роботтарын жасау сияқты білім беру мақсаттарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары: ЖИ ақпаратты, оқу материалдарын және тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы студенттерге оқу процесінде көмектесетін виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбаларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Жасанды интеллектке деген жалпы қызығушылықты түсіндіру қиын емес: бұл технология адамдарға әртүрлі процестерді, әсіресе көп еңбекті қажет ететін және жалықтыратын процестерді автоматтандыруға керемет мүмкіндіктер ашады. Біз шаршаған, кейінге қалдыратын немесе алаңдататын жерде құрылғы жүз пайыздық тиімділік пен жоғары дәлдікті көрсетуді жалғастырады. Жасанды интеллект білім беруде қалай қолданылуы мүмкін? Қазірдің өзінде көптеген мүмкіндіктер бар және олардың саны тек өсе береді - өздігінен білім алуға қабілетті бағдарламалар мен қызметтер адамдарға әртүрлі мәселелерді шешуге көмектеседі.

Әлемдік тәжірибеде жасанды интеллект адамдардың өмірін айтарлықтай өзгерткенін көптеген табысты IT-жобадан білеміз. Бір ғана мысал, Оңтүстік Кореяда роботтар білім алушыларға ағылшын тілін үйрете бастады. Интеллектуалды чат-бот қосымша білім алушылармен түрлі тақырыптар бойынша пікірталастар мен әңгімелерге қатысуға мүмкіндік береді. Бұл олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Жалпы білім саласында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануда АҚШ, Қытай, Сингапур жетекші елдер көш бастауда. Дегенмен басқа да көптеген ел бұл салада белсенділік танытып, білім беруді жақсартуға ұмтылуда. Қазақстандағы білім беру саласына жасанды интеллектіні ендіру қарқынды даму үстінде. Жасанды интеллект білім беру саласында күн сайын маңызды рөл атқарып, білім мен оқытуға деген көзқарасты түбегейлі өзгерте алатын перспективаларды ұсынуда.

Қазіргі тенденцияларды талдай отырып, жасанды интеллект әкімшілік тапсырмаларды автоматтандырып ғана қоймай, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын әрбір білім алушының, студенттің қабілетіне сай бейімделуін қамтамасыз етіп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жасайды деп айтуға болады. Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану арқылы үлкен деректерді талдай отырып, білім деңгейінің әлсіз жақтарын анықтап, оқытудың ең тиімді әдістерін ұсына алады.

Адамдардың қатысуынсыз, машиналар көрсететін интеллектке жасанды интеллект (ЖИ) ретінде анықтама беріледі. Адамдар немесе жануарлар көрсететін интеллект сана мен сезімге ие, ал одан өзгелерде мұндай атрибуттар жоқ. ЖИ терминін алғаш рет Джон McКарти 1955 жылы пайдаланған және ол оны «егер адам өзін осылай ұстаса, ақылға қонымды деп атауға болатындай машинаның өзін ұстау талабы», - деп айқындаған [1.38].

1950 жылы Алан Тьюринг есептеу машиналарының бір күндері адамдар сияқты ойлана алады деген пікірін жария етті. Ол болашақта автоматты машиналар адамдар ұтымды жасай алмайтын есептеулерді жүргізеді, - деп есептеді. Ойындар мен теоремаларды дәлелдеу - бұл компьютерлерді адамдар сияқты логикалық ойлануға бейімдеудің алғышарттары іспетті. Жасанды интеллект көбінесе проблемаларды шешу және оқыту сияқты адам ақылына байланысты когнитивтік функцияларды орындай алатын машиналарға жататындығын негіздейді [2.2].

Жасанды интеллект білім алушының қабілетіне қарай бағдарламаны бейімдеуге, әкімшілік тапсырмаларды автоматтандыруға, бағалауды жақсартуға және академиялық өнімділікті болжауға көмектеседі. Дегенмен, білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу белгілі бір қиындықтарды да тудырады. Олардың бірі - деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және жасанды интеллект алгоритмдерін пайдалану барысында этикалық дилеммаларды шешу қажеттілігі.

Негізгі мәселенің бірі - цифрлық теңсіздік. Бұл - өңірлер мен оқу орындары арасындағы ресурстардың айырмашылығы, яғни, жаңа технологиялармен қамтылмауы. Оқытушылардың кәсіби шеберлігі ескіріп, жаңа технологиялармен жұмыс істеу үшін қайта даярлау қажеттігі туындап отыр. Бұл деректермен және алгоритмдермен жұмыс істеу негіздерін білуді ғана емес, сонымен қатар, жасанды интеллект технологияларына байланысты ықтимал тәуекелдер мен шектеулерді түсінуді де қамтиды

Жасанды интеллект саласының қарқынды дамуына байланысты бұған дейінгі қабылданған шешімдерді бағамдап, мақсатқа қол жеткізу ықтималдығын барынша арттыра тындай шешім қабылдауға көмектесетін құрылғылардың атауы жасанды агент деп атала бастады. Уақыт өте келе адам интеллектісінің қатысуын талап ететін құрылғылар ЖИ қатарынан алынып, оларға ЖИ элементтері бар құрал атауы таңылды. Себебі олар орындайтын міндеттер арнайы шаблондармен атқарылатын дағдылы жұмысына айналды. Жетілдірілген машиналар адамның сөзін түсінуге және сол сұранысқа қарай жауап беруге қабілетті құрылғылар ЖИ түрінді іске асырыла бастады.

Зерттеушілер теңдеулерді шешуді, физика, математика, грамматика және тағыда басқа әртүрлі пәндерді оқыта алатындай тиімді зияткерлік оқыту жүйелерін (ITS) әзірлеуге қызығушылық танытуда. Оқытудың зияткерлік жүйесі төмендегідей кіріс деректерін талап етеді:

1. Аталған жүйе оқытылатын курсты, оқыту стратегиясын, дұрыс емес түсінік-тер және болуы мүмкін қателерді білуі және түсінуі тиіс.

2. Оқушылармен өзара іс-қимыл нәтижесінде жүйенің алған тәжірибесі болуы шарт. Ол тәжірибе мыналарды қамтиды: оқушылардың қателіктерінің «ноу-хауы», оқушылардың білім алу барысында жұмсаған күш-жігері, ынтасы және олар туралы жалпы ақпараты.

3. Оқушылардың табысқа жетуі үшін қажетті әрбір тақырыптың артықшылықтары мен басымдықтары, сондай-ақ оны пайдалану құны - білім беру бағдарламасын құру кезінде ескерілуі тиіс маңызды аспектілер.

4. Оқушының оқу процесіндегі әрекеттерін және оның тестілеуінің нәтижелерін зерделеу. Зияткерлік оқыту жүйесінің нәтижелеріне жатқызылатын мәлімет-тер: ұсынылған ақпарат/материал, берілген сұрақтарға жауаптар, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған талап етілетін тест және есептер болып табылады. ITS дизайны төрт кезеңнен тұрады: қажеттіліктерді бағалау, когнитивтік міндеттерді талдау және саралау, тьюторды іске асыру мен бағалау [4. 3].

Жаһандық статистика жасанды интеллекттің білімге оң әсерін тигізгенін байқатады. Мысалы, McKinsey консалтингтік компаниясының бағалауы бойынша, ЖИ технологияларын енгізу есебіне сүйенсек, әлемдік білім беру индустриясының кірісінің өсуі алдағы үш жылда 4%-ға дейін жетуі мүмкін. Зерттеу, сонымен қатар, генеративті жасанды интеллект білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын арттыра алатынын көрсетті.

Жалпы, ЖИ Қазақстанның білім беру жүйесіндегі сапалы өзгерістердің катализаторы болу әлеуеті бар, яғни, білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын, бейімділік пен шығармашылықты дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне дайын анағұрлым инновациялық экономика мен қоғамды құруға көмектеседі. Дегенмен, межелі мақсаттарға қол жеткізу үшін технологиялық инновациялардың, білікті мамандардың және оқу процесінде ЖИ пайдалануды реттейтін нақты этикалық негіздің үйлесімі қажет.

TechAI – бұл білім беру саласындағы оқыту мен бағалау процесінде төңкеріс жасайтын жасанды интеллектке негізделген қуатты құрал. Бұл құрал колледждерде әртүрлі таңдау сұрақтарын, бос орындарды толтыру тапсырмаларын, жоғары деңгейлі сұрақтарды және «Блум таксономиясы» сынақтарын қоса алғанда, әртүрлі бағалау түрлерін жылдам және оңай жасауға мүмкіндік береді. TechAI көмегімен оқытушылар кез-келген мәтінді бір рет басу арқылы викторинаға айналдыра алады, сонымен бірге, оларды экспорттамас бұрын жасалған материалдарды өңдеуге және өзгертуге мүмкіндік алады. TechAI интеграцияланған әзірлеу құралы, бұл бағдарлама қайталаудан және монотондылықтан аулақ бола отырып, бірнеше секунд ішінде жұмыс парақтарын жасауға мүмкіндік береді, – дейді информатика ПБ жетекшісі, Талап тренері Айша Қасенова.

Бұл платформа мұғалім мен оқушының уақытын айтарлықтай үнемдейді дейді. Сонда қалай дерсіз?

- ең бірінші артықшылығы, бұл – мұғалімдердің уақыт үнемдеуі. TechAI мұғалімдерге сабақ жоспарын құруға, жобаларды табуға және басқа да көптеген тапсырманы санаулы секундтарда орындауға мүмкіндік беру арқылы оқу

тапсырмаларын айтарлықтай жеңілдетеді, бұл күніне орта есеппен 2,5 сағатты үнемдейді;

- екіншісі, платформа проблемалық мінез-құлықты басқарудың тиімді стратегияларын ұсынады, сонымен қатар сынып пен үйде оқытуды жақсартуға арналған кеңестер мен амалдарды ұсынады;

- үшіншіден, TechAI білім алушылармен кері байланыс беру процесін жеңілдетеді, олардың мотивациясы мен жетістігін ынталандыру әдістерін ұсынады. Сонымен қатар оқытушылар бірден сабақ жоспарларын, мақалаларды, ақпараттық бюллетеньдерді және олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін басқа оқу мазмұнын жасай алады.

Жалпы, жасанды интеллект білім беруде өте пайдалы, өйткені, ЖИ әрбір білім алушының қабілеті мен стиліне сай оқуға көмектесе отырып, қолдау көрсетеді. Сондай-ақ оқытушылардың жүктемесін азайту арқылы күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға және білім алушылардың үлгерімі туралы нақты мәлімет беруге қабілетті.

Жасанды интеллект білім алушылардың түрлі қажеттіліктеріне сай оқу материалдарын бейімдей алады, бұл білім беруді одан сайын қолжетімді және тиімді етеді. Арнайы платформалар мен жасанды интеллект жүйелерін оқыту әдістерімен ұштастыра отырып, оқытуда жасанды интеллект енгізудегі платформаның мүмкіндіктерін кеңейту арқылы зерттеу жұмыстарын жалғастыру оң нәтижесін береді деген ойдамыз. Демек, жасанды интеллект Қазақстанның білім беру жүйесін түбегейлі өзгерте алатын, оны икемді, тиімді және қолжетімді ете алатын қуатты құрал. Дегенмен бұл әлеуетті жүзеге асыру үшін ЖИ білім беру саласына енгізудің технологиялық және әлеуметтік аспектілерін де ескеретін кешенді стратегияларды әзірлеу қажет. Ол алдағы күннің өзекті мәселесі болмақ.

Жасанды интеллектіні дамыту тек озық технологияларды ғана емес, ғалымдардың, инженерлердің және басқа да мамандардың ынтымақтастығын қажет етеді. Адамның интеллектісі мен жасанды интеллектінің интеграциясы ең пайдалы және инновациялық нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан зерттеуді жалғастыру және оны қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес дамыту маңызды, ол біздің өмірімізді жақсартудың пайдалы құралына айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Смит, Дж. (2020). «Жасанды интеллекттің білімге әсері». Білім беру технологиясы журналы, 25(3), 123-136.

2. Джонсон, А. (2019). «ЖИ негізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.

3. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.

4. Білім беру ЖИ консорциумы. (2021). «Білім берудегі ЖИ: үздік тәжірибелер мен нұсқаулар».

5. Ұлттық білім беру зерттеулері орталығы. (2017). «Оқытудың болашағы: ЖИ және білім». Зерттеу есебі, 42.

ӘОЖ 54:37.091.3

ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ДАМУҒА ӘСЕРІ

Тажуова Б.С., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Тантабаева Б.С., п.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: balnurtazhuova@mail.ru

Химия пәні орта мектепте оқушылардың табиғат пен ғылымға деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ олардың аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Шығармашылық тапсырмалар бұл үдерісті жеделдетіп, оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада химия сабағында шығармашылық тапсырмалардың оқушылардың логикалық ойлау қабілетіне қалай әсер ететіні қарастырылады.

Химияда шығармашылық тапсырмаларды қолдану — білім беру процесін қызықты әрі тиімді студенттің тамаша жолы. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларды теориялық білімдерін практикада қолдануға ынталандырады.

Шығармашылық тапсырмалар оқушыларды тек ақпарат қабылдаушылар ретінде емес, белсенді зерттеушілер ретінде тәрбиелейді. Олар топтық жобалар, эксперименттер немесе презентациялар түрінде болуы мүмкін. Бұл оқушылардың командада жұмыс істеу, пікір алмасу, идеяларды жүзеге асыру сияқты дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалар креативті ойлауды ынталандырады. Оқушылар өз идеяларын жүзеге асырып, химиялық процестерді жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік алады. Бұл, өз кезегінде, ғылыми зерттеулерге деген ынтаны арттырады.

Және айта кетсек, шығармашылық тапсырмалар оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға да ықпал етеді. Олардың шешім қабылдау қабілеттері мен жауапкершіліктері артады, бұл болашақта жеке және кәсіби өмірінде пайдалы болады.

Жалпы, химия сабағында шығармашылық тапсырмаларды қолдану — оқушылардың жан-жақты дамуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға және практикалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың белсенді түрде ақпаратты меңгеруін талап етеді. Олар әдетте стандартты әдістерден тыс шешімдерді іздеуді, жаңа идеяларды қарастыруды және күрделі мәселелерді шешуді қамтиды.

Бұл тапсырмалар:

1. Аналитикалық дағдыларды дамыту: Оқушылар мәселені жан-жақты зерттеп, әр түрлі көзқарастардан қарауға мүмкіндік алады.

2. Сыни ойлауды күшейту: Шығармашылық тапсырмалар оқушыларды стандартты шешімдерден тыс ізденуге, сыни көзқараспен қарауға үйретеді.

3. Инновациялық шешімдерді табу: Оқушылар жаңа идеяларды іске асыру және инновациялық шешімдерді табу мүмкіндігіне ие болады.

Шығармашылық тапсырмалардың логикалық ойлауға әсері кең ауқымды аспектілерді қамтиды:

1. Себеп-салдар байланыстарын түсіну: Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға химиялық процестердің себеп-салдар байланыстарын тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, химиялық реакциялардың нәтижелерін болжау үшін оқушылардың белгілі бір теориялық білімдерді қолдануы қажет.

2. Проблемаларды шешу дағдыларын дамыту: Тапсырмалар оқушыларды күрделі мәселелерді шешуге ынталандырады. Мысалы, жаңа химиялық қосылыстарды синтездеу немесе тәжірибелер жүргізу кезінде оқушылар әртүрлі шешімдер мен әдістерді қарастырып, логикалық негізде шешім қабылдайды.

3. Сыни бағалау: Шығармашылық тапсырмалар оқушыларды алынған нәтижелерді сын көзбен қарауға, эксперименттердің дәлдігін бағалауға үйретеді. Бұл олардың логикалық ойлау қабілетін нығайтады, өйткені олар тек эксперименттік деректерді жинап қана қоймай, оларды талдайды және бағалайды.

Шығармашылық тапсырмалардың практикалық мысалдарына мынадай жұмыстар кіреді:

1. Жобалық жұмыстар: Оқушылар химиялық заттарды зерттеу немесе жаңа химиялық модельдерді жасау сияқты жобаларды орындау арқылы теориялық білімдерін практикада қолданады. Химиялық жобалық жұмыстарда шығармашылық тапсырмалардың рөлі зор. Олар білім алушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға, өздерінің шығармашылық әлеуеттерін көрсетуге және пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу дағдыларын дамыту: Шығармашылық тапсырмалар оқушыларды деректерді жинауға, талдауға және қорытынды жасауға үйретеді. Бұл зерттеушілік қабілеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді.

✓ Креативтілік: Жобалық жұмыстар кезінде оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеті дамиды. Олар жаңа идеялар мен шешімдерді ойлап тауып, эксперименттер мен модельдер құра алады.

✓ Топпен жұмыс істеу: Көптеген жобалар топпен орындалатындықтан, оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл командалық тиімді жұмыс істеуге үйретеді.

✓ Мәселелерді шешу: Шығармашылық тапсырмалар нақты мәселелерді анықтап, оларды шешуге бағытталады. Оқушылар бұл процесте аналитикалық ойлау дағдыларын жетілдіреді.

✓ Білімді тереңдету: Жобалық жұмыстар арқылы оқушылар теориялық білімдерін практикалық контексте қолдануға үйренеді, бұл олардың пәнді терең түсінуіне ықпал етеді.

✓ Коммуникациялық дағдылар: Жобаларды қорғау және нәтижелерді ұсыну кезінде оқушылар өз ойларын жеткізу, аудиториямен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

✓ Кәсіби дағдылар: Химиялық жобалар арқылы оқушылар ғылыми зерттеулер жүргізу, есептеу, тәжірибе жасау сияқты кәсіби дағдыларды меңгереді, бұл болашақта олардың мансаптық жолында пайдалы болады.

2. Тәжірибелер: Өздері жасаған тәжірибелердің нәтижелерін талдау және интерпретациялау оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамытады. Химиялық тәжірибе жасауда шығармашылық тапсырмалардың рөлі ерекше маңызды. Олар оқушылардың ғылыми ойлауын, креативтілігін және практикалық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Міне, олардың басты рөлдері:

✓ Теорияны практикамен байланыстыру: Шығармашылық тапсырмалар тәжірибелерді әзірлеу кезінде теориялық білімдерді қолдануға мүмкіндік береді, бұл білімнің тереңдігін арттырады.

✓ Зерттеу дағдыларын дамыту: Оқушылар эксперименттер жүргізу барысында гипотезаларды қалыптастырып, нәтижелерді бағалап, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді.

✓ Креативтілік: Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар өз идеяларын жүзеге асырып, жаңа тәжірибелер мен әдістер ойлап табуға ынталандырылады.

✓ Проблемаларды шешу: Тәжірибе жасау барысында туындайтын қиындықтарды шешу оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді.

✓ Қызығушылықты арттыру: Қызықты және шығармашылық тұрғыдан дайындалған тәжірибелер оқушылардың химияға деген қызығушылығын арттырады, оларды зерттеуге итермелейді.

✓ Нәтижелерді презентациялау: Оқушылар тәжірибеден алынған нәтижелерді қорғап, түсіндіру барысында коммуникациялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Осылайша, химиялық тәжірибелерде шығармашылық тапсырмалардың рөлі оқушылардың ғылыми білімдерін тереңдетуге, дағдыларын дамытуға және пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді.

3. Химиялық модельдер жасау: Химиялық реакциялардың визуализациясы оқушыларға күрделі концепцияларды түсінуге көмектеседі. Химия сабағында модельдер жасауда шығармашылық тапсырмалардың рөлі өте маңызды. Модельдер оқушыларға күрделі химиялық концепцияларды визуализациялауға, түсінуге және қолдануға көмектеседі. Міне, олардың басты рөлдері:

✓ Көрнекілік: Модельдер химиялық құрылымдарды, реакцияларды және процестерді визуалды түрде көрсету арқылы оқушыларға абстрактылы концепцияларды нақтылап, оларды жеңілдетеді.

✓ Теория мен практика байланысы: Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға теориялық білімдерін практикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді, бұл олардың пәнді терең түсінуіне ықпал етеді.

✓ Креативтілікті дамыту: Оқушылар өз модельдерін жасау барысында креативті ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Олар заттардың құрылымдарын, реакция механизмдерін өз қиялымен құрастырады.

✓ Мәселелерді шешу: Модель жасау барысында оқушылар түрлі проблемаларды шешу үшін эксперименттер жүргізу немесе альтернативті тәсілдерді қарастыру қажеттігін сезінеді, бұл аналитикалық ойлауды арттырады.

✓ Топтық ынтымақтастық: Модельдер топтық жобалар ретінде жасалғанда, оқушылар бір-бірімен идея алмасып, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

✓ Коммуникациялық дағдылар: Модельдерді қорғау және түсіндіру кезінде оқушылар өз идеяларын жеткізу, пікірталас жүргізу дағдыларын жетілдіреді.

✓ Зерттеу дағдыларын дамыту: Модель жасау процесі оқушыларды зерттеу, эксперимент жүргізу және қорытынды жасауға ынталандырады, бұл ғылыми ойлауды нығайтады.

✓ Инновация: Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар жаңа материалдар мен әдістерді қолдануға, инновациялық шешімдер ұсынуға ынталандырылады. Осылайша, химия сабағында модельдер жасауда шығармашылық тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білімдерін тереңдетуге, креативтілігін дамытуға және практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Артықшылықтары:

• Оқу мотивациясын арттыру: Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

• Логикалық ойлауды дамыту: Әртүрлі тапсырмалар оқушылардың логикалық және сыни ойлау қабілеттерін жақсартады.

Қиындықтары:

• Оқу жоспарларын өзгерту қажеттілігі: Жаңа әдістемелерді енгізу үшін оқу жоспарларын бейімдеу қажет.

• Ресурстық шектеулер: Құралдар мен материалдардың жетіспеушілігі мәселесін шешу қажет.

Орта мектепте химия сабағында шығармашылық тапсырмаларды қолдану оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар тек теориялық білімді тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар практикалық дағдыларды жетілдіреді. Шығармашылық тапсырмалар оқушыларды белсенді әрекетке, сыни көзқарасқа және инновациялық шешімдер табуға ынталандырады, бұл өз кезегінде олардың жалпы логикалық дамуын қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тантыбаева Б.С., Даутова З.С. Оразова С.С., Шаихова Б.К. Химияны

оқыту әдістемесі.- Оқулық.- Өскемен:«Берел», 2021.

2. Құрманова Ж.С. Оқушының шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы жеке тұлға қалыптастыру жолдары, Өскемен 2014 ж.

3. Рысбекова А. Танымдық қабілетті арттыру шарттары / А. Рысбекова // Қазақстан мектебі: 2014. №1. - 15 б.

4. Тантыбаева Б. С. Химиядан есеп шығарып үйренеміз: Оқу құралы / Б. С. Тантыбаева, З. С. Даутова, Б.К.Шаихова - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы; 2021. - 117 бет.

5. Усманова М.Б, Сақариянова К.Н. Химиядан сандық есептер шығару әдістемесі. / Алматы, Атамұра. – 2004 ж. - 149 бет.

6. Ә.Е.Темірболатова. «Химия» есептер мен жаттығулар жинағы. Алматы, 2014ж. - 109 бет.

ӘОЖ - 373:004.8

STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Талғатбекова С.Т.

Солтанғалиева Г.М., магистр, «Педагогика және арнайы пәндер»
оқытушысы

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: sagynysh850@gmail.com

Аңдатпа. Мектепте STEAM технологиясымен оқыту - қазіргі заманғы жаңартылған оқыту бағдарламасы аясында білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Кілт сөздер: STEAM технология, сабақтастық, пәнаралық байланыс, тілдік қолданыс, негізгі бірліктер, ұлттық өлшем бірліктер, ұлттық құндылықтар.

Тақырыптың өзектілігі: математикалық есептер мен қоғамдық-әлеуметтік өмірде жиі кездесетін тілдік қолданыстағы қосымша бірліктерді негізгі бірліктерге айналдыру, ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүрлерімізді жас ұрпақ бойына сіңіре отырып, ұлттық өлшем бірліктердің мәнін дұрыс қолдана білу, бастауыш сыныпта оқу пәндері бойынша бағдарлама аясында ұсынылған тақырыптар материалдарын ұштастырып, ұтымды пайдалану негізінде сапалы білім беру.

Тақырыпты саралаудағы **басты мақсат** – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды кіріктіру арқылы STEM оқытудың біріктірілген тәсілі көмегімен ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу арқылы бастауыш сыныпта пәндерді кіріктіру негізінде математикалық өлшем бірліктер жүйесін және олардың мәндерін жеңіл есте сақтаудың жолдарын ұсыну, танымдық білімді тұрмыстық өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

Зерттеудің жаңашалдығы дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда, STEM тәсілі орта мектепте балаларды тәжірибе жасауға итермелейді, модельдерді жобалау арқылы заманауи бейнежазбалар жасау, өз идеяларын жүзеге асыратын соңғы өнімді ұсыну болып табылатындықтан бұл білім беру тәсілі балаларға теория мен тәжірибелік дағдыларды тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді және ЖОО-на түсуді және одан әрі оқуды жеңілдетеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кеңжақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмысы жалғастырылады. Мектептер химия, биология, физика пәндері кабинеттері-мен, STEM-кабинеттермен жарақтандырылады – деп атап көрсетілген. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды [1. 3].

Бүгінгі күні STEM - білім беру негізгі әлемдік трендтердің бірі ретінде барлық бес бағытты оқытудың бірыңғай сызбасын дамыту мен пәнаралық және қолданбалы тәсілдемені қолдануға негізделген. Мұндай оқытудың міндетті шарты болып, оның балалардың жұмыс топтарында үздіксіз оқыту мен өзара әрекеттесуі болып табылады. Мұнда олар ойларын жинақтап, пікір алмаса алады. Сондықтан абстрактілі және логикалық ойлауын дамыту үшін сандық технологиялар модульдері қажет.

Балалардың тәжірибелі экспериментальды қызметі мен балалардың зерттеу қызметі негізгі білім беру бағдарламасына енеді. STEM - бұл Science, Technology, Engineering және Mathematics пәндеріне көп көңіл бөлетін оқу бағдарламасы. STEAM-оқыту оқушыларды ақпараттық қоғамда өмірге дайындауға бағытталған. Оның оқытудағы артықшылықтары:

- пән бойынша емес, тақырыптар бойынша кіріктіре оқыту;
- ғылыми-техникалық білімді нақты өмірде қолдану;
- сын тұрғысынан ойлау және мәселелерді шеше білу дағдыларын дамыту;
- өз күшіне сенімін арттыру;
- белсенді коммуникация және топтық жұмыс;
- техникалық пәндерге деген қызығушылықты арттыру;
- жобаларға креативті және инновациялық қадам.

Міне осындай оқушылардың білімдері қолданбалы сипатқа ие болатын пәндер аясындағы тақырыптық сабақтар, факультативтік үйірмелер мен сыныптан тыс сабақтар олардың күнделікті сабақтан алып жүрген теориялық білімдерін сақтап, дамытуы үшін өте жақсы көмектесетініне көз жеткіздім.

Қазіргі таңда заманауи жетілдірілген орта білім беретін мектептердің білім беру жүйесінде «Неге үйрету? Неде үйрету? Қалай үйрету?» триадасы өзекті. Осы триадада оқыту құралдары мұғалімнің үрдісті үйлестіру басшылығымен

оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыруын қағида тұрғысынан қайта құру болып табылады. Егер оқыту құралдары мен оқу жабдықтары:

- білім берудегі стратегиялық өзгерістерге;
- дұрыс әдістемелік қамтамасыз етуімен енгізілсе;
- мұғалімдердің тиісті оқытуымен ілесіп жүрсе және оқыту нәтижелерін анықтай алады.

